• Международный информационный научно-методический журнал • International Information scientific and methodological Journal • Халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы

JARQYN BOLASHAQ

№8(19) (2026 ж. Тамыз/Август 2026 г.)



- Международный информационный научно-методический журнал
- International Information scientific and methodological Journal

JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY

- Халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы

«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY» халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының **№8(19) (2026 ж. тамыз) шығарылымы.**
Выпуск №8(19) (Август 2026 г.) международного информационного научно-методического журнала «JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY».
Issue No. 8(19) (August 2026) of the international informational scientific and methodological journal "JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY".

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:
білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық, педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату бойынша материалдар жариялау.

«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY» Халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы Астана қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті 2024 жылғы 17 шілдедегі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ 01VPY00097011 берілген.
Таралу аумағы: Халықаралық, алыс және жақын шет елдер
«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY» журналы айына 4 рет жарық көреді.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY» ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.

The publication periodicity is 4 times a month.

CERTIFICATE
about registration No. KZ 01VPY00097011

Issued by the Information Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic Kazakhstan

THEMATIC DIRECTION:
publication of materials on the dissemination of educational, methodological, scientific, practical, informational, analytical, pedagogical innovative experience in the field of education.

EDITORIAL BOARD
Editor-in-chief: Bayandy Yerlan
Duissenbekova B. N. - Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Karaganda Medical University
Duzbaeva N. M. - Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Karaganda University named after Academician E. A. Buketov
Kaskarbaev B. B. -Master teacher
Kaskabayeva F. S.-teacher-master
Yesenova Sh.B.-teacher-researcher
Imanbek A. O.-Master of Natural Sciences
Alshynov A. A.-Master of Natural Sciences
Proofreader: Kakish Merey Yertaevna
Executive Secretary:
Esbergenov Aydin Ardakovich

The authors are responsible for the accuracy of the materials. The editorial board reserves the right to reject the materials.

Периодичность издания — 4 раза в месяц.

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет № KZ 01VPY00097011

Выдано Комитетом информации Министерства Культуры и информации Республики Казахстан

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:
публикация материалов по распространению учебно-методического, научно-практического, информационно-аналитического, педагогического инновационного опыта в области образования.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
Главный редактор: Баянды Ерлан
Дуйсенбекова Б. Н. - кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, медицинский университет Караганды
Дузбаева Н. М. - кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова
Каскарбаева Б. Б.-педагог-мастер
Каскабаева Ф. С.-педагог-мастер
Есенова Ш. Б.-педагог-исследователь
Иманбек А. О.-магистр естественных наук
Алшынов А. А.-магистр естественных наук
Корректор: Какиш Мерей Ертаевна
Ответственный секретарь:
Есбергенов Айдын Ардакович

Ответственность за достоверность материалов несут авторы. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

С правилами для авторов информационного научно-методического журнала "JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY" вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.
You can familiarize yourself with the rules for authors of the information scientific and methodological journal "JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY" by scanning the QR code.

АЛҒЫ СӨЗ


Мектепке дейінгі білім беру – баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы әрі ең маңызды сатысы. Бүгінгі білім беру кеңістігінде педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен озық іс-тәжірибесін зерделеу, жинақтау және тарату білім сапасын арттырудың негізгі тетіктерінің біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, «Құндылықтан құзыреттілікке: мектепке дейінгі білім берудің жаңа бағыты» атты Райымбек ауданының Құзыреттілік орталығы ұсынған мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің озық іс-тәжірибелер жинағы – аудан педагогтерінің шығармашылық ізденісі мен кәсіби шеберлігінің нәтижесін айқындайтын маңызды әдістемелік еңбек.

Жинаққа мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің тәрбие мен оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бала бойына дарытуға бағытталған тиімді педагогикалық тәжірибелері, инновациялық жобалары мен авторлық әзірлемелері енгізілді. Ұсынылған материалдар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, әдістемелік жұмыстың сапасын жетілдіруге және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Райымбек ауданы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар арасынан "Таугул" бөбекжай-балабақшасы құзіреттілік орталық болып бекітіліп,қазіргі таңда өз жұмысын жүйелі түрде жүргізуде. Осы құзыреттілік орталықтың басты міндеттерінің бірі – педагогтердің үздік тәжірибесін анықтау, жүйелеу, жинақтау және кеңінен тарату арқылы мектепке дейінгі білім беру сапасын жетілдіруге ықпал ету. Осы жинақтағы материалдар аудан педагогтерінің кәсіби әлеуетін айқындап, озық тәжірибені насихаттау мен тәжірибе алмасудың тиімді құралы болып табылады.

Бұл жинақ мектепке дейінгі ұйым басшыларына, әдіскерлерге, тәрбиешілерге және мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагогтерге тәжірибелік әрі әдістемелік көмек көрсететін құнды құрал болады деп есептейміз.

Жинаққа өз іс-тәжірибелерін ұсынып, білім беру саласының дамуына үлес қосқан барлық педагогтерге ризашылығымызды білдіреміз. Әріптестерімізге шығармашылық ізденіс, кәсіби табыс, тың бастамалар мен толағай жетістіктер тілейміз.



Құрметпен
Райымбек аудандық білім бөлімінің
мектепке дейінгі ұйымдарға жауапты әдіскері
Сыгаева Асель Бактыбаевна

Мазмұны / Содержание / Contents

Джармухамбетова А.Т. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ТӘРБИЕ МЕН ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ 7
Ускембаева Г.К. «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС ЖАҒДАЙЛАРЫН БАСҚАРУ»....9
Каукабаева С.Д. БАЛАНЫҢ МУЗЫКА ӘЛЕМІНДЕГІ ТЫНЫС ТІРШІЛІГІН КЕҢЕЙТУ....12
Койшиева С.Ж. «ТҮРЛІ ТҮСТІ ДОПТАР» СЕНСОРЛЫҚ ОЙЫНЫ....14
Берикбаева М.Ж. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ....16
Алпарова Ж.Д. «ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНЕ САЯХАТ»....18
Досымбаева А.Н. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНДЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ 20
Байбатша С.Қ. АСЫҒЫМЫЗ АЛШЫСЫНАН ТҮССІН 22
Жакуанова Т.Ж. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫ....23
Кокенова Б.Ж. «ТАЗА АУЛА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» 26
Салимжанова А.Н. «ҒАЖАЙЫПТАР ЗЕРТХАНАСЫ» 27
Мусабек Қ.Б. «КӨҢІЛДІ ПОЙЫЗ» 31
Берикбаева Г.Н. «ГИДРОПОНИКА – ӨСІМДІК ТОПЫРАҚСЫЗ ӨСЕ АЛА МА?»....33
Мамыхова Ү.К. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ....35
Конаева К.У. КВЕСТ ОЙЫНЫ: «МАТЕМАТИКА ПАТШАЛЫҒЫН ҚҰТҚАРАЙЫҚ!»....36
Сембекова Г.А. «СУ МЕН ЖАРЫҚТЫ ҮНЕМДЕЙІК!»....38
Мукажанова Б.Т. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА «БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫН ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ 40
Манькеева М.Е. «ТАБИҒАТТАҒЫ СУ АЙНАЛЫМЫ»....41
Достаева А.С. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ....43
Узбекова А.Т. «ҚУЫРШАҚҚА КӨМЕКТЕСЕЙІК» 45
Сәрсебек Ә.Е. «АТА-АНАМЕН ТИІМДІ СЕРІКТЕСТІК – САПАЛЫ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ»....47
Оразова Ш.Е. БАЛАБАҚШАНЫ БАСҚАРУ: ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІК, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ АДАМИ КАПИТАЛ 49
Карабалина Г.А. ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛАБАҚШАДАҒЫ МАҢЫЗЫ..51
Байканова И.К. «БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ» 52
Есенова М.И. «ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПІШІНДЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ»....54
Қоңқабай Г.З. «ҚҰСТАР-БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ» 57
Чаргинбаева С.Т. ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БІЛЕМІЗ! 59
Кенжеева Ж.Ж. ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ» 61
Суйндикова Ш.С. «СИҚЫРЛЫ СЕБЕТ» (МОНТЕССОРИ ЭЛЕМЕНТТЕРІМЕН) 63
Әлмахын Д.Ә. ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ 64
Кыргызбаева А.С. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – БОЛАШАҚТЫҢ ТІРЕГІ....67
Молдашова А.М. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ – ӨРІСІНІҢ ДАМУЫНА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ӘСЕРІ....68
Смагулова Р.Т. «ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР» 70

Дуанбекова М.Ж. «ҚАЗАҚ ҮЙ ЖАБДЫҚТАРЫН ТОЛЫҚТЫРУ».....72
Тыныбекова М.С. «ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАР».....75
Малдыбаева Э.К. «АҚЫЛДЫ ҚЫЛҚАЛАМ».....76
Қалисынова Н.С. «ОТАНЫМ МЕНІҢ-ҚАЗАҚСТАН!» 82
Тынаева Л.А. «БЕС КЕНЕЙ» ОЙЫНЫ.....85
Кошкенова Л.Т. СУ-ТІРШІЛІК КӨЗІ.....87
Оңал Э.А. «АҚЫЛДЫ АУЫЛ – ҚАУІПСІЗ ӘРІ ТАЗА ОРТА» 90
Тустикбаева Ж.Н. "ҒАЖАЙЫП БІЛІМ ӘЛЕМІНЕ" САЯХАТ 94
Супиева С.А. БАЛАЛАРДАҒЫ СӨЙЛЕУ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ.....101
Жумадилова Ш.Н. «ПІШІНДЕР ӘЛЕМІ».....102
Байсакалова Г.Қ. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ 104
Ахметкалиева Н.Б. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ТІЛ ДАМЫТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....105
Жакупакынова Ж.К. ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – КЕЛЕШЕК ҚОҒАМ ТӘРБИЕСІ ...107
Туйлебаева А.У. ТӘРБИЕШІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ТӘРБИЕЛЕУШІ.....109
Орманова Г.Х. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІ ҚОЛ ЕҢБЕГІНЕ БАУЛУ.....110
Орманова К.Х. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ: БАЛАЛАРДА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....112
Маркабаева М.С. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ЛОГОПЕДТІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....114
Сулайманова А.Н. БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ 116

Джармухамбетова Адепкан Турсуновна
Меңгеруші, басшы-ұйымдастырушы
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ТӘРБИЕ МЕН ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Ел боламын десең бесігіңді түзе» -деген ғұламалық сөзі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру стратегиясы мектеп жасына дейінгі балаларды жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптастыру мәселелерінің ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, қабылданған еді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қадағалауды ұйымдастырып, педагогикалық кадрларға қойылатын талаптар мен олардың біліктілігін арттырып және қайта даярлап, бала дамуының деңгейін жүйелі бағалауды қамтамасыз етіп отыр. Сондай-ақ, мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары мен мектеп алды даярлық топтарында педагогикалық процесті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерді пайдалануда. Бұл өз деңгейінде білім беру мазмұнын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Балабақша қашанда дені сау, зерек те зерделі ұрпақ өсіруге үлес қосып келеміз. Бала дамуының әрбір кезеңінде әлеуметтік ахуалды іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз етіп; бірыңғай білім беру кеңістігі сақталып келеді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары және бастауыш мектеп арасында сабақтастық қалыптасқан.

Отбасы, шаңырақтағы тәрбие де ұмыт қалмауы тиіс. Отбасында және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында баланың дамуындағы психологиялық-педагогикалық негіз қаланады. Осылайша, отбасы, әлеуметтік орта бірігуі нәтижесінде бала тәрбиесі мен әрі қарай жақсы оқушы болуына үлес қосамыз. Бізден берілетін тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет.біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі-білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру.

Себебі, еліміздің ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан да, қазіргі кезде болып жатқан тарихи-әлеуметтік өзгерістер жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, тәрбиеленуіне жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Сондықтан, бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Балаға тәрбиені өзінің шамасына,жаратылысына қарай беру керек. Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақалды айта келе, бөбекжайымыздың барша педагогтары бала санасына ұлттық салт дәстүрді дәріптеуде.

Бала - болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта – ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет - қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс – тәсілдер енгізіліп жатқаны белгілі. Бұл ең алдымен, жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына бағытталып отыр. Сондықтанда өскелең ұрпақтың болашағын жарқын етіп, өміріне жолдама алуға жағдай жасағысы келсе кез келген тәрбиеші мен педагог ізденісті тоқтатпай, кәсіби шеберлік пен білім деңгейін арттыра түссе толық нәтижеге жететінін анық айтамын.

Ұлы ғұламалардың еңбектеріне де бала тәрбиесі арқау болды.Әл-Фараби жас ұрпаққа және жеке адамдарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін, ұстаздық жасайтын адамдарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) - "мәңгі нұрдың қызметшісі". Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі" - деген Фараби. Орта Азия ғұламасы Фарабидің шәкірті, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы Ибн Сина: "Фарабидің тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. Өйткені, еңбек сүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіде пайда келтіретін еңбекпенен айналысқанда ғана, нағыз ел адамы бола алады - деген өмірлік өсиет қалдырып кетті", - деп көрсетті.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершлік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте – еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т.б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және тағы да басқа. Ұжымда тәрбиелеу мәселесінің өзіндік маңызы зор. Балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, өзі құралпы балаларды қадір тұту және сыйлау. Осылайша бала бойында мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, айналасындағы үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Қарапайым әдеттерге тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді. Яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан - дүниесін, оның қарапайым адамгершілік ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана - сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат

беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық, – деп атап көрсеткен.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасаудың маңызы зор. Педагог кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін түсіну қажет. Сондықтанда өскелең ұрпақтың болашағын жарқын етіп, өміріне жолдама алуға жағдай жасағысы келсе ізденісті тоқтатпай, кәсіби шеберлік пен білім деңгейін арттыра түссе толық нәтижеге жететінін анық айтамын. Біздің мақсатымыз айқын. Барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп жан-жақты қалыптастыру. Бұл ретте, педагогтердің мектепке дейінгі білім беруде жаңа технологияларды игеру-бала тұлғаның табысты дамуының кепілі.

Біз ұрпақтың ибалы да жігерлі, зерделі де зерек болып өсуіне өзіндік баспалдақ саналатын тәрбие ошағында қызмет жасап келеміз. Осы саладағы әрбір жаңашылдық бала тәрбиесіндегі өзіндік леп берсін.

Ускембаева Гулмира Канатовна
Әдіскер, педагог-модератор, аудандық мобильді топ мүшесі
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС ЖАҒДАЙЛАРЫН БАСҚАРУ»

(Тренинг)

1. Бейнематериялдарды көріп келесі сұрақтарға жауап беріңіз (Бейнематериял)
а) Балабақшадағы қатігездік көріністердің себебі неде деп ойлайсыздар?
б) Сіздің балабақшаңызда осындай жағдайлар болды ма?
в) Сіз бұндай жағдайда қалай шештіңіз ?
2. Топтық жұмыс. «Мектепке дейінгі ұйымдағы жанжалды жағдайларды басқару»

Сұраққа жауап бариңіздер: «Жанжалдардың себебі тәрбиешілердің жалпы психологияны білмеуінде» деген авторлардың пікірімен келісесіз бе?

Егер сіз өз педагогтеріңіздің теориялық білімінің жеткіліксіздігін байқасаңыз, онда мектепке дейінгі ұйымда осы бағытта біліктілікті арттырудың қандай түрлері жүзеге асады? (Кері байланыс)

Педагогикалық конфликтологияның негізгі мақсаты – педагогикалық қақтығыстың мәнін оның динамикасын, педагогикалық әрекеттерімен өзара әрекеттесу жүйесіндегі орны мен функциялаларын, оларды реттеу және шешу технологияларын ашу болып табылады.

МДББҰ қақтығыстары терең зерделеу үшін жиі кездесетін қақтығыс түрлерін атап көрсететін болсақ:

«тәрбиленуші- тәрбиеленушілер,
«бала-ата-ана»,
«педагог-педагог»,
«педагог-ата-ана»,
«әдіскер-меңгеруші»
«тәрбиеші-әдіскер»
«бала-бала»

Әдетте мектепке дейінгі ұйымда ересектердің арасындағы қақтығыстар бірінші орын алады. Бұдан тәрбиешілерге ең алдымен жалпы психология білім жетіспейді деп болжауға болады.

Қақтығыс жағдайларын басқару мектепке дейінгі ұйымбасшысының маңызды бағытттарының бірі болып табылады

Қақтығыс жағдайларын басқару әдістерінің негізгі топтары

1. Өз мінез –құлқын басқаруды, айналадағыларға қатысты мәлімдемелер мен әрекеттерді талдауды көздейтін тұлғааралық әдістер

2. Қақтығыс жағдайында белгілі бір мінез-құлық стилін таңдауды көздейтін тұлғааралық әдістер. Бұл жағдайды шешу барысында қатысушылар аулақ болу, бәсекелестік, ынтымастық, бейімделу, ымыраға келу сияқты мінез-құлық стильдерінің бірін таңдай алады

Бұл жіктелім келесі параматрлармен айқындалады: өз мүдделерін іске асыру дәрежесі, өз іс-әрекеттеріне қол жеткізу және басқалардың мүдделерін ескеру деңгейі оларды қанағаттандыру үшін ынтымақтастыққа дайын болу. Олар әкімшілік пен ата-аналар тарапынан оларға қойылатын талаптарды өз міндеттерімен үйлестіруге жанжалды болдырмауға немесе одан шығуға қауқарсыз.Көбісі балалардың қақтығыссыз қарым – қатынасын ұйымдастыра алмайды, әр балаға басқа балалардың алдында өз әрекеттерін түсіндіруді, өз дегеніне күшпен емес ақылмен жетуді қақтығыс жағдайларында ымыраға келуді үйрете алмайды.

Қақтығыс жағдайларын басқару мектепке дейін ұйым басшысының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл қақтығыс жағдайын тудырған себептерді жоюды немесе оның қатысушыларының мінез – құлқын түзейді.

Қақтығыстарды шешу кезеңі:

I – кезең. Қалыптасқан жағдайды мұқият талдау және қақтығысқа қатысушылардың эмоционалды жағдайын, олардың бір-бірімен қарым – қатынасын түзету.Теріс эмоциялар серіктестің субъективтілігін арттырады және оның қалыптасқан жағдайға алдын – ала кесіп-пішілмеген көзқараспен қарауына жол бермейді.

II – кезең. Қақтығысты шешудің әртүрлі жолдарын іздеу және олардың ішінен ең сындарлысын яғни оңтайласын таңдау: бір жағынан, істің мүдделеріне сәйкес келуі екінші жағынан қолайлы тұлға арлық қатынастарды орнату. Кейбір жағдайларда, жанжалдасулардың эмоционалды аса үлкен болмаған жағдайда және жанжалды шешуге іскерлік мүдде болған кезде, жанжалға қатысушылардың қиындықтарды жою бойынша бірлескен іс-әрекеті орынды болады.

Жанжалдарды шешудің нақты әдістері, жеке әңгімелесу басқаларды тарту ұйымдастырушылық шаралар және әкімшілік тарапынан ықпал ету.

3.Топтық жұмыс

Жағдаятты талдап сұрақтарға жауап беріңіз. Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. балабақша басшысы қақтығыстарды басқарудың қандай әдісін қолданды?
2. әдіскердің сұрақты (мәселен) деңгейі жоғары басқармаға жеткізуі дұрыс болды ма?
3. дәл осы жағдайда сіз қалай істер едіңіз?
4. Бейнематериалды көріп сұрақтарға жауап беріңіз:

Қалай ойлайсыз, балабақшаларда «қиын балалар» бар ма?

Сіз жеке тәжірибеңізде осындай жағдайлар кездесті ме? (Сұрақ-жауап)

Мектепке дейінгі жас – баланың алғашқы тұлғалық қалыптасу кезеңі

Үшжасқа дейінгі балалар өз қалауын басқара алмайды. Бұл жаста олар өздерінің мінез-құлқының салдарын түсіне алмайды, сондықтан олар тіпті бір-бірімен ойыншықтарды да бөлісе алмайды.

Бес – алты жаста кейбір әлеуметтік нормалар мен өзара іс-қимыл ережелері белгіленеді, өзін – өзі бақылаудың белгілі бір деңгейі қалыптасады. Дәл осы жаста болашақ бұзақылар мен агрессорлардың алғашқы белгілері пайда болуы мүмкін. Балалар арасында төбелесі, қорлау, мазақтау, сияқты көріністер – балалар ұжымында жиі кездесетін жағдайлар

Буллинг түрлері:

Физикалық – тепкілер, соққылар, шапалақ, итеріп жіберу және физикалық зорлық – зомбылықтың басқа да түрлері. Бірлі – жарым төбелеспен шатастырмау керек .

Кибербуллинг - балаларға тән, балалар құрбан туралы арандатушылық материялдарды жариялаған немесе сес көрсеткен, хабарламалармен қорқытқан кезде. Көбінесе ересектер жоқ чаттарда қолданылады.

Сөз-қорлау немесе қорқыту үшін қорлайтын сөздерді, сөз тіркестерін қолдану. Эмоционалды – қарым – қатынасты үзу, елемеу түрлері.

Буллинг құрбанына тән белгілер, мінез – құлық белгілері:

Балабақшаға барудан жүйелі түрде бас тарту;

Балабақшаға барар жолда үнемі көңіл күйіне шағымданады, нәтижесінде балабақшада шынымен ауырып қалуы мүмкін;

Жүзі солғын тарту;

Тұйық болып қалу;

Қорқыныш симптомдары;

Үлгерім деңгейі төмендеуі;

Белгілі бір балалармен қарым – қатынастан аулақ болады;

Балалармен жеке қалмайды (дәретхана бөлмесі киім шешетін бөлме);

Үйде өз тобының жаңалықтарымен бөлісуді тоқтатады, балабақша туралы сөйлескісі келмейді.

Буллингтің алдын алу, бала буллингтің құрбаны болмауы үшін:

Эмоционалды әл - ауқатты қолдайтын ортаны ұйымдастыру керек;

Ересектер өз сөздерін қадағалауы керек: Ауызша агрессияның үлгісін болдырмау, балаларды олардың көзінше талқыламауы керек;

Тәрбиеші қай позицияда болмаса да, баланың мінез құлқына: оның шабуылшы, бақылаушы немесе құрбан екеніне назар аударып, мұның алдын алуға міндетті.

Мұның алдын алудың ең тиімді жолы әр баланың проблеммасына көңіл аудару, қатысу, сондай – ақ барлық балаларға деген махаббаттың болуы.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы қақтығыс жағдайларын басқару» тақырыбындағы тренинг педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге, қақтығыс жағдайларының себептерін анықтап, оларды тиімді әрі сындарлы жолмен шешу дағдыларын дамытуға бағытталды.

Тренинг барысында қатысушылар қақтығыстың түрлері мен пайда болу себептерін талдап, әртүрлі жағдаяттарды тәжірибе жүзінде қарастырды. Белсенді әдіс-тәсілдер арқылы өзара тыңдау, эмпатия таныту, тиімді коммуникация орнату, эмоцияны басқару және келісімге келу дағдыларын жетілдірді.

Нәтижесінде педагогтер қақтығыс жағдайларын болдырмаудың және оларды кәсіби деңгейде шешудің тиімді жолдарын меңгеріп, ұйымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтаудың маңыздылығын түсінді. Бұл алған білімдері мен тәжірибелері мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, педагогтер, ата-аналар және тәрбиеленушілер арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Каукабаева Сулучаш Дунгенбаевна
Музыка жетекшісі, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



БАЛАНЫҢ МУЗЫКА ӘЛЕМІНДЕГІ ТЫНЫС ТІРШІЛІГІН КЕҢЕЙТУ

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты: Балаларды музыкадағы әуен ерекшеліктерімен таныстырып , оларды қалай пайдалану тәсілдерін ойын әдісімен үйлестіре отырып, ән орындағанда, оларды ажырата білуге баулу. Түрлі аспапта ойналған музыканы тыңдауын, салыстыруын, және ойлау қабылетін, ой – өрісін дамыту. Музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, ырғақты меңгертіп, ән мәтінін сезінуге тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Балалар әуенмен кіреді
2. Музыкаға ырғақты қимылдар жасайды
3. Балалар шаттық шеңбер тұрады
4. Балалар келген қонақтармен амандасу

Шаттық шеңбер:

Қуан шаттан алақай,
Қуанатын күн келді.
Күліп шыққан күн бүгін,
Қайырлы таң , қайырлы күн!
Сәлеметсіздерме ардақты апайлар!

Музыка жетекшісі: Балалар, бәріміз ұрмалы , үрмелі, шертпелі аспаптар тобын құрып тұрайық. Енді осы аспаптардың түрлерімен, дауыс ырғағымен, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерімен танысып алған соң, үш топ бір - бірімізбен жарысып көреміз. Үш түрлі аспаптарды қалай ойнау керектігін жетілдіретін ойындармен танысып алайық.

Сұрақ қою:

- Мынау не балалар?

Балалардың жауабы «сандық» – деп жауап береді
Мен сендерге жұмбақ жасырайын, зейін қойып тыңдаңдар!

Ж ұ м б а қ ш е ш у:

1.*«Лақтырдым да әуелетіп,*
Қағып алдым «Оп» деп.
Жерге соқтым секең қақты,
Атаймыз оны «Не?» - деп». (доп деп).

2.*Жіліктен шыққан сүйек,*

Ойнаймыз біз шертіп.
Бәрімізге танысқ, аты оның? Асық!

Ойын шарты түсіндіріледі. Әр топтан бір- бір баладан шығып, «Кім мерген» ойынын ойнаймыз.

1. Ұрмалы аспаптар тобы - қызыл асықпен,
2. Шертпелі аспаптар тобы - жасыл асықпен,
3. Үрмелі аспаптар тобы - көк түсті асықпен ойнайды.

3.*Үрлесең көлемі үлкейер,*
Домалақ күн әуеге мәуелер,
Жауабы не ?

Ойын: «Кім шар үрлейді?»

Ойынның мақсаты: балалардың үрмелі аспапта ойнау тәжірбиесін жетілдіру қызметін етеді.

Әр топ бөлек-бөлек шар үрлеп жарысады, геометриялық фигуралардың түр-түсін санап әңгімелейді.

Аспаптардың дауыс ерекшеліктеріне қарай бөлінуі:

1.*Сылдырмақ - сылдырлайды*
2.Қоңырау – сыңғырлайды
3. Қасық – тоқылдайды
4. Асатаяқ - сыртылдайды
5. Дауылпаз - дүңкілдейді

Үн таспадан , аспаптар үнін тыңдау:

Балалар аспаптар үнін тыңдап, қандай аспаптар ойналып жатқанын табады.
2. Әр топтан бір-бір баладан шығып, аспаптар атын атап өздеріне бал жинайды.
3. Аспаптың атын дұрыс атамаса, айыбын өтейді.
4. Өлең жолдарын оқу, би-билеп береді, немесе бір аспапта ойнап беруі керек.

Топтарға бөлініп аспаптармен ән айту :

1.Ұрмалы асаптар тобы сылдырмақта

«Бала ,бала,балақан» әнін орындаса, қалған балалар әннің ырғағын тыңдап атын атайды, содан кейін әнді барлығы қосылып орындайды **.**

2.Шертпелі аспаптар тобы **«Еркем- ай»** әнін шертсе, отырған балалар әнді тауып, атын атап, әнді хормен орындайды.

3.Үрмелі аспаптар тобы сырнайда «**Марш»** орындайды, балалар қолдарын шапалақтап бірдей соғып отырады. Балалардың тыңдау, есту қабылеттерін байқау және аттыру мақсаты көзделеді .

Балаларға сұрақтар қою:

- Біздің қазақ елін бүкіл дүниежүзіне танытқан қай аспап еді балалар?
- Балаладың жауабы «Домбыра мен қобыз» аспабы

2. **Сендер қандай күйшілерді білесіңдер?**

- Құрманғазы , Дина, Қорқыт , Тәттімбет , Ықлас , Нұрғиса.

3. Күйшілердің күйлерін атаңдаршы?

- Балалардың жауабы: Құрманғазының күй «Балбырауын», Динаның күй «Тойбастар», Тәттімбеттің күй «Былқылдақ», Нұрғисаның күй «Әлқисса» т.б.с.с.

«Сыйпап табу». Ойынның шарты түсіндіріледі.Балалардың сезімталдық қасиетін арттыруы**.**

Ортаға бір бала шығады, көзін орамалмен таңып қоямыз, жетекші қолына «Бір аспапты ұстатып», бұл не? – деп сұрайды, бала сыйпай отырып аспаптың атын атауы керек, егер таба алмаса айыбын өтейді. Осылайша әр топтан бір баладан ортаға шығып , бал жинап ойнайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекетін қортындылау:

Балалар, бүгін оқу іс әрекетімізде аспаптар сырын аштық түрлерімен танысып,үнін тыңдадық, әнге қосып ойнадық.

1. Аспаптрды ойнай үшін қандай жұмбақтар шештік?
2. Тағы кімдермен таныстық?
3. Қандай ойындар ойнадық?

Балалар, ойнаған аспаптарымызды жапсыру, сурет салу, немесе ермек сазбен илеу арқылы өз өнерлерімізді көрсетелік.

1 топ: «**Ұрмалы аспап»** аспабын ермек сазбен илеп жасайды.

2 топ: «**Домбыра»** аспабын қағаздан қиып жапсырады.

Балалар жұмыспен айналысып жатқанда «Отырар сазы», «Ата толғау» күйлері тыңдалады.

Балалардың жұмысы бағаланады. Балалар бой сергіту үшін «Тобыңды тап» әуен қимыл ойынын ойнаймыз.

Койшиева Сандугаш Жумабековна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ТҮРЛІ ТҮСТІ ДОПТАР» СЕНСОРЛЫҚ ОЙЫНЫ

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Іс-әрекет түрі: Сенсорлық дамыту

Жасы: 2 жас

Мақсаты: Балаларды негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл) ажыратуға, түстері бойынша сәйкестендіруге үйрету, ұсақ қол моторикасын, зейінін және ойлау қабілетін дамыту. Ұсақ моторикасын жетілдіру. Ойын арқылы зейінін қызығушылығын арттыру.

Қажетті құралдар: - Түрлі түсті доптар; - Сол түстердегі себеттер немесе сақиналар

Іс-әрекет барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Тәрбиеші балаларды күлімдеп қарсы алады. Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып:

– Балалар, бүгін бізге түрлі түсті көңілді доптар қонаққа келіпті. Олармен бірге ойнайық! Қараңдаршы, менің қолымда қандай әдемі түсті доптар бар!

Балалар қуанып қолдарын созады.

Негізгі бөлім

Тәрбиешінің көрсетуі: Тәрбиеші әр түсті допты көрсетіп, атайды: – Бұл қандай түсті доп? (Қызыл, сары, көк, жасыл.) «Допты өз түсіне сал» ойыны. Балалар доптарды алып, дәл сондай түстегі себетке салады.

Балалардың қатысуы:

Әр балаға бір-бір доп беріледі.

Тәрбиеші:

– Қызыл допты қызыл себетке салайық! Ал енді көк допты көк себетке салайық! – деп бағыттайды.

Балалар доптарды тиісті себетке салып, қуанады.

Қимылды ойын:

– Ал енді, балалар, допты домалатайық! – дейді тәрбиеші.

Балалар еденге отырып, доптарын бір-біріне қарай домалатады.

Тәрбиеші: – Қай баланың добы алысқа домалады екен? – деп балаларды қызықтырады.

Қайталату және бекіту:

Барлық себеттерді көрсетіп:

– Бұл қызыл себет, ішінде қызыл доптар. Ал мынау көк себет, ішінде көк доптар, – деп түстерді тағы бір қайталатады.

Балалар тәрбиешімен бірге түстерді дауыстап айтады.

«Экрандағы қимылды қайтала»

Мақсаты: Қимыл үйлесімділігін дамыту.

Әдісі:

Смарт-тақтада мультфильм кейіпкері допты домалатады, жоғары лақтырады, ұстайды.

Балалар сол қимылды өз қолдарындағы доппен қайталайды.

2 «Музыкалық түстер»

Мақсаты: Музыкалық ырғақ пен түсті байланыстыру.

Әдісі:

Әр түске әртүрлі әуен қосылады (мысалы: қызыл – барабан, сары – сыбызғы, көк – қоңырау).

Смарт-тақтада түс пайда болғанда, балалар сол түсті допты көтеріп, әуенге қимыл жасайды.

3. «Доптарды жина»

Мақсаты: Түстерді бекіту, қимылды жетілдіру.

Әрекет барысы:

Тәрбиеші бөлмеге түсті доптарды шашып тастайды.

Балалар тәрбиешінің нұсқауымен: «Қызыл доптарды жинаймыз! Енді жасылдарды жинайық!» – деп, себетке салып шығады.

Қорытынды бөлім

Тәрбиеші: – Бүгін қандай түстерді таныдық? – Сендер өте жақсы ойнадыңдар! Барлық түстерді дұрыс тауып, доптарды өз орындарына орналастырдыңдар. Жарайсыңдар!

Балаларға кішкентай жапырақша немесе күлімдеген смайлик белгілері беріледі (мадақтау үшін).

Күтілетін нәтиже:

Балалар негізгі түстерді ажыратады.

Түстерге сәйкес заттарды топтастырады.

Допты ұстау, домалату арқылы ұсақ моторикасы дамиды.

Берикбаева Меруерт Жумабаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Білім беру саласы: Әлеуметтік дағды, камуникативті дағды, таным дағдысы, шығармашылық дағды

Бөлімдері: Қоршаған әлеммен таныстыру.

Мақсаты:

1. Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру.

2. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау.

3. Қазіргі кезде адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат-ананы қорғап, аялауға үйрету. Суды ластамауға тәрбиелеу.

Ресурстар: су, қант, тұз, қасық, сүт, гуашь бояулары, әр түрлі суреттер, түтікше, жұмыртқа, тұз, стақан, қар, мұз.

Сөздік жұмыс: судың қасиеті, түссіз, дәмсіз, иіссіз, қатты, сұйық, бу.

Шаттық шеңбері:

Ал енді балалар барлығымыз жайғасып отырайық, арқамызды тік ұстап, әдемі отырамыз. Бүгінгі оқу қызметінің тақырыбын айтпас бұрын, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, ал сендер мұқият тыңдаңдар:

Дәмі де жоқ, түсі жоқ
Пайдаланбас кісі жоқ. Ол не?

Дұрыс балалар, әрине су. Ал ендеше бүгін біз «Су тіршілік көзі» екенін дәлелдейміз.

Сусыз тіршілік жоқ, ол бүкіл тірі жан иесіне тән. Тамақсыз бірнеше күн өмір сүруге болады, ал сусыз сонша уақыт өмір сүру мүмкін емес. Адамның, сондай-ақ көптеген жан-жануарлар денесінің 2/3-і, ал кейбір өсімдіктердің 4/5-і судан тұрады. Біз суды жуыну үшін де пайдаланады екенбіз. “Су тазалық кепілі, тазалық денсаулық кепілі”. Олай болса мен сендерге арналған тапсырмам бар. “Қолымызды бактериялардан тазартамыз” ойыны.

Қалай ойлайсыңдар, мұз бен қарды жылы жерге әкелсек не болады?

- Әрине ериді, бүгінгі іс-әрекетімізде сендермен тәжірбелер жасаймыз. Ендеше соны дәлелдеу үшін 1-тәжірбеміз: ыдыстағы қар мен мұзды ұйымдастырылған іс-әрекетінің соңына дейін үстелдің үстіне қоямыз.

Тәжірбелер.

I.Ал судың иісі бар ма, иіскеп көріңдерші?

Судың иісі жоқ

(Балалар суды иіскеп көреді, судың иісінің жоқ екенін сезінгенше, тағы да қайталап иіскету керек. Ал екінші ыдыста түссіз тәтті суға ванилин араластырған суды құйып, балаларға иіскету керек. Балалар екі ыдыстағы судың айырмашылықтарын айтады).

II.Судың пішіні бар ма?

«Суда пішіні жоқ»

Біз қазір судың пішіні бар ма, жоқ па соны тексереміз. (тәрелкеге су құю)

Әрине жоқ, суды қай ыдысқа құйсаң ол сондай пішінді болады

III. Судың дәмі бар ма?

«Суда дәм жоқ»

Осыны да біз тексерейік, алдарында ыдысқа су құйылған. Сол суды түтікше арқылы ішіп көріңдер. Енді осы суға кейбіреулерің қант қосып көріңдер, ал басқаларың тұз қосып көріңдер. Суды ішіп көріңдер дәмі қандай болды екен?

Дұрыс суға біз не қоссақ, сол заттың дәмін сеземіз, ал судың дәмі жоқ екен.

IV. Судың түсі бар ма?

«Су — мөлдір»

Егер де бояу қосып жіберсек, оның түсі өзгереді. Оны да тәжирибе арқылы дәлелдейік. Стакандағысуға гуашь бояуларын қосайық. Сонымен қатар суды мен сүтті салыстырып көрейік, су бар стақанға қасық салайық, қасық көрінеді ме? Иә көрінеді, ал сүт құйылған стақанға қасық салсақ ол көрінеді ме? Жоқ көрінбейді, сондықтан судың түсі жоқ, ол – мөлдір екен.

Балалар сонымен су – түссіз, дәмсіз, иіссіз, тұрақты пішіні жоқ табиғи ресурс.

Осыны дәлелдеу үшін біз сумен тәжирибе жасап көрдік.

Білесіңдер ме судың үш қасиеті бар – сұйық, қатты, бу.

Стақандағы суды тоңазытқышқа қойсақ, олмұз болып қатып қалады. Ал мұзды жылы жерге қойсақ, ол еріп суға айналады. Суды шәйнекке құйып қайнатсақ, қақпағынан бу шығады, яғни бу болып ұшады.

Жұмбақтар:

1. Жылт-жылт еткен, жырадан өткен. (Су)
2. Қыста шыны боп қатады,
Жылыда су боп жатады.. (Мұз).
3.Көтеріліп теңізден, аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде, өңі кірер даланың. (жаңбыр)
4.Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолын тоңады. (Қар)

Жарайсыңдар балалар, ал енді «Күн мен жаңбыр» деген ойынды ойнайық.

Ойын шарты: Мен сендерге күн дегенде сендер жүгіресіңдер, серуендейсіңдер, ал жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығыласыңдар жақсы ма?

Ал, балалар жаңа ғана біз сендермен жұмбақтардың жауабын шештік, бірнеше тәжірибелер жасадық. Ал енди мен сендерге сыйқыр көрсетейін

*Сыйқыр (фокус) көрсету: (осы сәтте жай ғана музыка ойнап тұрады)Керек заттар: шикі жұмыртқа, стақан, бірнеше шай қасық тұз.*1.Стақанға таза су құйып, суға шикі жұмыртқаны саламын. Жұмыртқа су түбіне батып кетеді 2.Жұмыртқаны стаканнан шығарып қоя тұрып, стақандағы суға тұзды жақсылап ерітемін.3.Енді жұмыртқаны қайтадан осы суға саламын. Жұмыртқа суға батқан жоқ!4. Тұз судың тұздылығын арттырады. Судағы тұздың мөлшері көбейген сайын оның тығыздылығы күшейіп, ол суға түскен кезкелген зат батып кетпей су бетінде қалқып жүреді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Су-түссіз, бояу қосқанда өзгереді.

Игереді: Су-дәмсіз, бірақ қант қосқанда дәмі өзгереді.

Меңгереді: Судың пішіні болмайды.

Алпарова Жаңыл Дүйсенбаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНЕ САЯХАТ»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері жайлы, оңдағы өзгірестер мен ерекшеліктер жайлы мағлұмат беру, әр жыл мезгіліне тән белгілерді білу және таба білуге үйрету. Балалардың дүниетанымын, сөздік қорын, әңгімелеп беру, ойлау қабілетін дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, көркем көріністерді сезіне білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Әдістер: Сұрақ-жауап, суретті әңгімелеу, дидактикалық ойын, сурет бояу.

Көрнекі құралдар: суреттер, слайд.

Сөздік жұмыс: жыл мезгілі, айлар, ауа райы.

Іс-әрекет барысы.

Тәрбиеші: Күннің қалай шыққанын көрген үлкен қуаныш!

- Біз айналамыздан не көріп тұрмыз?
- Ал күннің шығуына не көмектеседі?
- Дұрыс, жаңа күн тау шыңынан шыққан алғашқы күн сәулелерімен басталады.

Ол бізге мейірімді күлкісімен: «Қайырлы таң!» - дейді. Қане, біз де күнмен сәлемдесейік. «Қайырлы таң!» - деп айтайық.

Армысың, асыл күн!
Армысың, асыл жер!
Жылуыма жылу қос,
Міне, менің қолым.

Қане, айтындаршы, таңертеңгі күннің сәулелері жарық па? Күнге қолдарынды созындар да, айтыңдар. Оның сәулелері таңертең ыстық па?

Таңертенгі аспанның түсі қандай? Онда бұлттар бар ма?

Тәрбиеші: Балалар біз қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстан Республикада тұрамыз.

. - Біздің әсем, бас қаламыз қай қала?

- Астана қаласы.
- Балалар, казір жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілі.
- Бір жылда неше жыл мезгілі бар?
-Төрт мезгіл бар. Күз, қыс, көктем, жаз.

Тәрбиеші: Осы төрт жыл мезгілі туралы тақпақ айтып берейікші.

1-бала: Көктем
Үстін жасыл түк басып,
Көктем келді нық басып.
Тоғандарға тығылып,
Кетті лезде қыс қашып. *Өтепберген Ақыпбеков*
2-бала: Жаз
Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ.
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күн шуақ. *Жұбан Молдағалиев*
3-бала: Күз
Қарашы, күз келді, күз келді,
Сары алтын жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен түзеді,
Көңілсіз неліктен күз енді? *Әли Ысқақбай*
4-бала: Қыс
Құлақтарын үсіткен
Шынықпаған қай бала?
Осы болар қыс деген,
Айтсақ жауап жай ғана. *Оспанәлі Иманәлиев*

Тәрбиеші: Балалар, міне жылдың төрт мезгілін біледі екенбіз. Қане барлығымыз қайталап жіберейікші. Күз, қыс, көктем, жаз. Ендеше, осы жыл мезгілдеріндегі ерекшеліктер, өзгешеліктер туралы қане білейікші. (Суреттер көрсетіледі. Балалар сурет бойынша әңгімелейді).

Бұл қай кезде болады? (суретпен жұмыс).
– Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?
– Күз айларын ата. Тұман деп нені айтады?
– Қыс мезгілінде ауа райы қандай болады?
– Қыс мезгілінің басты ерекшелігі не?
– Қыста қандай құстарды көресіңдер?
– Қыстағы ағаш қандай болады?
– Көктемде ауа райы қалай өзгереді?
– Қар қандай өзгеріске түседі?
– Көктем айларын ата.
–Жаз айларын кім атап береді?
–Жаз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?
–Жазда қандай жаңбыр жауады?

Тыныштық мезеті.

Тәрбиеші: Барлығымыз көзіміз жұмамыз. Сендер табиғаттың ең көркем жерінде екенін елестетіңдер. Сендер жұмсақ, жасыл шалшықта жалаң аяқ жүрсіңдер. Жасыл шөп сенің аяғынды сипап жатқан сезімде боласың (тыныштық). Күннің көзі жер бетін қыздыруда (тыныштық). Сен гүлдің, шөптің және балдың иісін сезесіз (тыныштық). Сен әлі өзеннің сыңғырлағанын, көңілді құстар ән салып жатқанын естисіз ..... (тыныштық).

Тыныштықта тұрып, өзімізді тындайық, табиғат-анамызды тындайық. Алақандарыңды күннің көзіне жайыңыз. Қазір біз көзімді ақырын ашып, колымызды жайып, бізге өмір, денсаулық, қуаныш және жақсы көңіл күй сыйлаған Ана-Табиғатқа «Рахмет» деп айтамыз.

Балалар, сендерге «тыныштық мезеті» ұнады ма?

Балалар: Ия.

Тәрбиеші: Күз мезгілі аяқталған соң, қай жыл мезгілі келеді?

Балалар: Қыс келеді.

Тәрбиеші: Осы қыс мезгіліне не қажет, білеміз бе?

«Қыс» мезгіліне қандай киім қажет». Дидактикалық ойын.

Ойының мақсаты: балаларды қысқы қажетті киімдерімен таныстыру.

Ойының барысы: Қыс мезгілі суретінің жанына мезгілге қатысты суреттерді қою (қолғап, пима,бас киім, т.б.)

Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар,
Алдымен жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар,
Үлкен боп өседі.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау.

Тәрбиеші: Балалар, сонымен бүгін не туралы айттық?

Балалар: Жыл мезгелдері.

Тәрбиеші: Қане атап өтейікші.

Балалар: Күз, қыс, көктем, жаз.

Тәрбиеші: Ендеше, күзгі жапырақ суретін салып, бояп, суреттерді біздің бүгінгі қонақтарымызға сыйлайық.

Досымбаева Айгуль Нургалиевна
Тәрбиеші, педагог-сапаршы
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНДЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

(Баяндама)

Қазіргі таңда білім беру жүйесі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен бірге жаңа кезеңге қадам басты. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдары педагогтердің күнделікті жұмысын жеңілдетіп, білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін тиімді технологиялардың біріне айналды. Мектепалды даярлық тобында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес заманауи цифрлық ресурстарды тиімді қолдану олардың танымдық қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Мектепалды даярлық кезеңі – баланың мектепке психологиялық, танымдық және әлеуметтік тұрғыдан дайындалатын маңызды кезеңі. Сондықтан тәрбиеші әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетті қызықты, көрнекі әрі нәтижелі ұйымдастыруы қажет. Осы тұрғыда жасанды интеллект құралдары педагогтің сенімді көмекшісіне айналып отыр.

Жасанды интеллектті қолданудың негізгі бағыттары

1. Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекілік дайындау

Жасанды интеллект арқылы тәрбиеші кез келген тақырыпқа сапалы суреттер, иллюстрациялар, боямақтар, карточкалар, логикалық тапсырмалар және дидактикалық материалдарды қысқа уақыт ішінде әзірлей алады. Бұл балалардың жаңа тақырыпты қызығушылықпен қабылдауына мүмкіндік береді.

2. Сабақ жоспары мен әдістемелік материалдарды әзірлеу

ЖИ құралдары ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспарын, мақсат-міндеттерін, күтілетін нәтижелерін, ойын элементтерін, рефлексия кезеңдерін әзірлеуге көмектеседі. Сонымен қатар мерекелік сценарийлер, ата-аналармен жұмыс жоспарлары, мониторинг материалдары мен педагогикалық құжаттарды дайындауға уақытты үнемдейді.

3. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту

Балаларға арналған қызықты ертегілер, жұмбақтар, өлеңдер, танымдық ойындар, логикалық тапсырмалар мен сюжеттік әңгімелерді жасанды интеллект көмегімен құрастыруға болады. Бұл балалардың тіл байлығын, қиялын және шығармашылық ойлауын дамытады.

4. Интерактивті оқыту ортасын қалыптастыру

Жасанды интеллект арқылы бейнероликтер, анимациялар, танымдық презентациялар, интерактивті тапсырмалар дайындалып, балалардың оқу әрекетіне деген қызығушылығы артады. Әсіресе мектепалды даярлық тобында визуалды ақпараттың маңызы өте жоғары.

5. Педагогтің кәсіби дамуына ықпал ету

Жасанды интеллект педагогке жаңа әдістемелік идеялар ұсынуға, инновациялық тәжірибелермен танысуға, ғылыми мақалалар жазуға, біліктілігін арттыруға және кәсіби портфолиосын толықтыруға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде қолданудың тиімділігі

Мектепалды даярлық тобында жасанды интеллект құралдарын пайдалану төмендегідей жұмыстарды жеңілдетеді:

- ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған презентациялар дайындау;
- балаларға арналған танымдық бейнероликтер жасау;
- оқу қызметіне қажетті суреттер мен көрнекіліктер әзірлеу;
- мерекелік шақыртулар, дипломдар және марапаттау қағаздарын безендіру;
- дидактикалық ойындар мен жұмыс парақтарын дайындау;
- ата-аналарға арналған кеңестер мен ақпараттық буклеттер құрастыру;
- балалардың шығармашылық жұмыстарына арналған тапсырмалар әзірлеу;
- әдістемелік бірлестікке, педагогикалық кеңеске және семинарларға қажетті материалдарды дайындау.

Жасанды интеллектті қолданудағы педагогтің рөлі

Жасанды интеллект ешқашан педагогтің орнын алмастырмайды. Ол тек тәрбиешінің жұмысын жеңілдететін көмекші құрал болып табылады. Себебі баламен тікелей қарым-қатынас жасау, оның эмоциясын түсіну, тәрбиелік бағыт беру және тұлғалық дамуын қалыптастыру тек педагогтің кәсіби шеберлігі арқылы жүзеге асады.

Сондықтан жасанды интеллект ұсынған материалдарды педагог міндетті түрде балалардың жас ерекшелігіне, мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына және тәрбиелік мақсаттарға сәйкестендіріп қолдануы қажет.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану – бүгінгі заман педагогінің маңызды құзыреттерінің бірі. Мектепалды даярлық тобында бұл технологияларды орынды қолдану тәрбиешінің жұмыс сапасын арттырып қана қоймай, балалардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын күшейтеді, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытады. Заманауи педагог цифрлық мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана отырып, мектепке жан-жақты дайын, білімге құштар, ойлау қабілеті жоғары тұлғаны тәрбиелеуге үлкен үлес қосады.

Байбатша Салтанат Қадірқызы
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



АСЫҒЫМЫЗ АЛШЫСЫНАН ТҮССІН

(Ұлттық ойындар эстафетасы.)

Мақсаты: Бала бойын ұлттық дәстүрдегі ойын арқылы, қыздардың қимыл-қозғалыстары мен ұлдардың күш-қуаты арқылы тиянақтылыққа, салмақтылыққа тәрбиелеу. Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.Ерік және мінез қасиеттерін бекіту. Адамгершілік сапаны жетілдіру.

Топ: Балдәурен

Керекті -құрал жабдықтар: арқан, оқтау, асықтар, теңгелер, ағаш ат.

Эстафета барысы: Балалар музыка әуенімен залға кіреді.

Сап тізбекке тұрады.

1. Сәлемдесу
2. Қатарға бөліну
3. Бой жазу жаттығуы «Қара жорға»әуеніне. Ұлттық би элементерімен.

1-қатар «Алпамыс» тобы

2-қатар «Ер Тарғын» тобы

Әділқазы алқасын сайлау.

«Асық» ойыны

Бұл-балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендікке сынасады.

Асық ойынының үш табан, шығу, шеңбер секілді бірқатар түрлері бар. Ертеде қазақтың қыз- келіншектері де асық ойнаған. Олар ойнаған асық ойындары қора хан, құмар т.б деп аталған. Асықтың «Ханталапай», «Төрт асық», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Сасыр» секілді түрлері.

«Күш сынаспақ»

Бұл ойын стол үстіндегі екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып, білектен тартысып сынасуға да болады.Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады!

«Оқтау тартыс»

Алдымен жерге сызық сызылады. Сол сызықтың екі жағына екі бала тұрады. Оқтаудың екі ұшынан ұстай тартады, сызықты басқан топ жеңіледі.

«Теңге алу»

Екі топтың балалары бірінің артына бірі екі тізбекке тұрады. Кедергілер арасынан атпен шабу арқылы өтесіңдер. Орамалда түюлі тұрған теңге бар. Сол теңгені қыздар апарады, ұлдар алып қайтады. Қай топ бірінші келсе, сол топ жеңіске жетеді.

«Арқан тарту»

Ойыншылар қарама-қарсы жақта бір-біріне қарап, арқанды қолтықтың астынан өткізеді. Төрешінің белгісі бойынша ойыншылар қарсыластарын өз жағына қарай тартуға тырысады. Белгілі межеге қарсыласын кім бұрын тартып жеткізсе, сол топ жеңіске жетеді.

Қорытынды *(әділқазы алқасы қорытындылайды).*

Мараппаттау *(кубок, медальдар табыстау).*

Жакуанова Тлеукан Жанадиловна

Тәрбиеші, педагог-модератор

«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫ

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты: Ұлттық зергерлік жайлы білім беру, қазақ халқының қол өнері туралы ұғымдарын кеңейту, әшекей бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру

Көрнекіліктер: Әшекей бұйымдар суреттері, сым темір , түрлі тастар мен бояулар.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: Шаттық шеңбері

Атым-қазақ, текті батыр ұланбыз,
Қадірлейміз қазағымның мұрасын.
Әдептілік-сұлулықпен теңдесіз.
Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Көктем). Көктем айында ауа-райында қандай өзгерістер болады? (күн жылынады,қар ериді, құстар ұшып келеді, бәйшешектер гүлдейді). Жарайсындар, сендер сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер. Балалар бүгін біз әшекей бұйымдар әлеміне саяхатқа барамыз. Ал әшекей бұйымдарды шеберханда жасайды. Сендер менімен бірге барғыларын келеді ме? (Ия). Шеберханаға қандай көлік түрлерімен бара аламыз? (автобуспен,поездбен,ұшақпен). Дұрыс айтасындар. Ал біз бүгінгі ерекше саяхатымызға сиқырлы кілемшемен барамыз. Көзімізді жұмайық. (сиқырлы музыка ойналады). Міне біз шеберхана орталығына жеттік. Балалар қарандаршы қандай керемет қолөнер бұйымдары. Қолөнер бұйымдарын жасаушылар төрт топқа бөлінеді. Олар:

1.ұсталар
2.ісмерлер
3.ағаш шеберлері
4.зергерлік бұйымдар

1 топ. Ағаш шеберінің бұйымдары. Сендерге қандай бұйымдар таныс? (домбыра, қамшы, бесік т.б)

2 топ. Ісмерлер. Қолдан тізеді кесте (таныс заттарды атайды)

3 топ. Бұл қазақтың әшекей бұйымдары, олар күміс металдан жасалған.Әшекейлерді жасау өнері зергерлік өнер деп аталады. Ал оларды дайындайтын шеберді зергер деп атайды.

–Балалар сендерге осы зергерлік бұйымдардың ішінен қандай әшекей бұымдар ұнады?(сырға,білезік, алқа,белдік).

-Балалар, күнделікті өмірде күміс әшекейлерді не үшін пайдалатындарын білесіндер ме?

Балалардың жауабы: - Сәндік үшін тағады.

-Дұрыс айтасындар, сәндік үшін тағады екен.

Тақтадағы суреттермен жұмыс.

-Балалр мынау (сырға,білезік,алқа,шашбау,белдік).

-Ал ендеше мен сендерді бүгінгі әшекей бұйымдармен таныстырып өтейін

Кез-келген қыздардың зергерлік бұйымдары, асыл тастары,ондағы ою-өрнектері әсем келбетіне әдкмі үн қосып, сымбатын одан әрі ажарландырып, тартымдылығын арттыра түседі. Олай болса сулулықтың нышаны болған ұлттық әшекейлерімізге қысқаша шолужасап өтейік. (слайдпен жұмыс)

1) **Сырға**- тіл көзден сақтайды, сырғаны бала кезінен бастап қыз балалар тағып жүреді. Әдемілікті көрсетеді.

2) **Білезік**- әдетте бір колға, кейде екі қолға да тағылады. Білезіктердің көптеген түрлері болады. Сондай-ақ саусақтарға тағылған жүзіктердің білезікпен қоса жасалуы “бес білезік” деп аталады.

3) **Белдік** –әр түрлі болады. Әшекейленген салтанатты белдікті тек той томалақта тағады,олар күмістен және түрлі түсті металдан жасалады, және ауыр болады.

4) **Алқа-** әйел адамдар мойнына, омырауына тағатын әшекелі сәнді бұйым. Алқаны меруерт, маржан үзбелі моншақ түрінде жасайды. Кейде асыл тастардан, күмістен соғылып, ою өрнектеліп, салпыншақты етіп жасалынады. Алқаны сәндік әшекей бұйым ретінде пайдаланады.

5)**Шашбау-**қыз-келіншектер шашына тағатын сәндік әшекей бұйым. Шашбаулар: алтын, күміс, тиындар, кейде маржан қадап әшекейлеп жасайды. Шашбауды түрік халықтары ежелден қолданған. Әшекейлеу әдістеріне қарап оларды шашақты шашбау, үзбелі шашбау деп атаған. Шашбауды бұрымға қоса өріп, шаштың ұшына байлап, бұрымның ұшын бекітіп тастайды.

-Ал, балалар зергерлік бұйымдар туралы кім мақал-мәтел біледі екен?

Алинур: Шебер көп жерде өнер көп

Ернұр: Шебердің қолы ортақ

Айдана: Зер қадірін – зергер білер

Төреғали: Шешеннің сөзі- мерген

Шебердің көзі- мерген

Әбілмансур: Өнерлі өрге жүзеді

Өнерлі бала сүйкімді

Нурали: Өнерді үйрен де жирен.

-Жарайсыңдар, сендер зергерлік бұйымдар туралы мақал-мәтелді біледі екенсіндер. Өте жақсы!

Балалар ал енді біз сендермен жақсы бір ойын ойнайық.

Дидактикалық ойын : «Нені қайда тағады?»

- Жарайсыңдар , сендер барлық әшекей бұйымдарды дұрыс орналастырдыңдар.

- Балалар зергерлік бұйымдар туралы кім өлең жолдарын біледі екен?
-Шаршаған боларсындар,орнымыздан тұрып бір сергіп алайық!

Сергіту сәті:

Сыңғыр- сыңғыр сырғалар,
Құлағымда ырғалар.
Оң қолымда білезік
Сол қолымда білезік,
Саусақтарда сақина
Санап қане көрсетейік
1,2,3,4,5,6,7,8,9,10
Сыңғырлайды сырғалар.

Алуа: Сылдыр- сылдыр сырғалым,
Құлағыма тағар кім?
Сұлу болып әрдайым,
Сырғалы қыз атандым.

Жанерке: Шашбау- өмірдің өзегіндей
Көрік берер ару қызға
Қазағымның ою-әшекейі
Мұра болып қалары сөзсіз бізге.

Айсана: Жүзіктер неткен әдемі
Жылтырап көз жауын алады.
Саусағына тағатын
Әшекейі қыздардың.

Раяна: Көздің жауын алатын
Білезігі әжемнің
Елестетер оюы
Иір арқар мүйізін

Айдана : Әшекейлерге сүйсініп
Қайран қалып тұрасын
Көре білсен түсініп
Одан көп сыр ұғасын

-Сендер әшекей бұйымдар туралы өлең жолдарын керемет айтады екенсіңдер, жарайсыңдар!

Балалармен жеке жұмыс.

Балалар берілген білезіктерді тастармен әшекейлеп шығады. Тастардың пішінін , түсін сұрау.

-Жарайсыңдар балалар,сендер білезіктерді ұқыпты , әдемі әшекейлеп шықтындар.

Қорытынды:

- Сендерге бүгінгі саяхатымыз ұнады ма?
- Бүгін біз қандай бұйымдармен таныстық?
- Олар неден жасалады?
- Зергер дегеніміз кім?
- Әшекей бұйымдарды не үшін пайдаланады екен?

Кокенова Бибигуль Жакайевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ТАЗА АУЛА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты: Балаларды қоршаған ортаны таза ұстауға, табиғатты аялауға, бірлікпен еңбек етуге тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиенің маңызы ерекше. Баланың қоршаған ортаға деген көзқарасы, табиғатқа қамқорлық сезімі осы жаста қалыптаса бастайды. «Таза аула – жарқын болашақ» жобасының басты мақсаты – балаларды еңбекке баулу, тазалық сақтауға үйрету, ұжымдық іс-әрекет арқылы жауапкершілік пен ынтымақ сезімін дамыту.

Тәрбиешілердің озық педагогикалық идеясы – дәстүрлі әдістерді инновациялық тәсілдермен ұштастыра отырып, баланың қызығушылығын арттыру. Мысалы:

Ойын әдісі: «Қоқысты қоқыс жәшігіне тастайық» дидактикалық ойыны.

Практикалық әдіс: ауладағы жапырақтарды жинау, гүлдерді суару.

Әңгімелесу әдісі: тазалықтың денсаулық үшін маңызы жайлы қысқа әңгімелер.

Міндеттері мен күтілетін нәтиже

Міндеттері:

Балаларды тазалық ережелерімен таныстыру.

Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауды үйрету.

Еңбекке баулу және бірлесе жұмыс істеу дағдысын дамыту.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының табиғатқа деген құрметін үлгі ету.

Күтілетін нәтиже:

Балалар аула тазалығының маңызын біледі.

Өздері қолдарынан келетін еңбекке қуана араласады.

Топта бір-біріне көмектесуге, бірлікте жұмыс істеуге үйренеді.

Қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дағдыға айналдырады.

Іс-шара барысы

1-кезең – Балаларды тақырыппен таныстыру

Тәрбиеші балаларға суреттер көрсетеді: таза аула мен лас аула. Сұрақтар қояды: «Қай аулада ойнаған көңілді?», «Ауламызды қалай таза ұстаймыз?»

2-кезең – Қимылды ойын

«Кім тез жинайды?» ойыны: балалар қоқыс суреттерін алып, қоқыс жәшігі бейнеленген қорапқа апарып салады.

3-кезең – Тәжірибелік жұмыс

Балалар тәрбиешімен бірге:

құмсалғыштағы ойыншықтарды жинайды;
түскен жапырақтарды қапқа салады;
гүлдерге су құяды.

4-кезең – Сергіту сәті

«Жапырақтар биі» – балалар қолдарын жайып, жапырақ сияқты айнала жүреді.

5-кезең – Қорытынды әңгіме

Балалар өз ойларын айтады: «Мен ауламызды таза ұстау үшін не істеймін?»

Инновациялық әдістер мен қорытынды

Инновациялық әдістер:

«Эко-ертегі» тәсілі: Тазалық перісі балаларға қонаққа келіп, ауламызды таза ұстаса ғана бақытты болатынын әңгімелейді.

«Суретпен ойлау»: Балалар таза аула суретін салады.

«Мультимедиа» әдісі: Тазалық туралы қысқа мультфильм көрсетіледі.

Қорытынды:

«Таза аула – жарқын болашақ» педагогикалық жобасы балалардың еңбекке деген сүйіспеншілігін арттырып, табиғатқа қамқорлық сезімін қалыптастырады. Тәрбиешінің озық идеясы – экологиялық мәдениетті ерте жастан тәрбиелеу арқылы болашақта саналы, жауапты тұлға қалыптастыруға жол ашады.

Салимжанова Арай Нурмуханбетовна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ҒАЖАЙЫПТАР ЗЕРТХАНАСЫ»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты:Балаларды тәжірибе жасауға қызықтыру, жасанды интеллект көмегімен танымдық ойындар ойнату, зерттеу дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- Су, ауа, түстер қасиеті туралы түсінік беру;
- Жасанды интеллект арқылы экраннан тапсырмалар орындау;
- Балалардың ойлау, сөйлеу, бақылау қабілеттерін дамыту;
- Ұжыммен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

- Интерактивті тақта немесе экран
- ЖИ арқылы жасалған зертхана видеосы

• Колбалар, су, бояулар, шарлар
• Музыка
• Экраннан шығатын ойындар
• Медальдар «Жас зерттеуші»

Оқиға желісі: Балалар топқа кіргенде экранда жарқыраған зертхана көрінеді. Музыка ойнап тұрады.

Тәрбиеші

Қайырлы таң, балалар
Қайырлы тан апай
Коңіл-күйлерін, қалай
Өте керемет
Оқу қызметіне дайынбызба
Иә, әрине
Зейінді, мұқият боламызба
Иә ,әрине

Шаттық шеңбері

Біз кішкентай баламыз,
Өсіп-өніп толамыз.
Ғылым сырын білетін,
Біз зерттеуші боламыз!

Тәрбиеші:

— Бүгін біз ерекше саяхатқа барамыз.
— Біз жай топта емес, нағыз «Ғажайыптар зертханасында» отырмыз.
— Бұл зертханада түрлі қызықты тәжірибелер жасалады.
— Бүгін бізге жасанды интеллект көмекші болады.
— Ол бізге экран арқылы тапсырмалар береді, ойын ойнатады және тәжірибе жасауға көмектеседі.

Экраннан ЖИ арқылы жасалған робот сөйлейді.

Экрандағы робот:

— Сәлем, балалар!
Менің атым — РобоLab!
Менің зертханамда барлық тәжірибелер араласып кетіпті.
Маған көмектесесіңдер ме?
Балалар:
— Иә!
Тәрбиеші:
— Зертханаға келгенде қандай ережелерді сақтау керек?

Балалар жауап береді:

• Ұқыпты болу
• Бір-бірін тыңдау
• Заттарды абайлап ұстау
• Достарымен бірге жұмыс жасау

Тәрбиеші:
— Тамаша! Онда біз нағыз зерттеушілер сияқты жұмыс жасаймыз

Топқа бөліну:

1-топ — «Күншуақ» тобы
Сары түсті белгі алады.
2-топ — «Тамшылар» тобы
Көк түсті белгі алады.
3-топ — «Кемпірқосақ» тобы
Түрлі түсті белгі алады.

4-топ- «Зерттеушілер» тобы

Жасыл түсті алады

Тәрбиеші:

— Балалар, зертханаға бір қиындық келіпті.

— Барлық тәжірибелер араласып кеткен екен.

— Егер біз тапсырмаларды дұрыс орындасақ, зертхана қайта қалпына келеді.

Тәрбиеші:

— Онда зерттеуімізді бастаймыз!

«Түстерді құтқар»

Экран ойыны

Балалар экраннан дұрыс түсті таңдайды.Қызыл гүлді қызыл шеңберге т.б.

Робот: Бүгін біз **суды толығымен зерттейміз**. Су — өте ерекше және сиқырлы зат! Дайынсыңдар ма? Онда бастайық!

Су — түсін өзгертеді, көпіршік жасайды, тіпті заттарды көтере алады!

Су — нағыз сиқырлы табиғат құбылысы!

1-топ — «Күншуақ» тобы

Тәжірибе №1

«Сиқырлы су»

Қажетті заттар:

- Су
- Бояу
- Құты

Тәрбиеші:

— Қазір біз суды сиқырлаймыз!

Балалар бояуларды араластырады.

2-топ — «Тамшылар» тобы

Тәжірибе №2

«Сиқырлы көпіршіктер»

Тәрбиеші: Балалар біз судың түсін өзгерттік енді осы бояулардан тағы бір тәжірибе жасап көрейік.

-Мақталарды сусабынға батырып үрлесек көпіршіктер шығады екен.

Балалар орындайды.

3-топ — «Кемпірқосақ» тобы

Тәжірибе №3

«Заттарды сынау»

Балалар заттарды суға салады.

1 ші ыдыста тұзды көп салу

2 ші ыдыста тұзды аз салу

3 ші ыдыста тұз салмау

3 ыдысқа жұмыртқа салу қай жұмыртқа батпайтынын анықтау.

4-топ: Тәжірибе: «Ғажайып әлемді микроскоппен зерттейміз»

Мақсаты: Балаларға микроскоп арқылы ұсақ заттарды бақылап, қызығушылықтарын арттыру.

Көрсетілетін заттар:

- жапырақ бөлігі
- пияз қабығы
- құм
- мата талшығы
- Балалар микроскоппен қарап, заттардың жай көзге көрінбейтін бөліктерін бақылайды. Тәрбиеші әр заттың ерекшелігін түсіндіреді.

Қорытынды:
— Балалар, тұзы көп суда су ауырлау болады.
— Сол себепті су жұмыртқаны жоғары итереді.
— Сондықтан жұмыртқа батпай, су бетінде қалқып тұрады.
— Ал жай суда тұз жоқ, сондықтан жұмыртқа түбіне батып кетеді.
Тұзды су жұмыртқаны «ұстап тұрады».
— Сол үшін ол батпайды.
Робот: Жарайсыңдар балалар! Зерттеу жұмысын жақсы орындадыңдар. Ендеше жақсылап бір сергіп алайық.

Сергіту сәті
«Роботтар биі»
Экраннан ЖИ арқылы жасалған көңілді робот биі шығады.
Балалар қайталайды:
• Қол көтеру
• Айналу
• Секіру
• Робот жүрісі

Экран ойыны
«Жүзеді ме? Бата ма?»
Экранда:
• Тас
• Қағаз
• Алма
• Жапырақ
Балалар екі бөлікке апарады:
✅ Жүзеді
✅ Батады

Робот:
— Сендер барлық тапсырманы орындадыңдар!
— Енді сендер нағыз жас ғалымсыңдар!

Қорытынды сұрақтар
• Бүгін қайда саяхат жасадық?
• Қандай тәжірибе ұнады?
• Нені білдік?

Мадақтау
Балаларға:
🏅 «Жас зерттеуші» медалі таратылады.

Күтілетін нәтиже
Біледі:
Қарапайым тәжірибе жасауды.
Түсінеді:
Су, ауа, заттардың қасиеттерін.
Қолданады: Экранмен жұмыс жасап, тәжірибе орындайды.

Мусабек Қарлығаш Болатқызы
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«КӨҢІЛДІ ПОЙЫЗ»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты: Балаларды пойыз сияқты «шұбырып» жүруге үйрету, музыка әуенімен қимылдарды сәйкестендіруді үйрету.

Балалардың негізгі қимылдарын (жүру, жүгіру), координациясын, есту қабілетін және сөйлеу тілін дамыту. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.

Жабдықтар: Көктемгі аула (немесе топ бөлмесі), пойыздың макеті немесе «вагондарды» белгілейтін арқан, «аялдамалар» белгілері (мысалы, «Гүлдер алаңы», «Ойыншықтар станциясы»), музыкалық сүйемелдеу (пойыздың дыбысы, «Пойыз» әні), ұсақ ойыншықтар, жалаушалар.

Іс-әрекет барысы:

Тәрбиеші: Сәлеметсіңдер ме, балақайлар! Қараңдаршы, бүгін далада күн қандай тамаша!

Көктем келді, бәріміз көңілдіміз! Бүгін біз ерекше саяхатқа шығамыз.

Балалар: Сәлеметсіз бе! Иә, саяхатқа!

Тәрбиеші: Бірақ, біз жаяу бармаймыз. Бізді бір көңілді дос күтіп тұр. Ол не екенін білгілерің келе ме?

(Музыка ойнайды: пойыздың «ту-ту!» деген дыбысы шығады)

Тәрбиеші: Бұл не дыбыс? Қане, тыңдайықшы!

Балалар: Пойыз! Ту-ту!

(Тәрбиеші балаларға пойыздың суретін немесе кішкентай макетін көрсетеді)

Тәрбиеші: Дұрыс! Бұл біздің «Көңілді пойыз»! Ол бізді қызықты жерлерге апарады. Біз вагон болып тізіліп тұрайықшы.

Негізгі бөлім (Ұйымдастырушылық-ізденістік)

«Вагон болып тізілеміз» ойын-жаттығуы

Мақсаты: Балаларды бір қатарға, бірінің артына бірін тұруға үйрету.

Сипаттамасы: Тәрбиеші пойыздың «басы» (машинист) болады, ал балалар оның артына вагон болып тізіледі (бірінің иығынан немесе белінен ұстайды).

(Осы сәтте мына суретті елестетіңіз)

(Суретте: Көктемгі ауладағы түрлі-түсті «Көңілді пойыз» макеті мен оның жанында тізіліп тұрған балалар тобы. Тәрбиеші (мұғалім) көңілді, пойыздың басында тұр. Балалар жеңіл көктемгі киімде, бірінің артына бірі вагон болып, пойыздың «шұбырын» құрайды.)

Ән-би аралас қимыл-қозғалыс ойыны «Пойыз»

Мақсаты: Музыкамен жүруді, «ту-ту», «шу-шу» дыбыстарын шығарып, пойыз сияқты жылжуды, жеңіл жүгіруді үйрету.

Сипаттамасы: Тәрбиешімен бірге «Пойыз» әнін айтып, «ту-ту» деп дыбыстап, ауланы айнала жүреді. Музыка жылдамдағанда жеңіл жүгіреді, баяулағанда жай жүреді.

Ән мәтіні (шағын нұсқа):

Вагондар тізілді,
Пойыз болып біз енді.
Ту-ту, ту-ту, ту-ту-ту,
Алға, алға, жүреміз біз!
Шу-шу-шу, шу-шу-шу, шу-шу-шу,
Жылдам, жылдам, жүреміз біз!
(Музыка ырғағымен пойыз қозғалады)

Тәрбиеші: Қандай тамаша! Пойызымыз жылдам келеді!

(Осы сәтте мына суретті елестетіңіз)

(Суретте: Музыка ырғағымен қозғалып бара жатқан пойыз. Балалар ән айтып, «ту-ту», «шу-шу» деп дыбыстап, тәрбиешімен бірге ауланы айналып барады. Олардың қимылдары динамикалық, көңілді. Фонда көктемгі гүлдер мен жасыл ағаштар көрінеді. Бірінші аялдама — «Гүлдер алаңы» белгісі көрінеді.)

Тәрбиеші: Ой, балалар! Тыңдаңдаршы! Пойызымыз аялдамаға жақындады.

(Музыка баяулайды, пойыз тоқтайды)

Тәрбиеші: Бұл қай аялдама? Бұл — «Гүлдер алаңы»!

«Гүлдер алаңы» аялдамасы (Қимыл-қозғалыс үзілісі)

Мақсаты: Балаларды жеңіл қимылдар жасауға, гүлдерді «жинауға» немесе гүл сияқты «ашылуға» ынталандыру.

Сипаттамасы: Балалар пойыздан шығып (бірақ қатардан ұзамай), тәрбиешімен бірге жеңіл жаттығулар жасайды: қолдарын жоғары көтеріп (гүлдер өседі), төмен түсіріп (жел соғады), қолдарын ашып-жабады (гүлдер ашылады).

Тәрбиеші: Қандай әдемі гүлдер! Қане, бәріміз гүл сияқты қолдарымызды жоғары созайықшы! Күнге қарай өсеміз! Ал енді жел соқты, гүлдер шайқалды (қолдарын шайқайды). Гүлдер ашылды!

«Ойыншықтар станциясы» аялдамасы (Кедергілерден өту)

Мақсаты: Координацияны, тепе-теңдікті сақтауды дамыту.

Сипаттамасы: Пойыз қайтадан жолға шығып, келесі аялдама — «Ойыншықтар станциясына» барады. Бұл жерде балаларға кішкене кедергілерден өту ұсынылады (мысалы, арқан үстінен аттау, кішкене доптарды айналып өту).

(Музыка ойнайды, пойыз қозғалады, сосын тоқтайды)

Тәрбиеші: Міне, біз «Ойыншықтар станциясына» келдік! Мұнда қандай көп ойыншықтар! Бірақ оларға жету үшін біз кішкене кедергілерден өтуіміз керек.

(Осы сәтте мына суретті елестетіңіз)

(Суретте: «Ойыншықтар станциясы» аялдамасындағы балалардың белсенді ойыны. Ауладағы кішкене кедергілер (түрлі-түсті обручтар мен арқан) көрінеді. Балалар (сол 10 бала) осы кедергілерден өтіп, ойыншықтарды жинауға тырысады. Тәрбиеші (мұғалім) көмектеседі. Олардың қимылдары белсенді, көңілді. Фонда көктемгі гүлдер мен жасыл ағаштар.)

Тәрбиеші: Қандай тамаша! Барлық ойыншықтарды жинадық! Енді біз үйге қайтайықшы.

Қорытынды бөлім (Рефлексиялық-түзетушілік)

Тәрбиеші: Пойыз тағы да жолға шықты.

(Пойыз қайтадан қозғалып, ауланы айналып, топқа немесе бастапқы орынға келеді. Музыка баяулайды.)

Тәрбиеші: Міне, біз үйге келдік! Бүгін біз «Көңілді пойызда» саяхаттадық. Қайда бардық? Не көрдік? Не жинадық?

Балалар: Гүлдерге, ойыншықтарға! Гүл жинадық! Ойыншық жинадық!

Тәрбиеші: Дұрыс! Қандай жақсы саяхат болды! Сендер өте жақсы, көңілді вагондар болдыңдар! Саяхат ұнады ма?

Балалар: Иә, ұнады!

Тәрбиеші: Ал енді пойызымыз демалсын, біз де кішкене демалайықшы. Сау болыңдар!

Болжамды нәтижелер:

Бимен аралас пойыз сияқты жүруді, музыка ырғағымен қимылдарды сәйкестендіруді, «ту-ту», «шу-шу» дыбыстарын шығаруды.

Таза ауада ойнаудың пайдасын, бір-біріне көмектесудің маңыздылығын.

Көктемгі ауладағы қимыл-қозғалыс ойындарында алған дағдыларын.

Берикбаева Гулмира Нурмуханбетовна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ГИДРОПОНИКА – ӨСІМДІК ТОПЫРАҚСЫЗ ӨСЕ АЛА МА?»

Зерттеу сұрағы: Өсімдік міндетті түрде топырақта ғана өсе ме?

Құралдар: Мөлдір стақан,су,пияз немесе салат жапырағының көшеті

Гидропоникаға арналған керамзит немесе ұсақ тас

Топыраққа отырғызылған дәл сондай өсімдік





Зерттеу барысы:

1. Балалар екі өсімдікті бақылайды.
2. Бір өсімдік – топырақта.
3. Екіншісі – суда (гидропоникада).
4. Тамырларын салыстырады.

Тәрбиешінің сұрақтары:

Қай өсімдік суда тұр?

Тамыры қай жерде орналасқан?

Өсімдікке не қажет деп ойлайсыңдар?

Қорытынды: Балалар өсімдікке тек топырақ емес, су, жарық, ауа және күтім қажет екенін түсінеді. Кейбір өсімдіктерді гидропоника әдісімен де өсіруге болады.

Зерттеу орталығы 2:«Тастардың құпиясы»

Зерттеу сұрағы: Барлық тастар бірдей ме?

Құралдар:Әртүрлі көлемдегі тастар,лупа,су құйылған ыдыс,магнит,таразы
Зерттеу тапсырмалары:
1-тәжірибе Тастарды қолмен ұстап көру.
Балалар анықтайды:
Тегіс пе?
Бұдыр ма?
Үлкен бе?
Кішкентай ма?
Ауыр ма?
2-тәжірибе Тасты суға салу.
Сұрақ:
Батты ма, әлде қалқып тұр ма?
Қорытынды: Тас ауыр болғандықтан суға батады.
3-тәжірибе Лупамен қарау.
Балалар:Түстерін;сызықтарын;дақтарын;пішіндерін байқайды.
4-тәжірибе Магнитпен тексеру.
Балалар барлық тастың магнитке тартылмайтынын байқайды.
Зерттеу қорытындысы
Тәрбиеші балалармен бірге кесте толтырады.




Зерттелген нысан Не байқадық?
Қорытынды

Су Өсімдікке қажет Сусыз тіршілік болмайды
Топырақ Өсімдік өседі Қоректік орта
Гидропоника Өсімдік суда да өсе алады Су, жарық, күтім маңызды
Тас Әртүрлі болады, суға батады Табиғаттың байлығы
Қорытынды сұрақтар
Жер бізге нелерді сыйлайды?
Тастар не үшін қажет?
Өсімдіктерді қалай күтеміз?
Жерді не үшін ортақ үйіміз дейміз?
Тәрбиешінің қорытынды сөзі: «Жер – біздің ортақ үйіміз. Оның әрбір байлығы – суы, топырағы, тастары, өсімдіктері – біз үшін өте маңызды. Сондықтан табиғатты қорғау – бәріміздің ортақ міндетіміз.»

Мамыхова Үмит Каржаубаевна
Дефектолог, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың саны артып келеді. Сондықтан олардың танымдық, сөйлеу, сенсорлық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдау – дефектолог маманның негізгі міндеттерінің бірі. Дефектолог әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, оның дамуындағы қиындықтарды түзетуге және әлеуетін ашуға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізеді.

Дефектологтың негізгі мақсаты – баланың танымдық белсенділігін арттыру, есте сақтауын, зейінін, ойлауын, қабылдауын, ұсақ және жалпы моторикасын дамыту, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру және қоғамға бейімделуіне ықпал ету.

Түзету-дамыту жұмыстары барысында:

- сенсорлық дамыту жаттығулары;
- ұсақ және жалпы мотриканы дамыту;
- нейрожаттығулар;
- Су-Джок терапиясы;
- арт-терапия;
- құм терапиясы;
- саусақ ойындары;
- дидактикалық және сюжеттік-рөлдік ойындар;
- логикалық ойлау мен есте сақтауды дамыту тапсырмалары;
- кеңістікті бағдарлау және математикалық түсініктерді қалыптастыру жұмыстары қолданылады.

Су-Джок терапиясы мен саусақ жаттығулары баланың ми қызметін белсендіруге, ұсақ моторикасын жетілдіруге және танымдық процестерін дамытуға ықпал етеді.


Арт-терапия мен құм терапиясы балалардың эмоциялық жай-күйін тұрақтандырып, шығармашылық қабілетін, қиялын және қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Дефектологтың жұмысында ойын технологиялары ерекше орын алады. Ойын барысында бала тапсырманы қызығушылықпен орындайды, өз ойын еркін жеткізуге, мәселені шешуге және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Түзету жұмыстарының тиімділігі ата-анамен және тәрбиешілермен бірлескен жүйелі жұмысқа байланысты. Үйде орындалатын қарапайым ойындар мен жаттығулар баланың жетістігін нығайтып, жаңа дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, дефектологтың түзету-дамыту жұмыстары ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың жан-жақты дамуына, мектепке дайындығына және қоғамға табысты бейімделуіне үлкен ықпал етеді. Әр баланың мүмкіндігі шексіз, ең бастысы – оны дер кезінде қолдап, дұрыс бағыт бере білу.

Конаева Кулшара Узаковна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



КВЕСТ ОЙЫНЫ: «МАТЕМАТИКА ПАТШАЛЫҒЫН ҚҰТҚАРАЙЫҚ!»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: Мектепалды даярлық тобы
Ұзақтығы: 30 минут

Топқа сиқырлы сандық келеді. Оның ішінде хат болады.

«Сәлем, балалар! Мен – Математика ханшайымымын. Зұлым сиқыршы барлық сандарды сиқырлап, құлыптап тастады. Оларды құтқару үшін сендерге 5 бекеттен өтіп, барлық тапсырманы орындау керек. Әр бекеттен кейін кілттің бір бөлігін аласыңдар. Соңында қазына сандығы ашылады!»

Балаларға «Қазына картасы» беріледі. Әр тапсырманы орындаған сайын картаға жұлдызша жапсырады.

1-бекет. «Сандар пойызы»
Көңілді музыка қосылады.
Балалар едендегі 1–10 сандарының үстімен жүріп өтеді.
Тапсырмалар:
- 1-ден 10-ға дейін сана.
- 10-нан 1-ге дейін кері сана.
- Көрсетілген саннан кейінгі санды ата.
- Алдындағы санды ата.

Балалар бірінші кілтті алады.

2-бекет. «QR-кодтың құпиясы»
Топтың әр жеріне QR-кодтар ілінеді.
Педагог телефонмен QR-кодты сканерлейді.
Экраннан тапсырма шығады.

Мысалы:
- 8 алма бар. Тағы 1 алма келді. Барлығы неше алма?
- 6 көбелек ұшты. Оның екеуі кетіп қалды. Қанша көбелек қалды?
- 5 шардың суретін тап.
Әр дұрыс жауап үшін балаларға пазлдың бір бөлігі беріледі.

3-бекет. «Жасырын конверт»
Топтан түрлі түсті конверттер табылады.
Ішінде тапсырмалар болады.
Үшбұрышты тап. Шаршыдан үй құрастыр.Дөңгелектерді сана. Тіктөртбұрыштарды ата.
4-бекет. «Із кесушілер»
Еденге түрлі түсті іздер жапсырылады.
Іздер балаларды келесі тапсырмаға апарады.
Әр іздің астында сұрақ:
- Қай топта заттар көп?
- Қай топта кем?
- Қай сан жетіспейді?
- 7 санының көршілерін ата.
Балалар дұрыс жауап берсе, алтын кілт алады.
5-бекет. «Қазына сандығы»
Барлық кілттерді біріктіреді.
Сандық ашылады.
Ішінен:«Жас математик» медальдары; Жұлдызшалар; Кішкентай тәттілер шығады.
Қосымша ойын: «Кубикті лақтыр»
Кубикте неше нүкте түссе:
- сонша рет секір;
- сонша рет қол шапалақта;
- сонша рет отырып-тұр.
Рефлексия
Балалар таңдайды:
Мен барлық тапсырманы орындадым.
Маған қызықты болды.
Келесі жолы одан да жақсы орындаймын.

Қортынды: Музыка қосылып, Математика ханшайымы (тәрбиеші немесе қуыршақ) балаларға:

«Сендер бүгін нағыз тапқыр, алғыр математик екендеріңді дәлелдедіңдер! Математика патшалығын құтқардыңдар! Жарайсыңдар!» – деп марапаттайды.

Сембекова Гулжан Алтаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таугүл» бөбекжай - балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«СУ МЕН ЖАРЫҚТЫ ҮНЕМДЕЙІК!»

(Ойын арқылы ұйымдастырылған іс-әрекет)

Жасы: Ересектер тобы (4–5 жас)
Мақсаты: Балалар су мен электр жарығының адам өміріндегі маңызын түсінеді, оларды үнемдеу жолдарын атайды және күнделікті өмірде дұрыс қолдануға дағдыланады.
Міндеттері: Білімдік: Су мен жарықты үнемдеудің маңызын түсіндіру.
Дамытушылық: Ойлау, салыстыру, талдау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.
Тәрбиелік: Табиғатты қорғауға, ұқыптылыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу.
Құрал-жабдықтар: Су тамшысы мен шамның суреттері; Көк және сары түсті карточкалар; Кран, шам, теледидар, күн, жаңбыр бейнелері; «Дұрыс – бұрыс» суреттері; Эко-белгілер.

Іс-әрекет барысы
1. Шаттық шеңбері
Балалар шеңберге тұрып:

Күн күлімдеп тұр бүгін,
Суымыз мөлдір, нұрлы күн.
Табиғатты қорғайық,
Үнемдеуді қолдайық!

2. Қызығушылықты ояту
Тәрбиеші қолына су тамшысы мен шамды алып келеді.
Сұрақтар: Су не үшін қажет? Жарық болмаса не болады? Осы байлықтарды қалай сақтаймыз?

3. Негізгі бөлім
Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?»
Тәрбиеші суреттер көрсетеді.
Мысалы:Кранан су бос ағып тұр.
Бала тіс жуғанда кранды жауып қойды.
Бөлмеде ешкім жоқ, бірақ жарық жанып тұр.
Күндіз терезеден жарық түсіп тұр, шам өшірулі.

Балалар:
👍 – дұрыс;
👎 – бұрыс екенін көрсетеді және себебін түсіндіреді.
Қимылды ойын: «Тамшы мен Күн сәулесі»
Балалардың жартысы – су тамшылары, жартысы – күн сәулелері.
Музыка ойнағанда еркін қозғалады. Музыка тоқтағанда тәрбиеші:
«Кранды жап!» – тамшылар шеңберге жиналады.
«Шамды өшір!» – күн сәулелері қолдарын төмен түсіріп, тыныштalады.
Ойын 3–4 рет қайталанады.
Дидактикалық ойын: «Үнемдей біл!»
Үстелде әртүрлі суреттер жатады.
Балалар екі себетке бөледі:
«Үнемдеймін»
«Үнемдемеймін»
Әр суретті таңдап, неге сол жерге қойғанын түсіндіреді.

4. Сергіту сәті
Тамшы болып тамамыз,
Бұлақ болып ағамыз.
Күн сәулесін шашамыз,
Жерді бірге қорғаймыз!

5. Қорытынды
«Сиқырлы микрофон» әдісі
Балалар сөйлемді аяқтайды:
Мен суды...
Мен жарықты...
Табиғатты қорғау үшін...
Рефлексия
Тәрбиеші балаларға су тамшысы мен шам бейнесіндегі смайликтер ұсынады.
💧 – «Мен суды үнемдей аламын».
💡 – «Мен жарықты үнемдей аламын».

Күтілетін нәтиже
Су мен жарықтың маңызын біледі.
Үнемдеу ережелерін атайды.
Күнделікті өмірде суды және электр жарығын ұқыпты пайдалануға талпынады.

Мукажанова Ботагоз Туринбековна
Меңгеруші, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА «БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫН ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық, танымдық және әлеуметтік дамуының негізі қаланатын маңызды кезең. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты балалардың ұлттық мәдениетке негізделген құндылықтарды меңгеруіне, ойын арқылы оқыту технологияларын қолдануға ерекше мән береді.

Ұлттық ойындар – халқымыздың рухани мұрасы ғана емес, балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал. Соның ішінде «Бестемше» ойыны баланың логикалық ойлауын, есептеу дағдыларын, стратегия құру қабілетін және шыдамдылығын қалыптастырады.

«Бестемше» ойынының тәрбиелік маңызы.«Бестемше» – қазақ халқының ұлттық зияткерлік ойындарының бірі. Ойын барысында балалар:

- логикалық ойлау қабілетін дамытады;
- салыстыру, талдау және қорытынды жасауға үйренеді;
- қарапайым математикалық әрекеттерді меңгереді;
- зейінін тұрақтандырады;
- шыдамдылық пен жауапкершілікке тәрбиеленеді;
- ұлттық мәдениетке қызығушылық танытады.

Ойынды енгізудің тиімді жолдары

1. Дамытушы орта ұйымдастыру

Топ бөлмесінде ұлттық ойын бұрышы жасақталып, ағаштан немесе экологиялық материалдардан дайындалған «Бестемше» ойын тақталары орналастырылады.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдану

Ойынды «Математика негіздері», «Қарым-қатынас», «Таным», «Ойын арқылы оқыту» бағыттарында қолдануға болады. Балалар алдымен қарапайым ережелермен танысып, кейін жұппен және шағын топтарда ойнайды.

3. Еркін ойын кезінде пайдалану

Балалар өздігінен немесе тәрбиеші жетекшілігімен ойын ойнап, алған білімдерін бекітеді.

4. Ата-аналармен бірлескен жұмыс

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты отбасылық сайыстар, шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, ата-аналарға ойынның тәрбиелік мүмкіндіктері түсіндіріледі.

5. Цифрлық технологиямен ұштастыру

Интерактивті тақта, бейнематериалдар, электрондық тапсырмалар арқылы ойынға қызығушылық арттыруға болады.

Күтілетін нәтижелер

«Бестемше» ойынын жүйелі қолдану нәтижесінде тәрбиеленушілер:

- логикалық тапсырмаларды шешуге талпынады;
- математикалық ұғымдарды жеңіл меңгереді;
- ұлттық ойындарға қызығушылық танытады;
- бірлесіп әрекет ету дағдыларын қалыптастырады;
- өз ойын дәлелдеп айтуға үйренеді;
- танымдық белсенділігі артады.

Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі білім беру мазмұнына енгізу – жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің тиімді жолдарының бірі. «Бестемше» ойыны балалардың интеллектуалдық дамуын қолдап қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін, қарым-қатынас мәдениетін және ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан аталған ойынды ұйымдастырылған іс-әрекетте, еркін ойын барысында және отбасы тәрбиесінде жүйелі қолдану бүгінгі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Манькеева Майнур Ерасиловна
Тәрбиеші, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ТАБИҒАТТАҒЫ СУ АЙНАЛЫМЫ»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты: Балаларға жаңбырдың пайда болу жолын тәжірибе арқылы түсіндіру, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, ойлау және сөйлеу дағдыларын дамыту.

Ресурстар: Робот кейіпкер, күн–бұлт–жаңбыр макеті, суы бар ыдыс, тамшылар бейнесі

Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері

— Қайырлы күн, күлімдеген күндей балаларым!
Қолымызды күнге созайық,
Жүрегімізді жылуға толтырайық
Осы кезде әуенмен **робот қонаққа келеді**.

Робот: — Сәлем, балалар! Мен білім іздеген роботпын. Сендер ақылдысыңдар ма? Онда жұмбағымды шешіп көріңдер!

Балалар сәлеметсің бе робот?

Жұмбақ

Аспанда тұрады,
Жерге су құяды.
(Жаңбыр) Балалар жауап береді.

Робот: — Жарайсыңдар!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Роботтың жұмбағын дұрыс шештіңдер енді менде бір жұмбақ жасырып көрейінші сендерге.

Алтын сандық ашылды
Жақұты жерге шашылды
(күн)

Балалар жұмбақтың шешуін табады.

Жарайсыңдар балалар!

Балалар іс-әрекетімізді жалғастыру үшін бізге тыныштық қажет, қане сергіту сәтіне тұрайық

Сергіту сәті (тыныс алу жаттығуы)

«Бұлт пен жел» жаттығуы

Балалар мұрынмен терең дем алады (бұлт жиналады),
Ауызбен жай шығарады (жаңбыр тамшылайды).

Робот: — Ал жаңбыр қайдан пайда болады екен?

Тәрбиеші: — Оны өз көзімізбен көрейік. Бәріміз **сиқырлы макетке** жақындайық.

Макет арқылы түсіндіру:

Жаңбыр табиғаттағы су айналымының маңызды бөлігі. Алдымен күннің жылуы әсерінен өзендердегі, көлдердегі, теңіздер мен мұхиттардағы су бұланады, яғни көзге көрінбейтін бұға айналып ауаға көтеріледі. Бұл бұ жоғары көтерілген сайын салқындайды. Салқындаған су буы ұсақ тамшыларға бірігіп, бұлттарды түзеді. Олар ауырлаған кезде ауада ұзақ тұра алмай, жерге жаңбыр болып жауады. Осылайша жерге жаңбыр қайта түсіп өзен көлдерді толтырады, өсімдіктерді нәрлендіреді және тіршілікке қажетті суды қамтамасыз етеді.

Табиғатта бәрі өзара байланысты. Жаңбыр жаумаса жер құрайды, өсімдіктер өспейді, ал өсімдік болмаса жануарлар мен адамдар да өмір сүре алмайды. Қоршаған ортаны ластамау, суды үнемдеу, ағаш отырғызу арқылы біз табиғатты сақтай аламыз.

Балалар егер жаңбыр болмаса не болар еді?

Жаңбыр кімдерге пайдалы?

Балалардың жауаптары.

Енді балалар қимылды ойын ойнайықшы

Қимылды ойын «Тамшыдан – жаңбырға дейін»

Балалар тамшы болып секіреді, бірігіп бұлтқа айналады, соңында жаңбыр болып жерге “жауады” (отырад

Тәрбиеші:

Балалар біз не білдік?

Не үйрендік?

Жаңбыр қайдан пайда болады екен?

Балалардың жауаптары.

— Жаңбыр жауса, жер анамыз күледі,
— Гүлдер жайқалып,
— Ағаштар көгереді,
— Табиғат бізге алғыс айтады

Робот: — Сендер нағыз зерттеушісіңдер! Мен сендермен мақтанамын!

Балалар роботпен қоштасады.

Рефлексия

Балалар күн, бұлт, тамшы смайликтері арқылы өз көңіл күйін білдіреді.

Достаева Алиса Самигулловна
Әдіскер, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен оны жас ұрпақтың бойына сіңіру – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Ұлттық тәрбие – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, мәдениеті мен рухани мұрасын келер ұрпаққа жеткізудің алтын көпірі. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңнен бастап балалардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту – әрбір тәрбиешінің басты міндеті.


Мектепке дейінгі жас – баланың дүниетанымы қалыптасатын, мінезі мен тұлғалық қасиеттерінің негізі қаланатын ерекше кезең. Осы шақта берілген тәрбие баланың болашақ өміріне бағыт-бағдар береді. Сондықтан балабақшадағы әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте халқымыздың ұлттық құндылықтарын тиімді пайдалану балалардың туған жеріне, ана тіліне, ұлттық мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Балабақшада ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі бағыттары

1. Ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу

Тіл – ұлттың жаны. Баланың сөздік қорын қазақтың мақал-мәтелдері, жаңылтпаштары, жұмбақтары, ертегілері мен халық ауыз әдебиеті арқылы байыту оның тіл мәдениетін ғана емес, ұлттық дүниетанымын да қалыптастырады. Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте ана тілінің байлығын пайдалану балалардың сөйлеу қабілетін жетілдіреді.





2. Ұлттық ойындарды қолдану

Қазақ халқының ұлттық ойындары – балаларды ептілікке, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, тапқырлыққа тәрбиелейтін тиімді құрал. «Ақсерек-көксерек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Асық ату», «Сақина салу» сияқты ойындар арқылы балалардың дене дамуы ғана емес, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасы қалыптасады.

3. Салт-дәстүрлермен таныстыру

Балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. «Тұсау кесу», «Бесікке салу», «Шілдехана», «Наурыз мерекесі» сияқты ұлттық дәстүрлердің тәрбиелік мәнін түсіндіру арқылы балалар өз халқының мәдени мұрасын құрметтеуге үйренеді.

4. Ұлттық өнер мен қолөнерге баулу

Ою-өрнектерді таныстыру, киіз үйдің құрылымын үйрету, ұлттық киімдер мен музыкалық аспаптарды көрсету балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырады. Сонымен қатар ұлттық қолөнер элементтерін пайдалана отырып орындалатын шығармашылық жұмыстар балалардың қиялы мен шығармашылық қабілетін дамытады.

5. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу

Ұлттық тәрбиенің бастауы – отбасы. Балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, қонақжайлық, ізеттілік, мейірімділік сияқты қасиеттер баланың бойында табиғи түрде қалыптасады. Ата-аналарды ұлттық бағыттағы іс-шараларға қатыстыру тәрбиенің тиімділігін арттырады.

Тәжірибеде қолданудың тиімділігі

Балабақшада ұлттық құндылықтарға негізделген жұмыстарды ұйымдастыру төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

* балалардың туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігі артады;
* мемлекеттік тілге деген құрметі қалыптасады;
* ұлттық салт-дәстүрлерді танып, құрметтеуге үйренеді;
* адамгершілік, мейірімділік, сыйластық қасиеттері дамиды;
* шығармашылық және танымдық белсенділігі артады;
* ұлттық ойындар арқылы денсаулығы нығайып, ұйымшылдыққа тәрбиеленеді;
* ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы тұрақты қалыптасады.





Тәрбиешінің рөлі

Ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру ең алдымен тәрбиешінің кәсіби шеберлігіне байланысты. Тәрбиеші әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетті ұлттық мазмұнда жоспарлап, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қызықты әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет. Сонымен қатар өзі ұлттық мәдениетті құрметтеп, балаларға үлгі бола білуі – тәрбиенің нәтижелілігінің басты кепілі.

Баланың жүрегіне ұлттық рухты күшпен емес, қызықты ойын, әсерлі әңгіме, халық шығармашылығы, ұлттық мерекелер мен шығармашылық жұмыстар арқылы жеткізу әлдеқайда тиімді.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі тәрбиенің өзегіне айналдыру – болашақ ұрпақтың ұлттық болмысын сақтаудың ең сенімді жолы. Балабақшада берілген ұлттық тәрбие баланың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып қана қоймай, туған еліне, жеріне, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырады. Өз халқының тарихын, мәдениетін, дәстүрін құрметтеп өскен ұрпақ – елдің ертеңі, тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы. Сондықтан ұлттық құндылықтарды дәріптеу – әрбір мектепке дейінгі ұйым мен педагогтің қасиетті міндеті.

Узбекова Айжан Төкенқызы
Тәрбиеші, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ҚУЫРШАҚҚА КӨМЕКТЕСЕЙІК»

Мақсаты: Балаларды қуыршаққа қамқор болуға, киіндіру, тамақтандыру, серуенге шығару сияқты қарапайым рөлдік әрекеттерді орындауға үйрету; сөйлеуді дамыту; жасанды интеллект элементтері арқылы танымдық қызығушылықты арттыру.

Қажетті ресурстар:
Қуыршақ (нәресте бейнесіндегі)
Киімдер жиынтығы (қалпақ, куртка, шұлық, аяққиім)
Ойыншық тамақ түрлері (ботқа, банан, алма, сүт)
Пеленка, арба

Жасанды интеллект көрнекіліктері:
1. «Қуыршақ не қалайды?» — интерактив карточкалар
2. «Дұрыс па, бұрыс па?» — ЖИ пиктограммалар
3. «Қуыршақтың көңіл-күйі» — эмоция смайликтер
4. «Не жетпейді?» — ЖИ тапсырма карточкасы

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы

1-кезең: Қызықтыру
Тәрбиеші үстелге отырғызылған қуыршақты көрсетеді.
— Балалар, қараңдаршы, бүгін бізге кім келіпті?
— Қуыршақ бізден көмек сұрап отыр екен.
«Қуыршақтың көңіл-күйі» (күліп тұр/жылап тұр).
Тәрбиеші балаларға смайликті таңдатқызады.
— Қуыршақ неге жылап тұр? Неге көмектесейік?
Балалар: *«Киіндіреміз», «тамақ береміз»* сияқты жауап айта бастайды.

2-кезең: Негізгі бөлім

1. Киіндіру рөлі

«Қуыршақ не қалайды?» — дұрыс киімін тап
Картада 3 зат беріледі: қалпақ, ыдыс, шұлық → бала киім затын таңдайды.
Тәрбиеші:
— Қазір біз қуыршақты киіндіреміз. Бұл не? (қалпақ)
— Қайда киеміз? (басына)
Балалар ойын арқылы әрекетті қайталайды.

Тіл дамыту:
«Киін», «шеш», «кигіздік», «суық», «жылы» сөздері айтылады.

2. Тамақтандыру рөлі

Тәрбиеші үстелге ойыншық тамақтарды қояды.

«Не жетпейді?» — қасында ботқа мен қасықтың суреті → бала қасықты табады.

Тәрбиеші:

— Қуыршақ аш болып қалыпты. Не береміз?

— Бұл не? (ботқа)

— Қалай береміз? (қасықпен)

Балалар қуыршақты кезекпен тамақтандырады.

3. Серуенге шығару рөлі

ЖИ карточка:

«Дұрыс па, бұрыс па?»

Суреттер:

баламен арбада серуендеу

қуыршақты лақтырып ойнау

Тәрбиеші:

— Қайсысы дұрыс? Қуыршаққа қалай қамқор боламыз?

Балалар серуенге шығарып «көшеде жүру», «жүр, қуыршақ» деп сөйлеуге ынталандырылады.

4. Жасанды интеллект мини-диалогы

Тәрбиеші планшет/көрнекілік ретінде ЖИ карточканы көрсетеді:

«Қуыршақ не айтады?» (дыбыс көпіршігінде 3 нұсқа)

1. «Маған суық…»
2. «Мен ашпын…»
3. «Мен серуенге шыққым келеді…»

Бала карточканы таңдап, әрекет жасайды.

3-кезең: Қорытынды

Балалар бүгінгі көмегін қорытындылайды:

— Қуыршақты киіндірдік

— Тамақтандырдық

— Серуенге шығардық

— Қамқор болдық

эмоция картасынан қуыршақтың «қуанышты» смайлигі таңдатылады.

Балаларға «Қамқор бала» жапсырмасы беріледі.

Тапсырмалар (ойын элементтері)

1**Суреттен киімді тап»**

— 3 зат ішінен киім түрін таңдайды.

2**«Не жетпейді?»**

— Қуыршақты тамақтандыруға немесе киіндіруге жетіспейтін затты табады.



3 **«Дұрыс – бұрыс»**

— Қуыршақпен дұрыс ойнау мәдениетін ажыратады.

4 **«Қуыршақтың көңіл күйін анықта»**

— Эмоцияны сәйкестендіреді.

5 **«Кім не істейді?»**

— Балалар дұрыс әрекетті сөзбен айтады: «мен кидім», «бердім», «жүрдік».

Сәрсебек Әлия Еркінбекқызы
Тәрбиеші, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«АТА-АНАМЕН ТИІМДІ СЕРІКТЕСТІК – САПАЛЫ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ»

Қазақстан Республикасының білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі –ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Бұл міндетті жүзеге асыру мектепке дейінгі тәрбиеден басталады. Өйткені баланың бәсекеге қабілетті, жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізі дәл осы кезеңде қаланады. Мектепке дейінгі ұйым – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы болса, отбасы – оның өмірлік құндылықтары мен мінез-құлқының қалыптасуына ықпал ететін негізгі тәрбие ошағы. Сондықтан бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның өзара байланысы ерекше маңызға ие. Екі жақтың мақсат-мүддесі бір арнаға тоғысқанда ғана тәрбиенің нәтижесі жоғары болады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдардың алдында тұрған басты міндеттердің бірі – ата-аналарды білім беру үдерісіне белсенді тарту, олардың педагогикалық мәдениетін көтеру және баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты ортақ жауапкершілікті қалыптастыру. Осы бағыттағы жұмыстар ата-анамен өзара сенімге негізделген серіктестікті қажет етеді.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым мен ата-ана арасындағы тиімді серіктестіктің бала тәрбиесіндегі маңызын айқындау, тәжірибеде қолданылатын тиімді жұмыс түрлерін көрсету және олардың тәрбиелік нәтижесін талдау.

Міндеттері

- ата-анамен серіктестіктің теориялық негіздерін қарастыру;
- мектепке дейінгі ұйымдағы ата-анамен жұмыстың тиімді формаларын сипаттау;
- тәжірибеде қолданылатын жұмыс түрлерін талдау;
- ата-анамен бірлескен жұмыстың бала дамуына ықпалын көрсету.

Зерттеу нысаны: Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеші мен ата-ана арасындағы серіктестік жұмысы.

Зерттеу әдістері: Педагогикалық бақылау, тәжірибені жинақтау, салыстыру, талдау және қорытындылау әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Отбасы – баланың тұлға болып қалыптасатын алғашқы әлеуметтік ортасы. Бала ең әуелі ата-анасынан мейірімділікті, қамқорлықты, сыйластықты және қарым-қатынас мәдениетін үйренеді. Ал мектепке дейінгі ұйым осы тәрбиені жалғастырып, баланың денсаулығы мен өмірін қорғай отырып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес дағдыларды қалыптастырады. Сондықтан отбасы мен балабақша бір бағытта жұмыс істеген жағдайда ғана тәрбиенің нәтижесі жоғары болады. Мектепке дейінгі ұйымдағы ата-анамен жұмыс – тек жиналыс өткізумен шектелмейді. Ол өзара сенім, пікір алмасу және бірлескен іс-әрекет арқылы жүзеге

асады. Педагог әрбір ата-ананың пікіріне құрметпен қарап, баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізуі қажет. Өз тәжірибемде ата-анамен жұмысты бірнеше бағытта ұйымдастырамын. Атап айтқанда, ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шығармашылық көрмелер, ұлттық мерекелер, спорттық жарыстар және отбасылық жобалар жүйелі түрде өткізіледі. Мұндай жұмыстар ата-аналардың балабақша өміріне қызығушылығын арттырып, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді. «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасында өткізілетін ұлттық мерекелер, шығармашылық көрмелер, экологиялық акциялар және спорттық сайыстарға ата-аналар белсенді қатысады. Осындай іс-шаралар барысында балалар ата-аналарымен бірге тапсырмалар орындап, шығармашылық қабілеттерін дамытады, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйренеді. Тәжірибеде, ата-анасы балабақша өміріне белсенді араласатын балалардың өзіне деген сенімі жоғары болады. Баланың мен бейнесі ерте жастан қалыптасатын болады. Олар іс-әрекеттерге қызығушылықпен қатысып, құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды және жаңа білімді тез қабылдайды. Осындай қарым-қатынас қалыптасқан жағдайда ғана бала өзін қауіпсіз әрі жайлы ортада сезініп, жан-жақты дамуға мүмкіндік алады.

Тәжірибелік нәтиже

«Күншуақ» бөбекжай-балабақшасында ата-анамен серіктестік бағытында жүргізілген жұмыстар оң нәтижесін көрсетті. Атап айтқанда, ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы артты, бірлескен іс-шаралардың саны көбейді және педагогтер мен ата-аналар арасындағы өзара сенім нығайды.

Ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылған «Отбасылық шығармашылық көрме», ұлттық мерекелер, спорттық сайыстар, іс-әрекеттер мен түрлі тәрбиелік жобалар балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етті. Сонымен қатар мұндай жұмыстар ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауына және балабақшамен тығыз байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Балабақшамызда ата-аналарға жан-жақты қолдау көрсету мақсатында «Ата-аналарға кеңес беру бөлмесі» жұмыс істейді. Кеңес беру барысында ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сай тәрбиелеу, дамыту, психологиялық қолдау көрсету, тілін дамыту, ұсақ моторикасын жетілдіру, қауіпсіздік ережелері және балабақша мен отбасы арасындағы тиімді серіктестікті нығайту мәселелері бойынша жеке консультациялар ұйымдастырылды.





Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде:

- ата-аналардың педагогтермен кері байланысы тұрақты жолға қойылды;
- балалардың балабақшаға деген қызығушылығы артты;
- тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың қатысу белсенділігі өсті;
- отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік нығайды;
- бала тәрбиесіне қойылатын ортақ талап қалыптасты.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ата-анамен тиімді серіктестік – сапалы тәрбиенің маңызды шарты. Баланың толыққанды дамуы отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара түсіністігіне, қолдауына және бірлескен жұмысына байланысты. Педагогтің кәсіби шеберлігі тек балалармен жұмыс жасаумен шектелмейді. Ол ата-анамен сенімді қарым-қатынас орнатып, оларды білім беру үдерісінің белсенді қатысушысына айналдыра білуі қажет. Осындай серіктестік арқылы ғана балаға қолайлы даму ортасы қалыптасады. Болашақта да ата-анамен жұмыстың жаңа әрі тиімді формаларын енгізу, цифрлық технологияларды пайдалану және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту – мектепке дейінгі ұйым қызметінің басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Оразова Шынар Ешеновна
Меңгеруші, басшы-ұйымдастырушы
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



БАЛАБАҚШАНЫ БАСҚАРУ: ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІК, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ АДАМИ КАПИТАЛ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымын тиімді басқарудың заманауи бағыттары мен басқарушылық қызметтің негізгі басымдықтары қарастырылады. Балабақша меңгерушісінің стратегиялық көшбасшылықты жүзеге асырудағы, педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытудағы, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудағы және білім беру сапасын арттырудағы рөлі жан-жақты талданады. Сонымен қатар педагогикалық инновацияларды енгізу, STEAM-білім беру элементтерін қолдану, балалардың жұмсақ дағдыларын дамыту, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту және қауіпсіз, дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыру мәселелері қамтылған. Мақалада мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы жүйелі менеджмент пен адами құндылықтарға негізделген басқарудың тиімділігі ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан негізделеді.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі білім беру ұйымы, балабақша меңгерушісі, білім беру менеджменті, стратегиялық басқару, көшбасшылық, педагогтердің кәсіби дамуы, білім сапасы, педагогикалық инновациялар, STEAM-білім беру, Soft Skills, ата-аналармен серіктестік, психологиялық ахуал, қауіпсіз білім беру ортасы, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымын басқару – тек әкімшілік міндеттерді орындау емес. Бұл – педагогикалық шеберлікті, психологиялық сезімталдықты, менеджмент пен заманауи стратегияны тоғыстыратын күрделі әрі жауапты процесс. Балабақша меңгерушісі – білім беру кеңістігінің архитекторы, ұжымның мотиваторы және әрбір бүлдіршіннің қауіпсіз әрі үйлесімді дамуының басты кепілі.

Заманауи әлемде бәсекеге қабілетті, беделі жоғары әрі берекелі балабақшаны қалай қалыптастыруға болады? Басқару жүйесінің негізгі тиімді бағыттарын саралап көрейік.

1. Стратегиялық менеджмент және заманауи көшбасшылық

Басшының басты міндеті – мекеменің нақты миссиясы мен даму векторларын айқындау. Әміршіл-әкімшіл стильден гөрі, трансформациялық көшбасшылыққа өту заман талабы.

* Ортақ пайым (Vision) қалыптастыру: Әрбір қызметкер мекеменің қайда бағыт алып бара жатқанын және өзінің сол үдерістегі рөлін анық түсінуі тиіс.

* Ресурстарды тиімді бөлу: Қаржылық, материалдық және кадрлық ресурстарды мекеменің дамуына максималды пайда әкелетіндей етіп жоспарлау.

* Икемділік пен бейімделгіштік: Білім саласындағы жаңа стандарттарға, құқықтық нормаларға және ата-аналардың сұранысына тез әрі тиімді жауап бере білу.

1. Ұжымдағы адами капитал мен жайлы микроклимат

Қанша жерден заманауи құрал-жабдық болғанымен, балабақшаның жүрегі – педагогтер мен қызметкерлер. Тәрбиешінің ішкі жай-күйі тікелей балаға беріледі.

Психологиялық заңдылық: Өзін бағалы, қауіпсіз әрі құрметті сезінген педагог қана балаға шексіз мейірім мен сапалы білім бере алады.

* Эмоционалдық күйіп кетудің (burnout) алдын алу: Тәрбиешілердің жүктемесін дұрыс бөлу, оларға моральдық әрі материалдық қолдау көрсету, ұжымдық тренингтер ұйымдастыру.

* Кәсіби дамуға жағдай жасау: Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуін, семинарлар мен шеберлік-сыныптарына қатысуын ынталандыру.

* Ішкі корпоративтік мәдениет: Әріптестер арасында өзара сыйластық, ашықтық және сенім негізіндегі қарым-қатынас орнату.

1. Педагогикалық инновациялар мен білім сапасы

Бүгінгі бүлдіршіндер – ақпараттық технологиялар дәуірінде дүниеге келген Z және Альфа ұрпағы. Олардың қабылдау ерекшелігі мен қызығушылықтары мүлдем басқа.

| Инновациялық бағыт | Практикалық жүзеге асыру

| STEAM-білім беру | Эксперименттер, қарапайым робототехника, құрастыру және математикалық логиканы ойын түрінде дамыту. |

| Жұмсақ дағдылар (Soft Skills) | Балалардың эмоциялық интеллектын (EQ), коммуникациясын және коммандада жұмыс істеуін қалыптастыру. |

| Интербелсенді орта | Тек дайын ойыншықтар емес, баланың қиялын дамытатын еркін ойын бұрыштарын өзгертпелі етіп ұйымдастыру. |

1. Ата-аналармен ашық әрі берік серіктестік

Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесіндегі бәсекелестер емес, сенімді одақтастар. Басшы ретінде бұл байланыстың мөлдірлігін қамтамасыз ету қажет.

* Ішкі ашықтық: Басшының да, тәрбиешілердің де ата-анамен диалогқа дайын болуы.

* Кері байланыс жүйесі: Сауалнамалар, ұсыныс-пікірлер бұрышы және тұрақты ата-аналар жиналысын сыйластық форматында өткізу.

* Бірлескен іс-шаралар: Ата-аналарды жай ғана көрермен ретінде емес, балабақша өмірінің белсенді қатысушысы (шеберлік-сыныптары, спорттық жарыстар, жобалар) ету.

1. Қауіпсіз, эстетикалық әрі дамытушы орта

Балабақша кеңістігінің әрбір квадраты баланың дамуына жұмыс істеуі тиіс.

* Физикалық және санитарлық қауіпсіздік: Бейнебақылау жүйелері, өрт қауіпсіздігі, тамақтану сапасы мен гигиеналық нормалардың қатаң сақталуын жеке бақылауда ұстау.

* Эстетика мен комфорт: Жылы түстер, табиғи материалдар, баланың бойына сай жиһаздар мен қауіпсіз ойын алаңдары – балабақшадағы жайлылықтың кепілі.

Түйін

Балабақшаны тиімді басқару – бұл жүйелік тәртіп пен адами мейірімнің үндестігі. Шебер басшы әрбір құжаттың артында адам тағдыры, ал әрбір шешімнің артында кішкентай баланың болашағы тұрғанын ешқашан ұмытпайды. Осындай парасатты көзқарас қана балабақшаны балалар асыға күтетін, ал ата-аналар сенім артатын алтын ұяға айналдырады.

Карабалина Гулжамал Аскаровна
Әдіскер, педагог-сарапшы, аудандық мобильді топ мүшесі
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛАБАҚШАДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Ұлттық ойындар – халқымыздың сан ғасырлық өмір тәжірибесі мен мәдени мұрасынан бастау алатын асыл қазына. Олар тек көңіл көтерудің құралы ғана емес, баланың дене дамуын, ақыл-ойын, ұлттық дүниетанымын және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратын тиімді тәрбие құралы. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде ұлттық ойындарды жүйелі қолданудың маңызы зор.Балабақша кезеңі – баланың тұлғалық қасиеттері қалыптасатын ең маңызды шақ. Осы кезеңде ұлттық ойындар арқылы балалар халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен және ұлттық құндылықтарымен танысады. «Ақ серек, көк серек», «Арқан тарту», «Асық ату», «Сақина салу», «Хан талапай» сияқты ойындар балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардыңептілігін, шапшаңдығын, батылдығын және ұйымшылдығын дамытады. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні ерекше. Ойын барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауды, кезек күтуді, ортақ ережеге бағынуды, достарына қолдау көрсетуді үйренеді. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, өзара сыйластық пен жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сонымен бірге ойындар арқылы балалардың тіл байлығы артып, ойлау қабілеті мен қиялы дамиды.Қазіргі таңда ұлттық ойындарды заманауи білім беру технологияларымен ұштастыра отырып өткізу тиімді нәтиже береді. Тәрбиеші әр ойынның мазмұнын балалардың жас ерекшелігіне сай бейімдеп, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастыруы қажет. Сонда ғана ойын баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін тәрбиелік әрі танымдық құралға айналады. Ұлттық ойындар – денсаулықты нығайтудың да тиімді жолы. Қимылды ойындар балалардың бұлшық еттерін шынықтырып, қозғалыс белсенділігін арттырады, төзімділік пен икемділікті қалыптастырады. Табиғат аясында ұйымдастырылатын ұлттық ойындар балалардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттырып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.Ұлттық ойындарды балабақша тәжірибесінде кеңінен қолдану – ұлттық тәрбиені жаңғыртудың маңызды бағыты. Өз халқының ойындарын ойнап өскен бала ұлттық мәдениетті құрметтеп, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін ерте жастан қалыптастырады. Бұл – болашақта ұлттық рухы биік, елжанды азамат тәрбиелеудің берік негізі.

Қорыта айтқанда, ұлттық ойындар – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін, тәрбиелік, білімдік және сауықтыру мүмкіндігі мол педагогикалық құрал. Сондықтан оларды балабақшадағы күнделікті оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігіне айналдыру – уақыт талабы әрі ұлттық тәрбиені нығайтудың тиімді жолы.

Байканова Индира Кенесбаевна
Психолог, педагог-сарапшы, аудандық мобильді топ мүшесі
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ»

(Тренинг)

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы ынтамақтастықты нығайту,бала тәрбиесінде бірлескен іс-әрекетті қалыптастыру, ата-аналар мен тәрбиешілер арасында өзара сенім мен түсіністік орнату.

Міндеттері:

- Ата-аналардың тәрбие процесіне белсенді қатысуын арттыру;
- Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы жағымды қарым-қатынас орнату;
- Баланы тәрбиелеуде ортақ мақсат пен тәсілдерді айқындау.

Тренинг ережесі:

1. Сөзді бөлмеу
2. Бір-біріне кедергі жасамау
3. Бірігіп жұмыс жасау
4. Күлімсіреу

Тренинг жоспары:

1. «Амандасу» жаттығуы
2. «Танысу» жаттығуы
3. Ой-пікір қозғау «Тәтті шәй»
4. «Лабиринт» тренингі.
5. Қорытынды «Гүл сыйлау»

1. **«Амандасу» жаттығуы** .Бір күнгі танысыңа қырық күн сәлем дегендей біз бүгін қабырғада интерактивті тақтада көрсетілген дәстүрден тыс амандасу түрлерін жасаймыз. (Көңілді музыка қосылады)

Құрметті ата-аналар «Отбасы мен балабақша» атты тренингке қош келдіңіздер! Бұл тренингтің мақсаты балабақша мен отбасы арасындағы ынтамақтастықты нығайту,бала тәрбиесінде бірлескен іс-әрекетті қалыптастыру, ата-аналар мен тәрбиешілер арасында өзара сенім мен түсіністік орнату. Ендеше, бірі-бірімізбен қарым-қатынас жасау үшін алдымен танысып алып, тренингімізді ары қарай жалғастырайық.

2.«Таныстыру» жаттығуы

Мақсаты: Жағымды эмоционалды күй қалыптастыру.

Шарты: Бір ата-ана өз есімін атайды, содан кейін барлық ата-ана есімін айтқан ата-ананың есімін бір дауыспен барлығы бірге қайталап айтады.Сөйтіп танысу ойынға қатысушылармен аяғына дейін жалғасады.

Талқылау: Қандай сезімде болдыңыздар?

-Дұрыс айтасыздар, біздің есіміміз өзіміз үшін дүниедегі ең керемет әуен секілді.

3. Ой-пікір қозғау «Тәтті шәй»

Мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Шарты: ата-аналар өздеріне ұнаған шоколадтарды таңдап алады, сол шоколадтың қағазына жапсырылып жазылған сұрақтарға әр ата-ана өз ой пікірлерін білдіреді.

1. Балаңыз балабақшаға қанша жастан келеді?
2. Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?
3. Балаңызға ашуланғанда ең алдымен аузыңызға қандай сөз түседі?
4. Балаңыздың тәрбиешілеріне көзқарасы қандай?
5. Балаңызды таңертең қалай оятасыз?
6. Балабақшадан балаңыз үйге келгенде қалай қарсы аласыз? Қандай сұрақтар қоясыз?
7. Балабақшаға көңіліңіз толады ма?
8. Балаңыз балабақшадан қандай көңіл күймен қайтады?
9. Балаңыз балабақшаға қандай көңіл күймен барады?
10. Балаңызбен қосылып әртүрлі ойын ойнайсыз ба?
11. Балабақшадағы балаңыздың достарын атаңыз
12. Ата-ана мен балабақша қарым-қатынасын нығайту үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?
13. Сіздің ойыңызша балабақшаға бала не үшін бару керек?
14. Балаңыздың тобы қалай аталады?
15. Тәрбиешілердің ұсынған ұсыныстары мен тапсырмаларын орындайсыз ба?

Талқылау: Құрметті ата-аналар, пікір алмаса отырып қандай ой түйдіңіздер?

-Дұрыс айтасыздар, ата – ана тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, кішіпейіл, мейірімді болуы. Тәрбие отбасы мен балабақша қатынастарына тікелей байланысты. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді, ал балабақша оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады. Ал осы ұл - қызымызды тәрбиелеуге үлес қосып отырған тәрбиешілерді түсіне аламыз ба? Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға тәрбиеші болса, оны жалғастырып демеуші ата - ана. Олай болса, сіздер мен біздер бірлесіп бір ауыздан жұмылып жұмыс жасасақ, біз алмайтын қамал жоқ, - деп ойлаймын.

4. «Лабиринт» тренингі

Мақсаты: Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі қиындықтарды дұрыс қабылдап, шешім жолдарын табуға, төзімділік пен түсіністік танытуға үйрету, отбасы мен балабақша арасындағы өзара сенім мен серіктестікті нығайту.

Шарты: Жерге немесе үстелге үлкен қағазға жеке- жеке салынған екі лабиринт қойылады. Ата –аналар екі топқа бөлініп сол лабиринттің қасына дөңгеленіп тұрып, лабиринттің ішінен бірге жол табады.

Талқылау:

-Осы тренингтен қандай ой түйесіздер?

- Қандай қиындық келтірді?

Қорыту:

Бала тәрбиесі кейде лабиринтке ұқсайды. Кейде тура жолды табамыз, кейде бұрыламыз, кейде тоқтап ойланамыз. Бірақ әр ата-ана баласына дұрыс жол көрсетуге ұмтылады. Бүгін біз де сол « лабиринттің» ішінен бірге жол табуға тырыстық. Тәрбие-күрделі де қызықты жол.Кейде бұл жолда кедергілер кездессе де, бірге әрекет етсек, кез келген қиындықтан шығуға болады.

Қорытынды «Гүл сыйлау» жаттығуы.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата - ана мен балабақша арасындағы қарым - қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан - жақты талқылауға тырыстық. Ендеше «Гүл сыйлау» жаттығуын бір - бірімізге және де тәрбиешілерге, балабақша ұжымына тілек айта отырып жүргізейік.

Ата-аналарға гүлдер таратылады.Жүргізуші өзі бастап гүлді көршісіне **«Сізге зор денсаулық тілеймін!»** деп тілек айтып сыйлайды. Гүлді алған көрші келесі қасындағы адамға тілек айтып, қолындағы гүлді сыйлайды.Ойын әрбір қатысушы аяқталғанға дейін және де ойын бастаушыға дейін жалғасады.

Құрметті ата-аналар, қоштасуға гүл сыйлауды алған себебім адам қасында жүрген адамдарға қандай жақсы тілек тілесе, сол тілек өзіне қайта оралып келеді екен. Сондықтан әрқашан балабақша мен отбасының ынтымағы мықты болып,бір-бірімізге жақсы тілектер айта жүрейік. Осы гүл сияқты әдемі және де нәзік сезімде болайық. Ендеше, тілектеріңіз қабыл болсын!

Бүгінгі біздің тренингіміз сіздерге ұнады ма? Осы тренингтен қандай әсер алдыңыздар? Өз көңіл-күйлеріңізді «Көңіл- күйдің бет-бейнесі» суреттері арқылы көрсетіңіздер.

Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді айта отырып, отбасыларыңызға және де балабақшамызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!

Есенова Майра Илькеновна
Тәрбиеші, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПІШІНДЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ»

(Ұйымдастылыған іс-әрекет)

Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажыратып атай білуге, түрін, түсін, ұқсастығы мен ерекшелігін ажырата отырып. топтастыруға үйрету. Артық, кем бұрыштарды таба білу шешімін бекіту. Логикалық ойындар арқылы ой өрісін, қиял болжамдарын, дидактикалық шеберліктерін арттыру. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қызығушылық таныта отырып, ойын еркін айта білуге, достарына көмек беру және шешімді ортақ таба білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: үлгі пішіндер, таяқшалар, үлестірмелі материалдар.

Әдіс-тәсілі: жылулық шеңбері, түсіндіру, таныстыру, сұрақ-жауап, логикалық ойындар, сергіту сәті.

Ұйымдастыру кезеңі.

Тәрбиеші: Балалар күннің шуағын көргенде сендер не сезесіңдер?

Балалар: Көңіліміз көтеріледі.

- Күнге қуанамыз.
- Күн бізге жылу береді.
- Күн шыққан кезде жарық болады.

Тәрбиеші: Иә, дұрыс айтасындар. Күн бізге жылу береді. Жарық береді. Қане бізде күнге ұқсап шеңбер құрайық та, бір бірімізге жылы сөз айтайық:

Балалар: Қуан,шаттан,алақай
Қуанатын күн бүгін
Қайырлы таң,қайырлы күн
Күліп шықты күн бүгін!

Таңғажайып сәт.


Тәрбиеші: Балалар, біздің топқа Қызыл телпектен хат келді. Ол хатта «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерге өзіммен бірге ғажайып еліне қонаққа бірге баруға шақырмақшы едім, бірақ менің ұшағым бұзылып қалып, сендер жете алмаймын. Ғажайып елде де қайғылы жағдай болды. Осы елдің адамдарына көмек қажет. Мен сенемін, сендер оларды қиындықта қалдырмайсыңдар. Егер сендер берілген тапсырманың дұрыс шешімің таба білсеңдер, олар аман қалады. Сәлеммен **Қызыл телпек**».

Тәрбиеші: Балалар хатты оқып таныстық. Хаттағы тапсырмаларды қарап шығып түсінбей тұрғаным ол не екенін? Маған көмеке келіңдер.Ол үшін жұмбақтың шешімін табайық


Атына сай үшбұрыш,
Үш жағы бар,
Атын оның кім табар? (Үшбұрыш)
Төрт бұрышы бар,
Төрт қабырғасы бар. (Төртбұрыш)
Допқа өзі ұқсайтын
Ерекше бір пішін бар,
Атын оның айтыңдар (Дөңгелек)

Балалар шешімін тапқаннан кейін геометриялық пішіндерді кинетикалық құммен жасайды


1-тапсырма. Геометриялық денелердің қандай фигураларға ұқсас екенін анықта.(Интерактивтік тақтадан көрсету)



2-тапсырма. Берілген суреттер қандай пішінге ұқсайды,сәйкестендір



3-тапсырма. Фигураларды қолдана отырып суретті аяқта.







Сергіту жаттығуы.
Кәне кәне тұрайық,
Қазақ үйді құрайық.
Бір уық қолға алып,
Шанырақка тағайық.
Оңға, солға бұрылып,
Арқандарды тартайық.

4-тапсырма. А) дидактикалық ойын **«Төртіншісі артық»**

Мақсаты: Берілген геометриялық пішіндердің қайсысы артық екенін анықтау. Ойлау, көру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту



*Б)**Геометриялық пішіндерді топтастыр** (Интерактивтік тақтамен жұмыс)*



5 тапсырма «Көңілді ұлу»Геометриялық пішіндердегі 1-10дейінгі сандарды тура және кері қою

Топқа Қызыл телпек келеді. Ол балалардың шешімің тапқан тапсырмаларын көріп қуанады.

Қызыл телпек: Балалар сендер менің хатымды алып орындағандарыңа өте қуаныштымын. Енді ғажайып елге бақыт орнады. Мен оның куәсімін . Жаңа ұшақпен ұшып келе жатқанымда аспаннан әдемі алтын жұлдыздар жинап алдым. Енді сендерге табыс етуге рұқсат етіңдер. Сендердің білімдерің, достықтарың маған демеу болды, - деп, балаларға жұлдыздарды сыйға тартады.

«**Геометриялық пішіндерді орналастыр» ойыны**.

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажырата білу және берілген жолаққа саны бойынша орналастыруды үйрету

Қорытынды. Қызыл телпек балалармен қоштасады.Оқу қызметін қортындылау.Үш топқа бөліп

1-топ Геометрилық пішіндерден бейнелер құрастыру

2-топ Санағыш тақшаларынан пішіндер жасау

3-топ Сымтемірлерден бейнелер жасау

Қоңқабай Гүлназат Зәкіржанқызы
Тәрбиеші, педагог
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі"мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ҚҰСТАР-БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ»

(Ұйымдастылыған іс-әрекет)

Мақсаты: Құстар туралы түсініктерін кеңейту.Олардың көктемдегі тіршілігі,табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Құстар туралы әңгімелеп беруге үйрету, алған білімдерін қорытындылау.
Тәрбиелік:Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу,еңбекке баулу.
Көрнекіліктер: «Құстар бағы» бұрышын жасақтау,суреттер.
Әдіс тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, жұмбақ шешу, мақал-мәтелдер айту, тыйым сөздер айту.
Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: Шаттық шеңберін құру
Қайырлы таң, көк аспан
Қайырлы таң, жер ана,
Қайырлы таң достарым.
Міне екі қолым бос ,
Жүрегіме жылу қос!
Саламатсыздарма балалар, көңіл күйлеріңіз қалай?
- Балалар (керемет)
- Біз қай мемлекетте тұрамыз?
- Біздің елбасымыз кім?
- Қазақстаның бас қаласы қай қала?
- Қазақстан республикасының рәміздеріне не жатады?
- Бір жылда неше жыл мезгілі бар?
- Бір аптада неше күн бар?
- Бір жылда неше ай бар?
Жарайсыңдар балалар өте білімді , белсенді болдыңдар.
Балалар бәріміз бірге мына тақпақты қайталайық.
Көкке бояп өңірді,
Көктем келді көңілді.
Бау-бақшада орманда,
Құстар әні төгілді.
Көктемнің ерекшеліктерін атаңдар.
Бүгінгі тақырыбымыз осы құстар туралы болады.Жалпы құстар сендерге таныс па?
Ендеше миымызға шабуыл жасайық.

Миға шабуыл: «Сөйлемді аяқта» ойыны
1.Құстар ұша алады өйткені...(қанаты бар)
2.Құстар қоректенеді...(құрт-құмырсқа, жәндіктермен,дәндермен)
3.Құстың жүні (мамық)
4.Көктемде алғаш келетін құс (ұзақ)
5.Адамның досы (қарлығаш)
Өте жақсы. «Құстар дыбысы» релаксация
Ненің дыбысын естідіңдер?
Бізге бүгін тобымызбен «Құстар бағына» саяхатқа шығамыз.
Не көріп тұрсыңдар?
Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды.Құстар табиғаттың бір бөлігі.Құстар өсімдіктерді зиянды жәндіктерден қорғайды.Құстардың түрі өте көп.Олардың бәрі пайдалы.
Сергіту сәтті: «Қарлығаш»
Ойын: «Не артық?»
Шарты: Құстардың суреттері беріледі сол суреттердің ішінде жануарлар, жәндіктер болуы мүмкін соларды алып тастау керек.
Тыйымды сөздер
Құстың ұясын бұзба!
Ағашты сындыма!
Құсқа тас лақтырма!
Құстардың балапанына тиіспе!
Құстардың жұмыртқасын жарма!
-Сендер құстар туралы көп білесіңдер екен.Енді бір сәт сергіп алайық.
Сергіту сәті «Құстар»
1-2-3, Қарлығаш боп ұш.
4-5-6, Қарлығаш боп қалқы.
7-8-9-10, Өз орныңа қон.
Балалар білетін тақпақтарын айтады
Суреттердегі құстардың аттарын айтып көрсетеді.
Сонымен қатар біздің ата-бабаларымыз құстардың ұшып-қонуы арқылы да ауа-райына болжамдар жасап отырған.
Қарлығаш келген кезде қораға қонса мал басы көбейеді, ал егер үйге қонса үйдегі адам саны көбейеді.
Түсіңе қарлығаш кірсе-бақытқа кенелесің.
Жыл құстары топ болып ұшса,көктем ерте келеді.
Міне балалар құстарды халқымыз осылайша ерекше бағалаған.Өз балаларын балапаным деп еркелеткен. Әншісін «бұлбұлға»,батырын «қыранға»,сұлуын «аққуға» теңеген .Сондықтан балалар құстарды аялап, қамқор болайық!
Қортынды: Ал енді өз ойымызды жинақтап шығармашылығымызды шыңдайық.
Біздің жігіттер әкелерімен бірігіп құстарға ұя жасап келіпті. Ұяны ағашқа іліп құстарға қамқор болайық.
Көктем келді ертелеп,
Ауыл толды думанға.
Құстар біздің досымыз,
Тимеңдерші оларға.
Балалар құстарға жем салып тақпақты бірге айтып , балаларды мадақтап аяқтайды.
Күтілетін нәтиже:
Білуге тиіс: құстар және оның табиғатқа келтіретін пайдасы жөніндегі ұғымының қалыптасуы, жыл құстарын ажырата білу.
Түсінігі: құстардың тіршілігі, немен қоректенетіні туралы түсінігі.
Көрсете білуі:құстарға қамқорлық жасап,оларды қорғау.

Чаргинбаева Самал Толепбергеновна
Тәрбиеші, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БІЛЕМІЗ!

(Ұйымдастылыған іс-әрекет)

Білім беру саласы: Әлеуметтік дағды, камуникативті дағды, таным дағдысы, шығармашылық дағды

ҰІӘ: қоршаған әлеммен таныстыру,тіл дамыту,математика негіздері,сурет салу

Мақсаты: Балалалардың жол белгілері туралы түсінігін кеңейту, негізгі жол белгілерін ажырата білуге үйрету, жолда қауіпсіз жүру ережелерін сақтау дағдысын қалыптастыру.

Міндеттері:

.Жол белгілерінің түрлерімен таныстыру;

.Тыйым салу, ескерту, бұйыру белгілерін ажырата білуге үйрету;

.Зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту;

.Қауіпсіздік мәдениетін тәрбиелеу;

Көрнекіліктер:

Жанданатын қорапша, жол белгілерінің макеттері, Бағдаршам макеті, ойыншық көліктер, Интерактивті тақта.

Күтілетін нәтиже:

Балалар жол белгілерін ажырата алады.

Қауіпсіздік жүріп-тұру ережелерін біледі.

Жолда тәртіп сақтаудың маңызын түсінеді.

Ұйымдастылыған іс-әрекет барысы:

І ұйымдастырушылық кезең:

Сәлеметсіңдер ма балалар! Көңіл күйлерің қалай?

Шаттық шеңбері:

Келіңдер шаттық шеңберіне тұрайық
Қуанамын мен де
Қуанасың сенде
Қуанайық достарым
Арайлап атқан күнге.

ІІ. Негізгі бөлім:

-Балалар мен сендерге сыйқырлы қорапша әкелдім.Сыйқырлы қорапты ашу үшін алдымен бейнероликті тамашалайық.

Не туралы бейнеролик екен балалар? (Жол сақшысы)

Жарайсыңдар!

Жол ережесі тәртібін реттейтін маманды жол сақшысы дейміз.

-Ішінде не бар ойлайсыңдар?

Қәне көрейік

Ешдеше жол сақшысы сендерге жол ережесін үйретеді.

Балалар мұқият тыңдайық. Біз күнде көшеде жүреміз. Көшеде көліктер жүреді.Адамдар өтеді.Сондықтан жолда жүру үшін бізге жол белгілері көмектеседі.

1.Мынау ескерту белгілері- үшбұрышты қызыл белгі екен.Алда қауіпті жер бар екенін ескертеді.

Мынау,теміржол өтпесі,жаяу жүргінші жолы

2.Мынау тыйым салу белгісі. Дөңгелек қызыл белгі екен.Белгілі бір әрекетті жасауға болмайтынын білдіреді.

Бұл –басып озуға болмайды деген белгі, Велосипедтің қозғалысына тыйым салатын белгі

3.Бұл бұйрық белгілері-дөңгелек көк түсті. Жолда дұрыс жүру үшін бағыт беретін белгілер.мысалы тек тура жүру немесе солға бұрылу екенін көрсетеді. Бұйрық белгілерін жүргізушілер де, жаяу жүргіншілер де орындауға керек, өйткені олар жолдағы тәртіпен қауіпсіздікті сақтауға көмектеседі.

4.**Қызмет көрсету белгілері-**

Бұл белгілер жол бойында адамдарға қажет қызметтер бар екенін көрсетеді.

Мысалы, жанармай құю бекеті, аурухана, дәріхана, асхана, автобус аялдамасы осындай белгілермен белгіленеді.

Қызмет көрсету белгілері бізге жолда адаспауға, керек жерді тез табуға көмектеседі.

5.Ақпараттық белгілер-қайда бару керек, қай жерде не орналасқанын көрсетеді. Мысалы: автотұрақ-көлік қоятын орын,жаяу жүргінші өтпесі.

Балалар белгілердің атын қайталап айтады.

Балалар, мынау – бағдаршам.

Бағдаршам жол қозғалысын реттейтін құрал. Бізге қашан тоқтау, қашан жүру керектігін көрсетеді.

Бағдаршамда үш түс болады.

Қызыл түс жанса – тоқтаймыз.

Сары түс жанса – дайындаламыз.

Жасыл түс жанса – жүреміз.

Бағдаршамды жүргізушілер де, жаяу жүргіншілер де міндетті түрде орындауы керек.

Өйткені бағдаршам бізді жолдағы қауіпті жағдайлардан қорғайды.

Д/О:Белгілерді тауып суретпен сәйкестендір.

1-ойын.Мына суреттерді көріп тұрсыңдар ма?

Мына жол белгілерін осы суретке сәйкестендіріп жапсырамыз.

Сергіту сәті:

Қызыл көзін ашқанда-

Сынық сүйем баспа алға!

Сары көзін ашқанда-

Қарап қалма аспанға!

Жасыл көзін ашқанда-

Өте бергін жасқанба!

Балалар қозғалыстарын көрсетеді.

Мысалы балабақшаның жанында қандай белгі бар?

Балалар жауап береді.

Жаяу жүргіншілер қай жерден өту керек.

Балалар жауап береді (Жолақ жол)

Балаларды жолақ жолдан өткізу.

Шығармашылық жұмыс (дәстүрден тыс сурет салу әдісі)

Қәне балалар мына сиқырлы дөңгелекке жол белгілерінің суреттерін салып, су тамызу арқылы қандай белгінің суреті шыққанын айтамыз.

Қане балалар суретіміз қалай өзгерді. Көтерілді.

Шынында да сиқырлы дөңгелек болды ғой балалар. Балалардың қандай белгінің суретін салғанын сұрау.

-Жарайсыңдар балалар!

Рефлекция

Д/О

Балалар келіңдер ойын ойнайық

2-ойын Балалар мына дөңгелекті айналдыру арқылы белгілерге сәйкестендіреміз.

Бұл қандай белгі екен? (Ескерту белгісі,тыйым салу белгісі, бұйыру белгісі,қызметтік белгі)

Жарайсыңдар!

Бүгінгі ұйымдастырылған іс ірекетіміз ұнады ма?

-Жарайсыңдар балалар!

Қандай жол белгілерімен таныстық?

-Бүгінгі «Жол ережесін білеміз» іс әрекетіне өте жақсы қатыстыңдар,жарайсыңдар балалар! Менің сендерге сыйлығым бар! Қабыл алыңдар!

Балаларды мақтап, мадақтау.

Кенжеева Жангуль Жумакыновна
Тәрбиеші, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

(квест ойыны)

SMART мақсаты: Балалар квест барысында 5 ұлттық ойынды орындап, ойын ережесін сақтай отырып, тапсырмалардың кемінде 80%-ын дұрыс орындайды, ұлттық құндылықтарға қызығушылық танытады және бірлесіп әрекет етеді.

Міндеттері: Ұлттық ойындармен таныстыру.Шапшаңдық, ептілік, дәлдік қасиеттерін дамыту.Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.Қазақ халқының салт-дәстүріне қызығушылық қалыптастыру.

Қажетті құралдар:Асықтар, арқан, орамал, сақина, тақия, тапсырма конверттері, карта, ұлттық әуендер, жұлдызшалар.

Квесттің барысы Тәрбиеші балаларға сандық көрсетеді.

Тәрбиеші: – Балалар, бізге Алдар көсе хат қалдырыпты. Сандықтың кілті жоғалып кетіпті. Кілтті табу үшін ұлттық ойындар бекеттерінен өтіп, тапсырмаларды орындауымыз керек.

Балалар карта алады.
1-бекет – «Хан талапай»Балалар асықтарды белгі бойынша тез жинайды.
Тапсырма: – Кім көп асық жинайды? Жүлде: 1 кілт бөлігі.

2-бекет – «Арқан тарту»
Екі топқа бөлініп арқан тартады.
Тапсырма: – Бір-бірімізге көмектесіп жеңіске жетейік. Жүлде: 2-кілт бөлігі.

3-бекет – «Сақина салу» Балалар шеңберге отырып, сақинаның кімде екенін табады.
Сұрақ: – Сақина кімде?
Жүлде: 3-кілт бөлігі.

4-бекет – «Орамал тастау»
Музыка әуенімен ойналады.
Орамал түскен бала: қазақтың бір ұлттық тағамын; немесе бір ұлттық ойынды атайды.
Жүлде: 4-кілт бөлігі.

5-бекет – «Ақсерек – Көксерек»
Балалар екі топ болып ойын ойнайды.
Тапсырма: Ойын ережесін сақтап, достықпен ойнау.
Соңғы кілт бөлігі беріледі.

Қорытынды
Балалар барлық кілт бөліктерін біріктіріп, сандықты ашады.
Сандықтың ішінде:«Жарайсыңдар!» медальдары; ұлттық оюлы жұлдызшалар;
шағын тәтті сыйлықтар болады.

Рефлексия «Домбыра» әдісі
Балалар домбыра суретіне ұлттық оюларды жапсырады.
Бүгінгі ойын ұнаса – жасыл ою.
Қиын болса – сары ою.
Қызықсыз болса – көк ою.

Күтілетін нәтиже
Ұлттық ойындарды атайды.
Ойын ережесін сақтайды.
Бірлесіп әрекет етеді.
Шапшаңдық, ептілік, дәлдік дағдыларын көрсетеді.
Ұлттық құндылықтарға қызығушылық танытады.

Суйндикова Шолпан Сламжановна
Логопед, педагог-сарапшы
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«СИҚЫРЛЫ СЕБЕТ» (МОНТЕССОРИ ЭЛЕМЕНТТЕРІМЕН)

Берілген дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру, сөздік қорын байыту, ұсақ мотериканы, зейінін және өз бетінше әрекет ету дағдысын дамыту.

Монтессори элементтері:

Табиғи материалдардан жасалған себет.

Түрлі көлемдегі ағаш шарлар, жаңғақтар, тастар.

Қысқыш (пинцет), қасық.

Дыбысы қойылатын заттардың шағын мүсіндері немесе суреттері (мысалы: «С» дыбысы – сағат, сәбіз, сиыр).

Ойын барысы

1. «Таңдап ал» Бала қысқыштың көмегімен себеттен бір затты таңдап алады.

2. «Атын ата» Заттың атын анық әрі дұрыс айтады. Логопед дыбыстың дұрыс айтылуын қадағалайды.

3. «Дыбысты тыңда» – Бұл сөз қай дыбыстан басталады?

– Дыбысты анық қайтала.

4. «Орнына орналастыр» (Монтессори тәсілі) Бала заттарды дыбысына қарай арнайы белгіленген науаларға немесе түсті табақшаларға орналастырады.

5. «Сөйлем құрастыр» Таңдаған затпен қысқа сөйлем құрайды. Мысалы: «Сәбіз қызғылт сары.» немесе «Сиыр шөп жейді.»

Күтілетін нәтиже:

Дыбысты дұрыс айтады.


Ұсақ моторикасы дамиды.

Сөздік қоры молаяды.

Зейіні мен өз бетінше жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Монтессори әдісі арқылы тәртіпке, дәлдікке және ұқыптылыққа тәрбиеленеді.

Әлмахын Дидар Әлмахынқызы
Меңгеруші, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек"бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес»
В.А Сухомлинский.

Жаңа қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыруда баланың жасын, даму ерекшелігін, айрықша қабілетін ескере отырып, ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие, сапасын жақсарту қажет. Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа технологиялар қызықтырады. Бала тәрбиесінде жаңа технологияны қолдану – баланы жан-жақты терең ашуға, оған бағыт бағдар беріп жағымды әсер етуге, зейінін көтеруге, белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгеріп отырып олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін,кеңейту, сана сезімін, таным қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыруға ойын технологиясын қолдану өте тиімді.

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады. Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады. Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытатынтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысатындай нәрлі болуы керек. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжейтегжейлі білуді баланың

санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көзделген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Мектепалды даярлық тобында балаларға ойын арқылыұйымдастырылған оқу қызметінің сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар. Ойын арқылы олардың ой-өрісі, жасалған іс –әрекетіне байланысты сөйлеу барысында тілдері дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді. Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойындар: «Көршісін ата», «Ғажайып қапшық», «Қай ағаштың жапырағы?, «Неге ұқсайды», т.б.

Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда балалардың жас ерекшелігіне байланысты мозайкалар, домино, лото, Глеба Домана әдістемесі бойынша суреттер қолданады. Мысалы: дамытушылық ойындардан: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», «Не артық?» т.б. Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалануға балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын оқу қызметінде мазмұнын байыта балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. «Санамақ», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін ұстартып, логикалық ой – жүйелерін қалыптастыруға болады. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды. Ойындарды үнемі пайдалану арқылы балалардың ауызша есептеуге жаттығуына логикалық ойжүйелерін жетілдіруге, түсінуге толық мүмкіншілік бар. Олардың қатарына халық ойындарын жатқызуға болады. Атап айтқанда, «Қай қолымда?», «Қанша тұяқ?», «Неше жапырақ?» т.б.Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Сондай-ақ балалардың ой-өрісін дамытатын

«Санамақ» ойыны. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Балалардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту, жетілдіру – тәрбиешінің негізі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды. Балалардың ойлау қабілетін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, «Ұйқасын тап» ойындарының әсері мол. Мысалы, «Ұйқасын тап» ойыны арқылы баланың білсем деген ұтымы артып, қызығып, белсенділігі танылады.

1. Өзінше ноян, Қорқақ кім? (қоян)

2. Бата алмас түлкі, Үсті тікен …. (кірпі) т.с.с.

Қазақтың ұлттық ойындарын қолдану. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» т.б. Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтарды әр оқу қызметі сайын жүйелі пайдаланса тілі дамып, ойлау, есте сақтау қабілеттері арта түседі. Балаларды оқу қызметіне қызығушылықтарын туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым – қатынасты білуі мен сезінуі ойын негізінде жүзеге асады. Ең бастысы балаларды ойнату алдында, ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн және де керекті көрнекіліктер мен

материалдар, аттрибуттар алдын – ала дайындалуы қажет. Ойынның барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек. Ойын түрлерінің ұйымдастырылған тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану оқу қызметіне әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың оқу қызметіне ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Ойын көп жоспарлы, күрделі педагогикалық процесс болғандықтан кіші мектеп жасындағы балаларды оқытудағы ойындық әдіс болып табылатын оқыту формасы балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі құрал. Сонымен бірге, ойын балалардың психологиялық жағдайларын жақсартады: көңіл аударғыштығын, байқағыштығын және мейірімділікке, кішіпейілділікке үйретеді. Ойын –бір жағынан баланы бірден қуаышқа бөлесе, екінші жағынан ойын әрқашан болашаққа бағытталған. Өйткені ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін рухани адамгершілік сезім, қасиеттер мен дағдылар, икем қалыптасады. Сонымен бала өмірінен маңызды орын алатын 6 оқытудың бір түрі-ойын, жаттығулар екені анық. Олай болса «оқыта отырып ойнайық, ойната отырып оқытайық» деген пікірді ұстана отырып, балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, денешынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытып, оқу қызметіне деген қызығушылығын арттырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен, қабылдау есте сақтау мүмкіндіктері жақсы дамыған. Сөйлеуді дамыту, сауат ашу пәндерін де ролдік ,сюжеттік ойындарды қолдануға болады. Ролдік ойындар мектепке дейінгі балалармен өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақта, қысқа да болуы мүмкін. Құрылымдық ойындар - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрі құбылыстарды және соларға байланысты іс-әректтерді бейнелеу болып табылады. Құрлыс ойыны бір жағынан сюжетті-рөлді ойнауға ұқсас келеді. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрлыстар салады.

Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманның бағыт - бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз. Мен өз тәжірибемде оқу іс әрекетерді ойын түрінде өткізгенді жөн көрем. Себебі, ойын арқылы бала материалды тез ұғынады. Балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін,зейін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған ойындар топтамасын ұсынып отырамын. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, сол ойындардан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені ең алдымен не нәрсенің болсын жөн бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сондықтан да ойын бала бойындағы қандай да бір өнердің бастауы деп білеміз. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсерді ұшқындайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезіміне бөленеді.

Кыргызбаева Альфия Сматовна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек"бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – БОЛАШАҚТЫҢ ТІРЕГІ

Ұлттық құндылықтарды насихаттау – тек білім беру ғана емес, болашаққа бағыт-бағдар беру. Өзінің кім екенін түсініп өскен бала ғана отбасын, Отанын құрметтейтін азамат болып қалыптасады. Сондықтан біз,балабақшадан балалардың тәрбиелік мәні. Ұлттық ойындар балаларды еңбекке баулып, ұйымшылдыққа, әділдікке тәрбиелейді. Мысалы, асық ойыны кезінде балалар ережелерге сай ойнап, кезек күтуді, әділдік пен шыдамдылықты үйренеді. бойына ұлттық рух пен сүйіспеншілікті сіңіру арқылы ел болашағына өз үлесімізді қосып жатырмыз деп санаймыз.

Ұлттық ойындар және ұлттық құндылықтар

Ұлттық ойындар – халқымыздың мәдени мұрасының бір бөлігі болып табылады. Бұл ойындар әрдайым ұлттың дәстүрі, әдет-ғұрпы мен рухани байлығын көрсетіп, жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Балабақшада балаларды ұлттық ойындармен таныстыру арқылы олардың ұлттық құндылықтарды бағалауы мен құрметтеуі қалыптасады.

Ұлттық ойындардың мәні мен маңызы

Ұлттық ойындар – халқымыздың күнделікті өмірінен алынған, ата-бабаларымыздан мирас болып қалған және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ойын түрлері. Олар халықтың еңбек, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, дүниеге деген көзқарасын білдіреді. Ұлттық ойындардың ішінде көкпар, асық ату, лаңгі тебу, тоғызқұмалақ, арқан тарту сияқты ойындар бар. Әрбір ұлттық ойын өзінің ерекшелігімен балаларға тек қуаныш сыйлап қана қоймай, олардың денсаулығын нығайтып, логикалық ойлау қабілетін дамытуға, топта жұмыс істей білуге, тәртіпке баулуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, балалардың қазақ халқының мәдениеті мен тарихын танып білуі де осы ойындар арқылы жүзеге асады. . Тарих пен мәдениетке құрмет қалыптастыру. Балаларға қазақтың салтдәстүрлерін, батырлар мен билердің ерліктерін, ұлттық мерекелердің мән-мағынасын үйрету арқылы тарихымызды құрметтеуге баулимыз. Тілдің маңыздылығын ұғындыру. Мемлекеттік тілді баланың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру – ұлттық тәрбие берудің негізгі шарттарының бірі. Балаға туған тілінде тақпақ жаттатып, ән айтқызып, ертегілер оқыту арқылы тілге деген сүйіспеншілік қалыптастырамыз.. Дәстүр мен өнерді насихаттау.Ұлттық киімдер кию, ою-өрнектерді тану, күй тыңдау, айтыс өнерімен танысу – баланың эстетикалық танымын кеңейтетін маңызды құралдар. Ұлттық ойындардың балабақшадағы рөлі денсаулықты жақсарту. Көптеген ұлттық ойындар дене шынықтыруға бағытталған. Балалар түрлі ойындар арқылы денелерін жаттықтырып, физикалық даму мен денсаулықтарын

сақтауға мүмкіндік алады. Ұлттық құндылықтарды ұғыну. Ұлттық ойындар арқылы балалар қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетімен танысады. Мысалы, «Көкпар» ойыны арқылы қазақ халқының ұлттық ат спортымен, «Тоғызқұмалақ» ойыны арқылы қазақтың логикалық ойлау қабілетімен танысады.

Қиял мен шығармашылықты дамыту. Ұлттық ойындар көбінесе балалардың қиялына ерік береді. Ойын барысында балалар өздеріне жаңа рөлдер тауып, шығармашылық тұрғыдан дамиды.

Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы тәсілдер

• Ойын арқылы тәрбие Балаларға «Қыз қуу», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» сынды ұлттық ойындарды ойнату олардың қазақ халқының өмір салтымен жақын танысуына көмектеседі.

• Тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктер Наурыз мерекесін атап өту, қазақ ертегілері мен батырлар жырын сахналау – ұлттық құндылықтарды балаларға жеткізудің әсерлі жолы.

• Қолөнер үйрету. Баланы кесте тігу, ою-өрнек салу, киіз үйдің құрылымын түсіндіру сияқты дәстүрлі қолөнермен таныстыру ұлттық мәдениетті тануға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ұлттық ойындар – ұлттың мәдени мұрасы, ұрпақтың рухани азығы, дене шынықтыру мен білім беру құралы. Балабақшада балаларды ұлттық ойындармен таныстыра отырып, біз оларға тек ойынның қызығын ғана емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды сақтап, жаңғырту жолында тәрбиелік бағытты көрсетеміз. Ұлттық ойындар арқылы балаларымыздың жан-жақты дамып, ұлттық сана-сезімінің жоғары болуына ықпал етеміз.

Молдашова Айжан Муратовна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек" бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ – ӨРІСІНІҢ ДАМУЫНА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ӘСЕРІ

XXI ғасыр– білімділер ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру, мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні және бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар ұжымының дамуында басты роль атқарады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол, еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады.

Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың асыл қазынасы бір жүйеге келтірілген, тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін, заманымыздың ұлы адамдарының сөздерін есімізге алайық. Мысалы: қазақтың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарымыздың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында, өздері қызықтаған алуан өнері бар. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған», деп айтса, аса көрнекті ұздік педагог Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып, шыңдалады». Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» десе, ал ұлы педагог В.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», дейді. Бөбектерді тәрбиелеуде ұлттық ойындардың берер тәрбиесі мол. Сонымен қатар ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, асық, хан талапай, теңге алу, қыз қуу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Мысалы, «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ моторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге көмектессе, ал «Санамақ», «Жылдам айт» ойындары тіл өнеріне негіз салады. Балалар негізінен ойын үстінде бір-бірімен тез тіл табысады. Ойынына қарап баланың психологиясын аңғаруға болады. Бес саусақ бірдей емес дегендей, әр отбасынан шыққан балалардың мінез-құлқы бірдей емес. Балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең-тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп,ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы - балалардың бойында өнердің, білімнің, тәрбиенің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес. Сонымен бірге ойын ойнау негізінде бала:- көңілді болып жақсы демалады;- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;- ойынға қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Ойынды ойнату мен үйретудің мақсаты:

- ұлттық ойындар дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;

- қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;

- жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулықсақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек, ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әсер беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндеріміз ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

Смагулова Рита Турсынбековна
Дефектолог, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі"мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек"бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР»

Аңдатпа. Мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сөйлеу тілін дамытуда қолданылатын заманауи логопедиялық технологиялардың тиімділігі қарастырылады. Логопедиялық түзету-дамыту жұмыстарында инновациялық әдістерді пайдалану арқылы балалардың тілдік, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін жетілдірудің маңыздылығы айқындалады. Сонымен қатар Монтессори әдісі, ойын терапиясы, арт-терапия, құм терапиясы және интерактивті технологиялардың сөйлеу бұзылыстары бар балалардың тілін, ойлауын, есте сақтауын, ұсақ моторикасын және әлеуметтік дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктері сипатталады. Инновациялық тәсілдерді кешенді қолдану логопедиялық жұмыстың сапасын арттырып, балалардың қоғамға бейімделуі мен толыққанды дамуына қолайлы жағдай жасайтыны ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан негізделеді.

Кілт сөздер: логопедия, инновациялық технологиялар, сөйлеу тілін дамыту, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, түзету-дамыту жұмысы, логопедиялық массаж, дыбысты қою, ойын терапиясы, Монтессори әдісі, арт-терапия, құм терапиясы, интерактивті технологиялар, танымдық қабілет, ұсақ моторика, коммуникативтік дағдылар.

Балалардың тілін дамытуда ауызша сөйлеуге үйрете отырып, білгенін күнделікті өмірде қолдануына, тілдік қарым-қатынасты жаттықтыру ісіне ерекше мән беріледі. Педагогика мен психология және медицинаның түйісу нүктесінде орналасқан логопедия өз тәжірибесінде мұғалімнің жұмысын оңтайландыру және ең тиімді әдіс-тәсілдерді бейімдеп қолданады. Қазіргі 8логопедия ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға тән әртүрлі жас кезеңдерінде және түрлі білім беру жағдайларында балалардың оқыту және дамыту процесін жетілдіру және оңалту жолдарын үнемі белсенді іздеуде.

Логопедиялық тәжірибедегі инновациялық технологиялар:

* уқалау технологиялары (зондтық массаж);
* дыбысты қою технологиясы;
* логопедиялық, сөйлеу тілдік бұзылыстар кезінде тыныс алуды қалыптастыру технологиясы және т.б.

Логопед қызметінің өзара байланысты маңызды жаңа кезеңі – жоғары тиімді түзетуші әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдану.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіру мақсатында олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып түрлі түзету дамыту сабақтары

өткізіледі. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың бойындағы кемшіліктерді түзету, жан-жақты жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының нәтижесінде оқушыларды қоғамдық өмірге бейімдеу, сонымен қатар зейінін қалыптастыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін және тілдерін дамыту, яғни танымдық қызметін дамытуда оқытушылар және арнайы маман иелері (дефектолог, логопед, психолог т.б.) түрлі заманауи технологияларды қолданады.

Соның ішінде ең көп кездесетін технологиялардың бірі – Монтессори әдісі, ойын терапиясы, арт-терапия, құм терапиясы т.б.

Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалім оқушының шығармашылық жұмыс істеуіне жол ашып, оның негізгі іс-әрекеті болып саналатын ойын арқылы білім алуға мүмкіндік береді.

Ойын – баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер атқарады. Баланың барлық психологиялық ерекшеліктері осы ойын арқылы қалыптасады. Ойын баланың түрлі қасиеттерін дамытып, танымдық қабілетін, белсенділігін арттырады.

Балалардың ойлауын, қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ойындардың да үлкен дидактикалық маңызы бар. Бір ойын түрі ойлануы мен қабылдауын жетілдірсе, екіншісі ойлау қабілетін, үшіншісі есте сақтау қабілетін жетілдіреді. Ойында балалардың физикалық, психологиялық қасиеттерінің сапалары да өзгеріп отырады.

Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, тыңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндік береді, қолайлы жағдай туғызады. Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін, маманның нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу.

Құм терапиясы:

* Тактильді-кинестетикалық сезімталдығы мен қолдың ұсақ моторикасын дамытады;
* Бұлшық етке түскен күшті басады;
* Бала өзін өзгелердің қоршағанына сенеді;
* Белсенділікті дамытады;
* Бала тілінде түсінікті түрде жеткізілетін өмірлік тәжірибені жинақтайды;
* Әріп үйренуге көмектеседі, жазу мен оқу дағдысын қалыптастырады;
* Фонематикалық дыбысты қабылдауды дамытады.

Арт-терапия мүмкіндігі:

* Балада когнитивті дағды қалыптастырады;
* Назарды, жадын және ойлау қабілетін дамытады;
* Әдеттегіден өзгеше ресурс арқылы өмірлік тәжірибесін жетілдіреді;
* Өзі және өзгелер ризашылығын білдіріп, мәнерлі сөйлеуге дағдыланады;
* Күнделікті әлеуметтік дағды қалыптастырады;
* Өзін-өзі бағалауын көтереді.

Логопедиялық қызметтегі әсер етудің инновациялық әдістері сөйлеу бұзылыстары бар балалармен түзету-дамыту жұмысының нәтижелілігін арттырудың тиімді құралы болып табылады. Бұл әдістер түзету құралдарының мүмкін болатын барлық бағыттарын реттеуге көмектеседі. Кешенді логопедиялық көмек нәтижесінде инновациялық әдістер балалардың тілдік дамуына оң ықпал етеді.

Дуанбекова Макпал Жетписбаевна
Әдіскер, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ҚАЗАҚ ҮЙ ЖАБДЫҚТАРЫН ТОЛЫҚТЫРУ»

(КВЕСТ-ойыны)

КВЕСТ –ағылшын тілінен аударғанда (іздеу, табу деген мағынаны білдіреді). Ойын барасында бірнеше міндеттер шешіледі. Баланың ойлау, танымдық, шығармашылық қабілеттерін, бірлесе әрекет ету іс-қимылдарын, тілдерді үйренуге деген қызығушылығы,ұйымшылдыққа, тапсырмалардың шешімін оңай және жылдам шешуге,топта жұмыс жасауға, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеуге. Сонымен қатар, ойын барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді, тапсырмаларды қолдануға болады. КВЕСТ ойынының ұйымдастыруда алдына белгіленген бір нақты мақсат қойылады, яғни (кейіпкерді құтқару, қазына табу, картамен жұмыс т.б.) Көмекшінің көмегіне жүгінуге болады.

Құрметті әріптестер мен сіздермен осы КВЕСТ ойынын ойнату арқылы толығырақ түсіндірсем.

Ойынның аты « Қазақ үй жабдықтарын толықтыру»

Мақсаты: қазақ үй жабдықтарын толықтыру арқылы балалардың ойлау, сөйлеу, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту.

Міндеті; балаларға ойынның бағытын көрсету арқылы жылдамдыққа, потриодтыққа баулу.

Қажетті құрал жабдықтар: (Қазақ үй, түскиіз, сандық, домбыра, шымылдық, текемет, дастархан) құрал жабдықтардың суреттері ледэкранға шығару.

Шарты: Ұйымдастырушы бірнеше ойыншыны яғни педагогтарды ортаға шығару арқылы ойынды ойнату. Қазақ үйдің суреті көрсетілсе, осы қазақ үйдің ішін қазақи жиһаздармен жабдықтау, ол үшін берілген тапсырманы табушешу, жасау арқылы және келесі тапсырманы бағыттау арқылы жүргізіледі.

Мен сіздерге бастамас бұрын сұрақ қойайын қазақ үйдің ішіне кіргенде төрінде не ілулі тұрады? (Түскиіз) жарайсыздар олай болса бірінші тапсырма осы түскиізден басталмақ.

1- Тапсырма «Оюлы түскиіз»

«Оюлы түскиіздің тапсырмасы сөзжұмбақты шешу.

	т	е	ң	г	е
т	ү	л	к	і	
	с	у			

к	ө	к	е	к		
		и	л	е	у	
і	р	і	м	ш	і	к
		з	е	р	е	

1- ҚР- сының ұлттық валютасы?
2- Жазда, қыста түсін өзгертетін әдемі әрі ку жабайы жануар?
3- Жершарының көп бөлігі неден тұрады?
4- Өз жұмыртқасын тастап кететін құс?
5- Құмырсқаның үйі?
6- Сүттен жасалатын ұлттық тағам?
7- Абай Құнандайұлының әжесі?

Жарайсыздар осы шешілген сөзжұмбақтан бір әріпте ненің суретін көріп тұрмыз? (сандық) олай болса келесі екінші тапсырмамыз

2- «Сыр сандық» Сыр сандықтың ішінене сіздерге тағы да бір ұжымдық жұмыс берілген. Геметриялық пішіндерді құрастырып шыққан суреттерден әңгіме не ертегі құрастыу керек? (тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер)

1-Тіктөртбұрыштарды құрастыру арқылы қоянның суреті құралды? Әңгіме не ертегі желісін қысқаша айту?

2-Үш бұрыштарды құрау арқылы үйшіктің суреті шығады...

3- Шеңберді құрағанда домбыраның суреті шығу арқылы келесі тапсырмаға бағыттау.

3-Тапсырма «Ырғақты домбыра» Бұл тарсырмада бірнеше музыка ойналады сергіту сәті ретінде кішкене қимыл қозағалыс жасаймыз. 1,2,3 – музыкада «Қара жорға» биін билеу арқылы сұрақ қойылады? Қара жорға биін кімдер жұптасып билейді? (бозбала мен бойжеткендер) яғни келесі тапсырмамыз «Шымылдық»

4- «Шымылдықтың» Отбасы туралы тапсырманы орындау. Көрсетілген мақал мәтелді толықтыру.

1- Отан қуат

Отбасы (шуақ) 

2- Отбасының өнегесі
Отан (өнегесі)

3-Інісі бардың тынысы бар,



Ағасы бардың бар




3- Ата баланың
4- Ананың көңілі балада



Баланың көңілі

5- Немере етін жеп  берер.

6- Бала  етің

7- Ағаның үйі ақ 



 осы конверттің ішінде не жасырынғанын көрейік.... ■ текеметтің суреті шықтты. Келесі тапсырмамыз Текемет.

5- Тапсырма «Текемет» Бұл тапсырмада қазақтың ұлттық ойынын ойнату. Қазақ халқында ойын түрлері өте көп аңға, малға байланысты әр түрлі заттармен ойналатын ойын түрлері өте көп. Соның ішінде біз қазір сіздермен текеметтің үстінде ойналамын ойын түрімен ойнаймыз. Бұл ойынның аты « Бес тас» ойыны Бестас ойны балалардың ұсақ қол саусақ маторикасын дамытады, жылдамдыққа тәрбиелейді, ойлау қабілетін дамытады. Бес тас ойынын бес асықпен ойнаймыз.





Ойынды ойнату барысында шеңбер жасап отырығыза отырып келесі тапсырмаға бағыттаймыз.



6- «Берекелі дастархан» Қазақ халқы дастархан басында жиналу арқылы ас ауқаттарын ішкен, барлық түйіткілді мәселелерімен балаларын өнегелі тәрбиелерінде осы дастархан басында айту арқылы тәрбиелеп, ортақ шешімге келіп отырған. Құрметті әріптестер КВЕСТ ойын ойнау арқылы сіздердің көңіл күйеріңізді білгім келеді?

Бұл ойынды әр педагог өз шеберлігіне байланысты әр түрлі бағытта қызықты өткізуге болады. Осы ойынды сіздермен ойнап шыққаныма менде қуаныштымен. Сіздерге жақсы ойын



көрсеткендеріңіз үшін қазақтың ұлттық тағамы құртты ұсынғым келіп отыр. РАҚМЕТ!

Тыныбекова Минура Сагындыковна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАР»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты: Балалардың ойлау, есте сақтау, зейін қою қабілеттерін дамыту.

Түстерді, пішіндерді ажыратуға үйрету. Ұсақ қол моторикасын және сөйлеу тілін дамыту. Бірлесіп ойнауға, достыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Түрлі түсті текшелер, геометриялық пішіндер, суретті карточкалар, пазлдар, доп.

1.Ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысы

Шаттық шеңбері Балалар шеңберге тұрып: Армысың, алтын күн!
Армысың, көк аспан!
Армысың, достарым!
Біз бірге ойнаймыз!

2. Негізгі бөлім

1-ойын: «Түсін тап» Тәрбиеші түсті көрсетеді, балалар сол түстегі затты атайды.

2-ойын: «Пішіндерді орналастыр» Балалар шеңбер, шаршы, үшбұрыштарды өз орындарына қояды.

3-ойын: «Не өзгерді?» Бірнеше зат қойылады. Балалар көзін жұмғанда бір зат алынып тасталады. Қай заттың жоқ екенін табады.

4-ойын: «Пазл құрастыр» Балалар топпен суретті құрастырады.

Сергіту сәті: Бір, екі, үш,
Орнымыздан тұрамыз.
Қолды жоғары созамыз,
Оңға, солға бұрыламыз.
Шапалақтап, күлеміз,
Ойынға қайта кіреміз.





3. Қорытынды
Бүгін қандай ойындар ойнадық?
Қай ойын ұнады?
Балаларды мадақтап, белсенді қатысқандары үшін қошемет көрсету.

Күтілетін нәтиже:
Түстер мен пішіндерді ажыратады.
Зейіні мен есте сақтау қабілеті дамиды.
Қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындайды.
Топпен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Малдыбаева Эльмира Киргизбаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«АҚЫЛДЫ ҚЫЛҚАЛАМ»

(Ұйымдастылыған іс-әрекет)

Мақсаты мен міндеті: Балаларды Жасанды Интеллект арқылы жасалған «Ақылды қылқалам» бейне-кейіпкерімен таныстыру.

• Негізгі түстер мен қылқаламның атқаратын қызметі туралы түсінік беру.

• Технология мен шығармашылықты ұштастыра отырып, балалардың қызығушылығын ояту.

Көрнекіліктері: Экран/интерактивті тақта, Жасанды Интеллект арқылы дайындалған **«Ақылды қылқалам» ЖИ-бейнеролигі** (басында түссіз-мұңлы, соңында түрлі-түсті құлпырған), сиқырлы қорап, ішінде қызыл, сары, көк текшелер, гуашь бояулары, балаларға арналған кішкентай қылқаламдар, су стақандары, үлкен ватман (бетінде жасыл шөп салынған).

Сабақ барысы:
І. Ұйымдастыру бөлімі
Тәрбиеші топ ішінде балаларды өзіне қаратып, жылы дауыспен шақырады.
Тәрбиеші: Балалар, кәнекей, бәріміз бері келейікші. Бізге бүгін қонақтар келіпті. Сәлемдесейік пе?
Балалар: Сәлеметсіздер ме!
Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Ал енді бәріміз қол ұстасып, әдемі шеңбер құрайық.
Тәрбиеші балаларды шеңберге жинап, өлең жолдарын бірге қайталайды:

Балалар бірге:
Алақанды ұрайық, (барлығы бірге шапалақтайды)
Үлкен шеңбер құрайық! (бір-біріңің қолынан ұстайды)
Күлімдейік күнге біз, (бастарын жоғары көтеріп, қолдарын созады)
Сәлемдестік бірге біз! (бір-біріне қарап күлімсірейді).
Тәрбиеші: Көңіл-күйлерің қалай, балапандар?
Балалар: Жақсы!

II. Тосын сәт (ЖИ кейіпкерінің экраннан көрінуі)

Осы кезде Экранда Жасанды Интеллект (ЖИ) арқылы анимацияланған, бірақ үсті-басы мүлдем түссіз, сұр және ақ-қара түсті «Ақылды қылқалам» бейне-кейіпкері бірден пайда болып, сөйлеп кетеді. Оның көздері өте мұңлы.

Ақылды қылқалам (ЖИ кейіпкері экраннан бірден сөйлейді): Сәлеметсіңдер ме, кішкентай балалар! Мен - Ақылды қылқаламмын. Маған өте көңілсіз болып тұр. Сиқырлы әлемде қатты жел тұрып, менің барлық әдемі, жарқын бояуларымды ұшырып, өшіріп кетті. Қараңдаршы, мен мүлдем түссіз болып қалдым. Бірақ мен сендердің топтарыңның ішіне бір сиқырлы қорап тығып қойдым, соның ішінде бес тапсырма жасырылған. Егер сендер маған көмектесіп, сол бес тапсырманы түгел орындасаңдар, менің бояуларым қайтадан орнына келеді. Мен қайтадан құлпырған түрлі-түсті қылқаламға айналамын. Маған көмектесесіңдер ме, достарым?

Тәрбиеші балаларға таңырқай бұрылып, олардың пікірін сұрайды.

Тәрбиеші: Ойбуй, балалар, қараңдаршы! Экрандағы Ақылды қылқаламның бояулары жоқ болып кетіпті. Түссіз қылқаламмен сурет сала аламыз ба біз?

Балалар: Жоқ, сала алмаймыз.

Тәрбиеші: Ақылды қылқалам бізден көмек сұрап тұр екен. Біз оған көмектесеміз бе? Оның бояуларын іздеп табамыз ба?

Балалар нағыз мейірімділік танытып, дауыстап жауап береді.

Балалар: Иә, көмектесеміз!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, ендеше бәріміз топтың ішінен сол ЖИ кейіпкеріміз айтқан сиқырлы қорапты іздеп көрейікші. Ол қайда тығылды екен? Ағаштың артында ма, әлде үстелдің астында ма?

Тәрбиеші балалармен бірге топ ішінен әдемі безендірілген сиқырлы қорапты тауып алады да, оны ортаға әкеледі.

Тәрбиеші: Мінекей, таптық! Қораптың ішінде не бар екенін көру үшін бірінші тапсырманы бастайық.

III. Негізгі бөлім: Бес тапсырма

1-тапсырма: «Сиқырлы қораптың түстері» (Танымдық және сөйлеу дағдысы)

Тәрбиеші ортаға табылған сиқырлы қорапты қойып, балаларды айналасына жинайды. Қораптың бетін жайлап ашады.

Тәрбиеші: Кәне, балапандар, бәріміз жақынырақ келейікші. Қораптың ішінде ерекше, сиқырлы заттар бар екен. Қане, бірінші не шығады екен, қарайықшы? (Тәрбиеші қораптан бірінші болып жарқыраған **қызыл** түсті текшені шығарып, жоғары көтереді). Ой, балалар, мына текшенің түсі қандай әдемі! Бұл қандай түс, кім айтады?

Балалар (бір ауыздан дауыстап): Қызыл! Бұл қызыл түс!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Өте дұрыс, бұл - қызыл түс. Ал біздің айналамызда, тобымызда қызыл түсті не бар екен, көзбен іздеп көрейікші? Тағы өмірде қандай жеміс қызыл болады?

Балалар: Алма қызыл болады! Көлік те қызыл болады!

Тәрбиеші: Керемет, балапандар! Қызыл түсті бірден таптыңыздар. Ал енді келесі сиқырлы затты шығарамын, мұқият қараңдар. (Тәрбиеші қораптан **сары** түсті текшені шығарады). Мынау қандай түс, балалар?

Балалар: Сары түс! Күн сияқты сары!

Тәрбиеші: Керемет, дұрыс айтасыңдар, бұл - сары түс. Күннің түсі сары болады. Тағы не сары болады? Кіп-кішкентай балапан қандай түсті болушы еді?

Балалар: Балапан да сары! Банан да сары болады!

Тәрбиеші: Өте ақылды балалар екенсіңдер! Қорапта тағы да түстер бар екен, қане қарадық. (Тәрбиеші қораптан **көк** түсті текшені суырып алады). Ал мына текшенің түсін кім табады?

Балалар: Көк түс! Мынау көк!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, бұл - көк түс. Төбеміздегі аспанымыз, өзендегі суымыз көк түсті болады екен. Қане, бәріміз бірге дауыстап қайталайықшы: «Көк түс!».

Балалар бірге: Көк түс!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Енді қораптың түбінде соңғы бір текше қалыпты. Қане, бұл қандай түс екен? (Тәрбиеші қораптан **жасыл** түсті текшені шығарады). Мына текшенің түсі қандай, балапандар?

Балалар: Жасыл! Шөп сияқты жасыл!

Тәрбиеші: Өте дұрыс! Бұл - жасыл түс. Даладағы шөптер, ағаштың жапырақтары жасыл болады. Сендер төрт негізгі түсті де өте тамаша біледі екенсіңдер! Қызыл, сары, көк, жасыл түстердің бәрін түгел таптыңыздар.

Балалар (қуанып, шапалақтайды): Алақай, бәрін таптық!

Тәрбиеші: «Бұл — **бір** қызыл текше. Қане, бәріміз айтайықшы: «Бір».

• Тәрбиеші: «Бұл — **екі** сары текше. Қане, «Екі» деп айтайықшы».

• Тәрбиеші: «Бұл — **үш** көк текше. Қане, бәріміз бірге дауыстап санайықшы: Бір! Екі! Үш! Барлығы неше текше болды? Барлығы **үш** текше».

Тәрбиеші: Бірінші тапсырманы өте жақсы орындадық, балалар. Енді екінші тапсырмамызға көшейік.

2-тапсырма: «Қылқалам қалай сөйлейді?» (Танымдық-зерттеу және сөйлеу дағдысы)

Тәрбиеші балаларды үстел басына шақырып, алдын ала дайындалған ақ қағаздар мен құрғақ қылқаламдарды таратады.

Тәрбиеші: Балалар, міне, қораптың ішінен бізге арналған кішкентай қылқаламдар шықты. Қане, бәріміз қылқаламды қолымызға дұрыс ұстайықшы. Үш саусағымызбен әдемілеп ұстаймыз. Жарайсыңдар! Ал енді осы қылқаламды алдарыңдағы ақ қағаздан жасалған парақтың бетіне жайлап жүргізіп көріңдерші. Сызықтар сызып көріңдер. Қағазға қараңдаршы, бірдеңе салынды ма? Із қалды ма?

Балалар: Жоқ, ештеңе жоқ. Із қалмады.

Тәрбиеші: Иә, ештеңе көрінбейді. Біздің қылқаламымыз үндемей тұр, сөйлемейді. Ал енді қылқаламымыз сөйлеп, әдемі із қалдыру үшін не істеуіміз керек? Кім біледі?

Балалар: Бояу керек! Су керек!

Тәрбиеші: Өте дұрыс айтасыңдар! Қане, бәріміз бірге сиқыр жасайық. Алдымен қылқаламымызды алдымызда тұрған суға малып аламыз. Сұйықтықты қатты ағызбай, стақанның шетіне жайлап суын сілкиміз. Енді өздеріңе ұнайтын түске қылқаламның ұшын ғана малып алыңдаршы.

Балалар тәрбиешінің айтқанын қайталап, қылқаламдарын бояуға малады.

Тәрбиеші: Ал енді бояу жағылған қылқаламды қағаз бетіне қайтадан жүргізіп көріңдерші. Не пайда болды?

Балалар: Әдемі сызықтар шықты! Көк сызық! Қызыл сызық!

Тәрбиеші: Міне, көрдіңдер ме! Қылқаламымыз су мен бояу тигенде ғана «сөйлеп», қағаз бетіне әдемі түрлі-түсті із қалдырды. Түстері қандай ашық! Қандай түстермен сызық сыздыңдар, қане маған айтып беріңдерші?

Балалар: Менде жасыл шөп сияқты! Мен көк су жасадым! Мен сары күн жасадым!

Тәрбиеші: Керемет! Сендер нағыз сиқыршы екенсіңдер. Қылқаламды сөйлетудің құпиясын таптық. Енді үшінші тапсырмаға көшейік.

3-тапсырма: «Тырс-тырс жаңбыр» (Ұсақ моторика және сөйлеу дағдысы)

Тәрбиеші балалардың алдына ақ бұлттың суреті салынған арнайы парақтарды таратады.

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, алдарыңда үлкен ақ бұлттар пайда болды. Бірақ бұл бұлттардан жаңбыр жаумай тұр екен. Кәне, бәріміз Ақылды қылқаламымызды көк бояуға малып алайықшы. Қылқаламның тек ұшын ғана, кішкентай мұрнын ғана көк бояуға батырамыз. Жарайсыңдар! Ал енді қылқаламның ұшымен бұлттың астына «тап-тап-тап» етіп, кішкентай нүктелер қойып, жаңбырдың тамшыларын салайықшы.

Балалар қылқалам ұшын қағазға дәлдікпен тигізіп, нүктелер арқылы жаңбыр тамшыларын сала бастайды.

Тәрбиеші (балаларды қызықтырып, дауыс ырғағымен): Тырс-тырс-тырс! Аспаннан көп жаңбыр жауды! Тамшылар жерге қалай тамады, балалар? Қане, бәріміз бірге дыбыстайықшы!

Балалар (жұмыстарын белсенді істей отырып): Тырс-тырс, тырс-тырс! Жаңбыр жауып тұр!

Тәрбиеші: Ой, қандай тамаша! Жаңбырымыз қаттырақ жауды, кәне, нүктелерді көбірек қояйық. «Тап-тап-тап», «тырс-тырс-тырс»! Нұрлан, сенің жаңбырың қандай әдемі! Аяла, сенің де тамшыларың өте көп екен. Қандай бояумен салып жатырмыз, балалар? Жаңбырдың түсі қандай?

Балалар: Көк бояу! Көк жаңбыр!

Тәрбиеші: «Әлихан, кәне, сенің бұлтыңнан тамшыларды санайықшы: **бір, екі, үш** тамшы тамыпты! Ал Аяланың бұлтынан **көп** жаңбыр жауып тұр».

Тәрбиеші: Керемет, балапандар! Аспандағы ақ бұлттан ап-әдемі көк жаңбыр жаудырдық. Сендер Ақылды қылқаламмен нүктелерді өте таза, әдемі етіп қоюды үйрендіңдер. Енді қолымызды демалту үшін бәріміз бірге сергіту сәтін жасайық.

Сергіту сәті: «Көңілді қылқаламдар биі» (Музыкалық-физикалық дағды)

Тәрбиеші балаларды кілемше үстіне, бос орынға шақырады. Фонда ағаштардың шуылы, табиғат дыбысы мен көңілді, ырғақты балалар әуені ойнала бастайды.

Тәрбиеші (музыка ырғағымен қол шапалақтап): Балалар, кәнекей, бәріміз орнымыздан тұрып, кілемшеге келейік. Қолдарымыздағы Ақылды қылқаламдар да бізбен бірге билегісі келіп тұр екен. Музыканы тыңдап, бәріміз бірге билейміз!

Балалар музыка әуенімен тәрбиешіге қарап, қимылдарды нақты әрі көңілді қайталайды:

Тәрбиеші мен балалар бірге (дауыстап, ырғақпен айтады):

Тербеледі ағаштар, *(Балалар қолдарын жоғары көтеріп, музыка әуенімен оңға және солға қарай үлкен ағаштар сияқты ырғалып билейді).*

Алдымнан жел еседі. *(Қолдарының алақандарымен беттеріне қарай тез-тез желпу жасап, «ууу-ууу» деп желдің дыбысын салады).*

Кіп-кішкентай бөбектер, *(Музыканың ырғағы бәсеңдегенде, бәрі бірге кіп-кішкентай саңырауқұлақтар сияқты тізелерін бүгіп, жүрелеп отыра қалады).*

Үп-үлкен боп өседі! *(Музыка қаттырақ және көңілді ойнағанда, орындарынан атып тұрып, қолдарын барынша жоғары созады, аяқтарының ұшымен биікке ұмтылады).*

Тәрбиеші (күлімсіреп, балаларды мақтап): Ой, жарайсыңдар! Қандай биік болып өстіңдер! Ақылды қылқаламдарымыз да бой сергітіп, қуанып қалды. Музыка бізге күш берді, қане енді төртінші тапсырмамызды орындауға барайық!

4-тапсырма: «Күннің шуақтары» (Шығармашылық және танымдық дағды)

Тәрбиеші балаларды топтың ортасында тұрған мольберттің жанына шақырады. Мольбертте үлкен ақ қағазға салынған, бірақ шуақтары жоқ үлкен сары дөңгелек (күн) ілулі тұр.

Тәрбиеші: Балалар, кәнекей, мына тақтаға жақсылап қараңдаршы. Мынау не?

Балалар: Күн! Бұл — Күн!

Тәрбиеші: Дұрыс, бұл — Күн. Бірақ күннің түсі қандай екен? Қане, есімізге түсірейікші?

Балалар: Сары түс! Күн сары болады!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Бірақ мына күннің шуақтары жоқ екен, содан бізге жылуы жетпей тұрған сияқты. Күн бізге жылуын төгіп, күлімдеп тұруы үшін оған не жетіспейді?

Балалар: Шуақтары жоқ! Түзу сызықтар салу керек!

Тәрбиеші: Әрине! Кәне, бәріміз Ақылды қылқаламымызды алып, сары бояуға малайық. Қылқаламымызды суға малып, сосын сары бояуды әдемілеп жағып аламыз. Енді кезекпен келіп, күннің шетінен бастап сыртқа қарай ұзын-ұзын түзу сызықтар жүргізейік. Шуақтарын салайық!

Балалар кезек-кезек мольбертке жақындап, Ақылды қылқаламмен сары дөңгелектің айналасына ұзын сызықтар тартып, күннің шуақтарын сала бастайды. Тәрбиеші әр баланың қылқаламды дұрыс ұстауын қадағалап, демеу береді.

Тәрбиеші (балалар сурет салып жатқанда): Ой, қараңдаршы! Алихан ұзын шуақ салды! Айсұлу да өте әдемі сызық жүргізді. Күніміз қандай тамаша болып жатыр! Жап-жарық болып кетті! Міне, күн де жылынды, бізге өз шуағын төгіп тұр! Жылуын сезініп тұрсыңдар ма, балалар?

Балалар (қуанып): Иә! Күн жылы болды! Күн сондай әдемі!

Тәрбиеші: Керемет, балапандар! Сары бояудың көмегімен күнді өте тамаша безендірдіңдер. Күн бізге риза болып тұр. Енді ең соңғы, бесінші тапсырмамызға көшейік!

5-тапсырма: «Гүлді алаң» (Ұжымдық жұмыс, әлеуметтік-коммуникативтік дағды)

Тәрбиеші топтың ортасындағы үлкен үстелдің үстіне алдын ала дайындалған үлкен ватман қағазын жаяды. Ватманның бетінде тек жасыл түспен салынған шөптердің суреті бар, бірақ ешқандай гүл жоқ.

Тәрбиеші: Балалар, мінекей, ең соңғы, бесінші тапсырмамызға да жеттік! Кәне, бәріміз мына үлкен қағазға жақынырақ келейікші. Қараңдаршы, мына жерде үлкен алаң бар екен. Бірақ бұл алаңда не жетіспейді? Тек жасыл шөп қана тұр ғой?

Балалар: Гүлдер жоқ! Әдемі гүлдер жетіспейді!

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, гүлдері жоқ екен. Кәне, бәріміз Ақылды қылқаламдарымызды алып, мына шөптің үстіне әдемі гүлдер салайық. Бірақ, балалар, біз бүгін үйренген төрт негізгі түстің ішінен тек қызыл және сары бояуларды ғана пайдаланамыз. Бір-бірімізге кедергі жасамай, иығымызды тірестіріп, тату-тәтті бірге сурет салайық.

Балалар Ақылды қылқаламдарын суға малып, бірі қызыл, бірі сары бояуды таңдап алады. Үлкен ватманның айналасына бірлесіп жайғасады.

Тәрбиеші: Қылқаламымызды бояуға малып болсақ, енді шөптің үстіне қылқаламның бүкіл басын «басып-басып» алып, гүлдің күлтелі жапырақтарын жасайық. «Басамыз — аламыз», «басамыз — аламыз».

Балалар үлкен ватманға қылқаламдарын кезек-кезек басып, қызыл және сары түсті гүлдердің суретін ұжыммен бірге сала бастайды. Тәрбиеші балалардың арасында жүріп, олардың бір-біріне орын беріп, кедергі келтірмей жұмыс істеуін бақылайды.

Тәрбиеші (балалардың жұмысын мақтап, қолдау көрсетіп): Ой, қандай тамаша! Мына жерде сары гүлдер жайнап кетті! Ал мына шетінде ап-ашық қызыл гүлдер өсіп шықты. Айсұлтан мен Медина қатар отырып, өте тату сурет салып жатыр. Ерасыл, сенің гүлің сондай үлкен болып шықты! Қараңдаршы, біздің жасыл алаңымыз қалай өзгерді?

Балалар (қуанып, мақтанышпен): Түрлі-түсті болды! Әдемі гүлдер көп болды!

Тәрбиеші: Керемет, балапандар! Бәріміз бірге жабылып жұмыс істегендіктен, өте үлкен, өте әдемі түрлі-түсті гүлді алаң пайда болды. Сендер ұжыммен, бірлесіп жұмыс істеуді өте тамаша меңгердіңдер. Бесінші тапсырманы да аяқтадық!

IV. Қорытынды бөлім (Ақылды қылқалам кейіпкерінің экранда қайта пайда болуы)

Топ ішінде қайтадан сиқырлы, салтанатты әрі өте көңілді әуен ойналады. Интерактивті тақтадан немесе экраннан жарқыраған сәулелер шашырап, Ақылды қылқалам бейне-кейіпкері қайта пайда болады. Енді ол басындағыдай мұңды емес, өте көңілді, жүзінде күлкі бар және үсті-басы балалар құтқарған қызыл, сары, көк, жасыл түстермен құлпырып, жарқырап тұр. Ол экраннан балаларға қарап, бірден сөйлейді.

Ақылды қылқалам (Экрандағы кейіпкер қуаныштан секіріп, қол шапалақтап сөйлейді): Алақай! Кішкентай достарым, қараңдаршы маған! Мен қандай әдемі, түрлі-түсті болып кеттім! Сендер менің бес тапсырмамды да өте жақсы, дұрыс орындадыңдар. Маған өзімнің ең жақсы көретін бояуларымды қайтарып бердіңдер. Енді менің сиқырлы әлемім қайтадан жарқын әрі көңілді болды! Сендер сондай ақылды, тату әрі мейірімді балалар екенсіңдер. Сендерге көп-көп рақмет, кішкентай достарым! Сау болыңдар, мен сендерді сағынатын боламын! (Экраннан балаларға жылы жымиып, қол бұлғап қоштасады да, сиқырлы ұшқындармен ғайып болады).

Тәрбиеші балаларды өзіне қаратып, экрандағы ғажайып сәтті қорытындылайды.

Тәрбиеші: Ой, балалар, қараңдаршы! Ақылды қылқаламымыз қалай құлпырып кетті! Өзі сондай қуанышты! Қане, айтыңдаршы, экраннан бізге жаңа ғана кім сөйледі, кіммен қоштастық?

Балалар (қуанып, айқайлап): Ақылды қылқаламмен!

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, Ақылды қылқаламымыз ғой. Ал біз оған қалай көмектестік? Оның бояуларын қалай қайтардық?

Балалар: Тапсырмаларды орындадық! Сурет салдық! Күн мен жаңбыр салдық!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Біз оған бүгін қандай әдемі түстерді қайтаруға көмектестік? Қандай түстерді пайдаландық, қане бәріміз бірге дауыстап атайықшы?

Балалар (бірге, саусақтарымен санап): Қызыл, сары, көк, жасыл!

Тәрбиеші: «Текшелерді нешеге дейін санадық?»

Балалар: «Бір, екі, үш!»

Тәрбиеші: Өте тамаша, балапандар! Сендер бүгін өте ұйымшыл, мейірімді болдыңдар. Бір-біріңе көмектесіп, үлкен әдемі гүлді алаңды да бірге салып шықтыңдар. Ақылды қылқаламымыз сендерге өте риза болды. Бүгінгі сабаққа бәрің де өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар!

Тәрбиеші балаларды қол шапалақтап мақтайды.

Тәрбиеші: Ал енді, балапандар, сендерге арнайы марапат табыстаймын. Осымен сабағымыз аяқталды. Қоштасамыз.

Балалар: Сау болыңыздар!

Балалар қолдарын жууға бағытталады. Олар салған үлкен «Гүлді алаң» ватманы топ бұрышындағы көрмеге, ата-аналар көретін жерге әдемілеп ілінеді.

Қалисынова Назерке Серикбаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ОТАНЫМ МЕНІҢ-ҚАЗАҚСТАН!»

(Ұйымдастылыған іс-әрекет)

Мақсаты: Балаларды туған жерін, туған елін, халқын құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатындығын түсіндіру.Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Бүлдіршіндер жүрегінде отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, мемлекетін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тулар, шарлар,суреттер,буклет, слайд.

Ұйымдастыру кезеңі: Балалар қолдарына ту ұстап кіреді.

Кенге толы қойнауы
Төлге толы жайлауы
Ол- біздің Қазақстан!
Анамыздай тілеуі- ақ
Отан бізде біреу-ақ,
Ол біздің Қазақстан!
Қайырлы күн Қазақстандықтар!

Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болғалы тұр ендеше әнұранмен бастайық.

-Балалар 25- қазан Республика күні болып 2022 жылы қайта бекітілді.

-Республика күнінің тарихына тоқтала кетсек, Республика күні 1990 жылы қазан айының 25-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде танылa бастады. Әлем картасында жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

Қабылданған декларатция Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік өкіметтің дербестігі мен толықтылығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынсатардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Әнұран, сондай-ақ ұлттық валютасы бекітілді.

-Балалар сендер қандай мемілекетте тұрасыңдар?

— Қазақстан мелекетінде тұрамыз

-Қазақстан мемілекетінің президенті кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Балалар бүгін бізде ерекше күн, біз бүгін барлық әндерімізді, тақпақтарымызды біздің Отанымызға арнаймыз, өйткені 25- қазан күні Республика күні болып тойланады.

Отан туралы кім тақпақтар біледі?

Асылым:
Республика күнімен,
Құттықтаймын сіздерді
Республика күнімен
Құтты болсын қазағым,
Қуанатын күнің ең...

Рамазан:
Балаларымыз бақытты,
Мерекені тойлайтын
Республика күнінде
Бар жақсыны ойлайтын

Мирагүл:
Мен бақытты баламын,
Айтқан тілді аламын.
Республика күнінде,
Жұлдыз болып жанамын.

Жанерке:
Құтты болсын қазағым,
Республика күні бұл.
Мерейлі де тәуелсіз,
Қазағымның үні бұл.

Айсұлтан:
Республикам ғажабым,
Артсын даңқың,ажарың.
Қазақ елі жанданып,
Таусылмасын базарың.

Нұрсезім:
Соғып тұрған жүрегім,
Республикам киелім.
Соғып тұрар жүрегім,
Республикам жасай бер,
Мықты болып тірегің!

Инабат:
Құтты болсын қазағым,
Республика күні бұл.
Құтты болсын қазағым,
Елім менің тәуелсіз,
Таусылмасын базарың.

Ерасыл:
Жасай берсін еліміз,
Азаттығы жанданған.
Жасай берсін еліміз,
Республика күнінде,
Гүлдей берсін жеріміз.

Інжу:
Құтты болсын бүгінгі,
Республика күні бұл.

Әр қазақтың лүпілдер,
Жүрегінің үні бұл.
Әмірхан:
Республикам бақытым
Мерекеге бастайтын.
Құтты болсын күн бүгін,
Шаттығымды растайтын.
Алихан.
Республикам бақытым,
Елге сенім беретін.
Құтты болсын мереке,
Әр жыл сайын келетін.

Жүргізуші:
Ақжайық , Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
-Жәрайсыңдар балалар, Республикамыз туралы тақпақтар айттық.
Ән: «Бал балалық»

Қазақстан рәміздері туралы мәлімет
1992 жылы 4-маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер Елтаңба,Ту,Әнұран бекітілді.
Елтаңбаның, тудың суретін көрсету.
-Елтаңбаның қандай белгілері бар?
-Тудың түсі қандай? Қандай белгілері бар?
-Қазақстан ,елтаңба, ту туралы кім қандай тақпақ, мақалдар біледі?
Мақал-мәтелдер:
«Отан оттан да ыстық»
«Отан — отбасынан басталады»
«Отан үшін отқа түс күймейсің»
Сергіту сәті:
Елімде тыныш, жерімде тыныш
Бейбіткүн әні шырқалсын.
Бақытты елім, жақұтты жерім
Тіл көзден сені сақтасын.
Дидактикалық ойын «Мемлекетіме қалай көмектесем»
Сурет бойынша әңгімелеп беру.
— Мемлекеттім алға қарай дамуы үшін не істеуміз қажет?
(білімді болумыз қажет)
— Мемлекеттіз де мәдени орындар көп болуы үшін не істеу қажет?
(біз өнерлі болумыз қажет)
-Мемлекетімізде спорт алаңдары көп болуы үшін не істеуміз қажет?
(спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын сақтаумыз қажет)
-Мемлекетімізде оқу орындары көп болу үшін не ітеуміз қажет?
(Жақсы оқушы болумыз қажет)
-Мемлекетіміздің кең байтақ даласын игеру үшін не ітеуміз қажет?
(Ерінбей егістікте еңбек етуміз қажет)
-Мемлекетіміздің шекарасын қорғау үшін не ісеуміз қажет?

(Батыр да батыл сарбаз болумыз қажет)
«Көк аспанда желбіре көк Туым» тақырыбында сурет салу.
Қортынды:
25- қазан қандай күн? Республика күні
Қазақстанның тұңғыш президенті кім? Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев
Қазақстанның қазіргі президенті кім? Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы
Бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге несімен ұнады?
Қазақстанның Туының суретін салған сендерге ұнады ма?
Қазақстан елінің келешегі сендерсіңдер білімді ақылды болсаңдар көктуымызды талай көктен желбіретететіндеріңе біз сенеміз!

Тынаева Лаура Аутқызы
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«БЕС КЕНЕЙ» ОЙЫНЫ

Мақсаты: «Бес кеней» (бес асық) ойынының негізгі мақсаты - ұлттық құндылықтар мен салт- дәстүрді дәріптеу, қолдың ептілігі мен ұсақ моторикаларын, көз мөлшерін, есту қабілеттерін дамыту.

Ойын балалардың шапшаңдығын арттырып ,логикалық ойлауын және шыдамдылығын шыңдайды.

Ойынға қажетті құралдар:
Арнайы тақта (суреттегідей сызықтармен қосылған нүктелері бар)
-Асықтар (Хан асық)

Кіріспе

«Бес кеней» қазақ- халқының ертеден келе жатқан бес тас, бес асық ойындарын ойнау арқылы шығып, ежелгі дәстүрлі интелектуалды ойындарының бірі болып саналады. Қазіргі таңда оны ұлттық ойын ретінде жаңғыртып балалар мен ересектер арасында қайта жандандырып жатыр.

«Бес кеней» қазақ халқының дәстүрлі стртегиялық және логикалық тақталық ойындарының бірі. Ойын шахмат пен тоғыз құмалаққа ұқсас. Бірақ өзіне тән ерекшеліктері бар.

Бұл ойын баланы тазалыққа,тәртіпке, талапшылдыққа, татулыққа.табиғатты аялауға үйретеді

Ойын арқылы дене ақыл-ой және әлеуметтік дағдылары дамиды.

Ойынның негізгі мақсаты;

- Қарсылас асықтарды тақтадан шығарып жеңіске жету

Ойынның ережелері:

Тақтаны дайындау:

Ойын тақтасында он (10) бекет және оларды байланыстыратын сызықтар болады.

Әр ойыншы бес асығын өз бекетіне орналастырады

Екі жақ ойыншы да өзіне берілген бес асықты өз бекеттеріне орналастырады.

Ойынды бастау үшін хан асықты иіру арқылы анықтайды. Кімнің асығы алшы, не тәйке түссе сол ойыншы алғашқы жүрісін бастайды.

Қозғалу тәртібі:

Ойыншылар кезекпен жүреді. Бір жүрісте асық бір бекетке ғана қозғалады. Асықты тек сызық бойымен жылжыта алады

Қарсыластың асығын өзі алу:

Егер ойыншы өз асығымен қарсылас асығының қасына келіп, артынан немесе жанынан бір бекет бос тұрса, бос бекетке секіріп ортадағы қарсыластың асығын өзіне ұпай етіп алады.

Жеңіс шарты:

Барлық қарсылас асықтарын ойын алаңынан шығарып жіберген ойыншы жеңімпаз болады. Егер екі жақта да жүріс жасау мүмкіндігі қалмаса, кімде ұпай ретінде алған асығы көп болса,сол жеңімпаз болады

Ойынның пайдасы:

Саусақ маторикасын дамытады, логикалық ойлау мен көзбен өлшеу қабілетін жақсартады. Шапшаңдық пенептілікті жетілдіреді

Балабақшада « Бес кеней» ұлттық ойындарын алған кездегі туындаған қажеттілік

Бір тұтас тәрбие бағдарламасына орай, ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындарымызды балалардың бойына сіңдіру және насихаттау. Төрт, бес жас балалар арасында интелегтуальды ойындарды үйрету.

Бұл ойынды жетік меңгерту арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетте әр түрлі әдіс тәсілдерді пайдалануға да болады.

«Бес Кеней» ойыны



Кошкенова Лиза Турдакыновна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



СУ-ТІРШІЛІК КӨЗІ

(Ұйымдастылыған іс-әрекет)

Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру.

Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Судың қасиетін тәжірибе арқылы ұғындыру.

Қоршаған ортаны қорғауға,суды ластамауға,суды үнемдей білуге,ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Суреттер, магнитафон, су, стақан, сүт, қасық, түрлі-түсті бояу, ванилин, мұз, қант, тұз, алма шырыны, әйнек, ыстық су, қолшатыр, ақ қағаз.

Ұйымдастыру. Балаларды музыка ырғағымен топқа кіргізу.Қонақтармен амандасу (үш тілде).

Шаттық шеңбері: (өлең жолдарын қайталау)

Ерте тұрып жуынған,
Тазалықты қуынған.
Судай мөлдір тазамыз,
Суды сүйген баламыз.

Балаларды қызыл, жасыл, көк түсті таяқшаларды таңдату арқылы үш орталыққа жайғастыру. Ғылыми орталық, Шығармашылық орталығы, Аспаз орталығы

1. «Ғылыми» орталық

-Балалар,естеріңе түсіре қойыңдаршы,бір жылда неше мезгіл бар еді?
-Қыс,көктем,жаз,күз.
-Қазір біз жылдың қай мезгілімен қоштасып жатырмыз?
-Көктем.
-Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?
-Балалардың жауабы.
-Алдымызда қай мезгіл келе жатыр?
-Жаз.
-Дұрыс айтасыңдар балалар, ендеше мына суретке қарайықшы, жылдың қай мезгілі бейнеленген?
-Жаз,жайлау бейнеленген.
-Өте жақсы балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, сендер жауабын тауып көріңдерші.

Жұмбақ

Аспан түстес сұйық,
Әркім ішер құйып. (су)

-Дұрыс айтасыңдар балалар,олай болса бүгінгі оқу-қыметіміз «Су-тіршілік көзі» деп аталады екен. Көп тамшыдан су пайда болады.Су өмір бойы айналымда болады.Ол жаңбыр болып жерге түседі. Арық болып өзенді құрайды.Содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп,жер бетіне жаңбыр болып оралады.

-Жер бетінде су көп болсада, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді.Су тұщы және тұзды (ащы) болады.Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз.

-Балалар мына екі қалташаға назар аударайықшы:

1 қалташа:

-Су-тіршілік көзі.Оны тамаққа пайдаланамыз,шөлімізді басамыз. Сонымен қатар егін суарамыз,өрт сөндіреміз, гүл, ағаштарды суарамыз.Жан жануарлар, балықтар, құстар, адамдар барлығы сусыз өмір сүре алмайды.

2 қалташа:

-Балалар,біз судың әр түрлі қасеттеріне Аспаз орталығында көз жеткізетін боламыз. Су сұйық,қатты,бу күйінде болады.

-Балалар,мына ғаламшарға қараңдаршы,жер бетінің көп бөлігін су алып жатыр. Суды ғаламшарда көк түспен белгілейді. Ал ауыз су сол сулардың 2,5 пайызын ғана құрайды. Сондықтан ауыз су тапшы. Суға қоқысты тастауға болмайды, жазда теңізге түсуге барғанда, өзімізден кейін қалған нәрселердің барлығын жинап бірге алып кетуіміз керек.Суды бекерге төкпей, үнемдей білуіміз керек. Дана халқымыз «Суды бекерге төкпе», «Судың да сұрауы бар» деп айтатыны сондықтан екен.

-Олай болса балалар, шаршаған боларсыңдар,орнымыздан тұрып бой сергітіп алайық.

Сергіту сәті: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,
Мөлдір суға қолың жу.
Жуынсаң сен әрдайым,
Әппақ бетің, маңдайың.

Орталық ауыстыру.

2. «Шығармашылық» орталық

-Балалар, «Ғылыми» орталықтан «Шығармашылық» орталыққа қош келдіңіздер!

-Балалар сендер кәзір «Ғылыми» орталықтан су туралы толық түсінік алып келдіңдер деп ойлаймын.

-Балалар су қандай болады екен?

-Сұйық,түссіз.

-Оны адамдар не үшін пайдаланады екен?

-Ішеміз, жуынамыз, тамақ жасаймыз, ыдыс, кір жуамыз, егін, өсімдіктер мен үй жануарларын суарамыз.

-Ауыз су ретінде қандай суды пайдаланамыз?

-Тұщы суды

-Дұрыс айтасыңдар балалар,су тұщы және ащы су болып екіге бөленеді екен.

-Ащы суды пайдалануға болады мекен?

-Жоқ

-Ащы суды пайдаланбаймыз,ол біздің денсаулығымызға зиян.

-Өте жақсы балалар, олай болса сендердің алдыларыңда «Шығармашылық» орталықта қонақта болған балалар мынандай жұмыстар жасады.

-Енді сендер осы бейнені яғни бұлтты,жаңбыр тамшысын, өзен ағысын қағаз бетіне ұқыптап, әдемілеп түсіресіңдер. Ол үшін бізге ақ қағаз, мақта, желім, паралон, ұсақ моншақтар яғни бисер қажет.

(Шығармашылықпен жұмыс жүргізу, жасаған жұмыстарын қонақтарға көрсету)

-Кәне балалар шаршаған боларсыңдар, ендеше орнымыздан тұрып сергіп алайықшы.

«Қимыл-қозғалыс» ойыны. «Жел мен жаңбыр ойыны.

Ойын шарты: Мен сендерге жел дегенде сендер жүгіресіңдер,ал жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығыласыңдар жақсы ма?

(Балалар «Жел мен жаңбыр» ойынын ойнайды).

Орталық ауыстыру.

-Балалар, «Аспаз» орталығына қош келдіңіздер!

-Бұл орталықта сендер судың қасиеттерімен танысып,тәжірибе жасаймыз.

Тәжірибе жасау.

1 «Су-мөлдір»

Ортаға екі бала шығып су мен сутке тәжірибе жасайды.

Стаканға таза су және сүт құйып салыстырады. Екі ыдысқа қасық салып, қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды.

2. «Суда дәм жоқ»

Балалар түтікше арқылы су ішіп дәмін көреді. Оны салыстыру үшін алма шырынын ішіп көреді.

Суға қант және тұз қосып дәмін татады.

3 «Су-түссіз»

Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып , одан түс пайда болғанын бақылау.

4 «Судың иісі жоқ»

Балалардың алдына екі стакан қойылады. Оның біреуіне су, екіншісіне ванилин қосылған суқұйылған. Яғни; «Судың иісі жоқ».

5 «Судың күйі». Мұздың қатты су екендігін бақылау , тоңазтқыштағы қатқан мұзға бақылау жүргіземіз.

6 «Тұрақты пішін болмайды» суды тәрелкеге құйып ,судың пішінінің өзгеруін бақылау.

7 «Бу-бұл да су». Будың да су екендігін ұғыну үшін қайнатылған судың үстіне әйнекті ұстап, одан тамшы пайда болатынын байқау.

-Балалар, біздер судың әртүрлі қасиеттері бар екендігіне көз жеткіздік. Сонымен қайталап айтайық , судың қандай қасиеттері бар

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Қорытындылау.

-Кәне балалар үш орталықтың да балалары бері қараймыз.

-Адамдарға су не үшін керек?

-Ішеміз,жуынамыз,ас әзірлейміз,кір жуамыз.

-Өсімдіктер,жануарлар,балықтар сусыз өмір сүре алама?

-жоқ

-Судың иісі, дәмі, түсі бар мекен?

-жоқ

-Адамдар қандай су ішеді? Тұщы су ма,ащы су ма?

-тұщы

-Біз шығармашылық топта ненің бейнесін жасадық

-бұлт, жаңбыр, өзен ағысы

-Суды үнемдеу керек пе

-иә

-Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу-қызметімізге өте жақсы қатыстыңдар, сендерге көп-көп рахмет!

Мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Суды үнемдеуді, суды ластамауды.

Нені игереді: Саусақ арқылы сурет салуды, судың ащы және тұщы болатынын,тұщы суды қайда пайдаланатынын, судың қасиеттерін тәжірибе жасау арқылы біледі.

Нені білді: Сусыз тіршілік болмайтынын түсінеді.

Оңал Эльмира Айдынқызы
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«АҚЫЛДЫ АУЫЛ – ҚАУІПСІЗ ӘРІ ТАЗА ОРТА»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, балалардың әлеуметтік дағдыларын, танымдық белсенділігін, коммуникативтік қабілеттерін, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыру мақсатында «Ақылды ауыл» моделі арқылы жол қауіпсіздігі ережелерін меңгерту, қоқысты сұрыптау дағдысын қалыптастыру және өсімдіктерді күту әрекеттерін орындату.

ЖИ элемент:Ақылды робот (AI) кейіпкер

Білім беру дағдылары бойынша сәйкестендіру:

Құндылықтарға баулу:

Туған жерге қамқорлық, тазалық, жауапкершілік, бірлік.

(«Тазалық – саулық негізі», «Бірлік бар жерде – тірлік бар»)

Қажетті көрнекіліктер:

- Ауыл бейнесі бар пазл
- Бағдаршам макеті
- Жолақтар (жаяу жүргінші жолы)
- Қоқыс түрлері (қағаз, пластик, тағам қалдығы)
- Түрлі түсті жәшіктер
- Гүл өскіндері, топырақ, суқұйғыш
- Ақылды робот (ойыншық/бейне кейіпкер)

Қолданылатын әдіс-тәсілдер

➢ **Педагогикалық әдістер**

- **Сұрақ-жауап әдісі** – балалардың ойлауын, сөйлеуін дамыту
- **Түсіндіру және көрсету әдісі** – гүл отырғызу, қоқыс сұрыптау үлгісін көрсету
- **Модельдеу әдісі** – жаяу жүргінші жолын құрастыру
- **Практикалық әдіс** – қоқысты сұрыптау, гүл отырғызу
- **Ойын технологиясы** – «Ақылды робот» кейіпкері арқылы проблемалық жағдай туғызу
- **Проблемалық оқыту** – «Ауылға қалай көмектесеміз?» сұрағы арқылы ойландыру

➢ **Инновациялық және смарт элементтер**

- **STEM элементі** – модель құрастыру (жол, ауыл макеті)
- **ЖИ (AI) кейіпкерін қолдану** – мотивация арттыру

• **Кіріктірілген оқыту** – қауіпсіздік + экология + еңбек + ұлттық тәрбие
• **Ұлттық тәрбиеге бағытталған тәсілдер**
• Мақал-мәтел арқылы қорытындылау
• «Туған жерге қамқорлық» идеясын әрекет арқылы меңгерту
• Бірлескен еңбек арқылы ынтымақтастық қалыптастыру

Рефлексия «Ақылды ауылға хат»

Балалар қысқаша тілектерін айтады:

• «Мен ауылымды таза ұстаймын»
• «Мен жол ережесін сақтаймын»
• «Мен гүлдерді күтемін»

ІС- ӘРЕКЕТ БАРЫСЫ:

І. Ұйымдастыру кезеңі (Балалар шаттық шеңберінде тұрады)

Тәрбиеші:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!
– Бүгінгі күніміз сәтті өтсін!
– Көңіл-күйлерің қалай? (Балалар жауап береді)
– Ендеше, бір-бірімізге жылы лебіз білдірейік.

Шаттық шеңбері:

«Біз ақылды баламыз,
Таза жүріп аламыз.
Қауіпсіздік сақтаймыз,
Табиғатты қорғаймыз!»

Мотивациялық бөлім

(Робот ойыншығын/бейнесін қосу)



Ақылды робот:

– Сәлем, балалар!

Мен – Ақылды ауылдың робот көмекшісімін. Біздің ауылымызда бірқатар қиындықтар пайда болды. Бағдаршамның жанында жаяу жүргінші жолы жоқ, қоқыстар шашылып жатыр, ауламызда гүлдер азайып кетті. Маған көмектесесіңдер ме?

Балалар: Иә!

Тәрбиеші:

– Қазақ халқы *«Бірлік бар жерде – тірлік бар»* дейді. Олай болса, ауылымызға көмектесейік.

-Олай болса біз ауылдың бейнесі бар пазлды құрастыра отырып тапсырмаларды орындауға кірісейік.

ІІ. Негізгі бөлім

1-тапсырма: «Қауіпсіз көше» (Жол макеті, бағдаршам)

Тәрбиеші:

– Балалар, мына жерге қараңдаршы. Не жетіспейді?
(Балалар жауап береді: жаяу жүргінші жолы)
– Ендеше жолақтарды пайдаланып, жаяу жүргінші жолын құрастырайық.
(Балалар орналастырады)
– Өте жақсы!
– Бағдаршамның неше түсі бар?
(Балалар: үш)
– Қандай түстер?
(Қызыл, сары, жасыл)
– Қызыл түс нені білдіреді?

– Сары ше?
– Жасыл ше?
– Жаяу жүргінші жолымен кімдер өтеді?
– Жолдан өткенде не істеу керек?



Қорытынды:
– Дұрыс айтасыңдар!
«Қауіпсіздік – тәртіптен басталады.»
– Біздің көшеміз қауіпсіз болды!

2-тапсырма: «Таза ауыл» (Қоқыстар шашылып жатыр)
Тәрбиеші:
– Балалар, ауылымыз таза ма?
– Қоқысты қалай тастау керек?
– Қараңдаршы, бізде қандай жәшіктер бар?
Жасыл – тағам қалдығы
Сары – пластик
Күлгін – қағаз
– Қоқыстарды дұрыс сұрыптайық.
(Балалар сұрыптайды)
– Неге қоқысты сұрыптау керек?
– Тазалықты неден бастаймыз?



Қорытынды:
– «Тазалық – саулық негізі.»
– Біздің ауылымыз таза болды!

3-тапсырма: «Жасыл аула» (Гүл отырғызу құралдары)
Тәрбиеші:
– Ауламыз әдемі болу үшін не жетіспейді?
– Дұрыс, гүлдер.
– Өсімдік өсуі үшін не қажет? (Су, жарық, ауа, топырақ)
– Ендеше гүл отырғызайық.

(Кезең-кезеңімен орындалады)
1. Топырақ салу
2. Өскінді отырғызу
3. Суару
– Жарайсыңдар! Қандай гүлдер отырғыздық?
1) Мадагаскар сүттігені
2) Хош иісті жалбыз
– Табиғатты неге қорғауымыз керек?



Қорытынды:
– «Атадан мал қалғанша, тал қалсын.»
– Ауламыз жасыл, ауасы таза болды!
III. Қорытынды бөлім
Тәрбиеші:
– Балалар, бүгін біз не үйрендік? (Балалар жауап береді)
– Қауіпсіздік неден басталады?
– Тазалық неден басталады?
– Ақылдылық неден басталады? (Балалар жауап береді)
Рефлексия – «Ақылды ауылға хат»
Балалар қысқаша тілектерін айтады:
• «Мен ауылымды таза ұстаймын»
• «Мен жол ережесін сақтаймын»
• «Мен гүлдерді күтемін»
Ақылды робот:
– Сендер бүгін өте ақылды, ұйымшыл болдыңдар!
– Ауылды қауіпсіз, таза әрі жасыл еттіңдер.
– Мен сендерге «Ақылды бала» марапатын табыстаймын! (Мадақтау)
Қорытынды сөз
Тәрбиеші:
– Балалар,
Қауіпсіздік – тәртіптен басталады.
Тазалық – өзіңнен басталады.
Ақылдылық – білімнен басталады.
– Өз ауылымызды әрқашан таза, қауіпсіз әрі әдемі ұстайық!
– Сау болыңдар. Рахмет!

Тустикбаева Жанна Нуржакыповна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



"ҒАЖАЙЫП БІЛІМ ӘЛЕМІНЕ" САЯХАТ

(Ұйымдастылыған іс-әрекет)

Мақсаты: Оқу жылында 5 білім беру саласы бойынша меңгерген дағдыларын (3-ке дейін санау, сөйлеу, логика, шығармашылық және әлеуметтік бейімделу) ойын арқылы қорытындылау.

Қажетті құралдар: Интерактивті тақта, 1-ден 3-ке дейінгі сандар, "Сиқырлы қапшық", пішіндер, табиғат пен жағдаяттық суреттер, жапсыруға арналған ғарыш зымыранының макеті.

Кейіпкер: ЖИ кейіпкер “Зият”

І. Кіріспе бөлім (Ұйымдастыру және тосын сәт)

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, бүгін біздің тобымызға көптеген қонақтар келіпті. Олар сендердің қандай үлкен, ақылды бала болғандарыңды көруге келіп отыр. Кәне, бәріміз қонақтарға қарап, жақсы көңіл-күймен амандасайық.

Балалар (бірге шеңберде тұрып): Үлкендерге – сіз, Кішілерге – біз. Сәлем бердік сіздерге, Құрметпенен біз! Сәлеметсіздер ме!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Ал енді бір-біріміздің қолымыздан ұстап, тату шеңбер құрайық. Бүгінгі күніміз сәтті өтуі үшін бір-бірімізге жылы күлкімізді сыйлайық. *(Балалар бір-біріне қарап күлімдейді).*

Тәрбиеші: Балалар, байқадыңдар ма, сендер бір жыл ішінде біршама өсіп, бойларың ұзарып, көп нәрсені үйрендіңдер. Біз күзден бері қаншама ертегі оқыдық, сурет салдық, санауды үйрендік. Енді сендер ортаңғы топты аяқтап, ересектер тобына көшкелі жатырсыңдар! Осыған орай, мен сендерді «Ғажайып білім әлеміне» үлкен саяхатқа шақырғым келеді. Ол өте қызықты, түрлі құпияларға толы жұмбақ әлем. Саяхатқа шығуға дайынсыңдар ма?



Балалар: Иә! Дайынбыз!

(Осы кезде топтағы интерактивті тақтадан кенеттен беймәлім «пип-пип» деген ғарыштық сигнал дыбысы естіледі. Тақта өздігінен қосылып, экранда жұлдыздар жыпылықтай бастайды. Содан кейін жарқыраған виртуалды голограмма – ЖИ "Зият" пайда болады).



ЖИ "Зият" (экраннан, көңілді дауыспен): Сәлем, кішкентай зерттеушілер! Мені естіп тұрсыңдар ма?

Балалар (таңғалып): Сәлем! Иә!

ЖИ "Зият": Танысайық, менің есімім – Зият. Мен осы Ғажайып білім әлемінің бас күзетшісімін. Сендердің саяхатқа шыққалы жатқандарыңды менің сиқырлы радарларым сезіп қойды. Бірақ, достар, менің әлеміме кіру оңай емес!

Тәрбиеші: Зият, біздің балалар өте ақылды әрі батыл. Біз қандай қиындық болса да жеңуге дайынбыз. Солай ма, балалар?

Балалар: Иә!

ЖИ "Зият": Оны қазір тексереміз! Менің әлемімнің қақпасын ашу үшін сендер 5 түрлі сынақтан өтіп, 5 алтын жұлдыз жинауларың қажет. Әр жұлдыз сендердің бір жыл бойы қалай жақсы оқығандарыңды тексереді: санау, сөйлеу, тапқырлық, денсаулық және өнер. Барлық сынақтарды тәрбиешілерің жүргізеді. Егер барлық 5 жұлдызды жинасаңдар, қақпа ашылады. Мен сендерді мәреде, ең басты сыйлықпен күтемін! Сәттілік, кішкентай достар!

(Зият қол бұлғап өшіп қалады. Экранда бос 5 ұяшығы бар ғарыштық карта және бірінші аялдаманың суреті шығады).

Тәрбиеші: Мінекей, балалар, көрдіңдер ме? Зият бізге үлкен жауапкершілік артып кетті. Біз өзіміздің қаншалықты тапқыр, білімді екенімізді көрсетіп, 5 жұлдызды түгел жинауымыз керек. Бірінші тапсырмаға ұшамыз ба?

Балалар: Ұшамыз!

II. Негізгі бөлім (5 дағды бойынша саяхат)

1. «Таным» дағдысы бойынша (1-ші жұлдыз: Логика және математика)

Тәрбиеші: Балалар, экрандағы картаға назар аударайықшы. Біздің алғашқы бекетіміз – «Ақылды сандар» аралы екен. Зияттың бірінші сынағына дайынбыз ба?

Балалар: Дайынбыз!

Тәрбиеші: Ой, балалар, қараңдаршы! Бұл аралда қатты дауыл болып, барлық сандарды ұшырып, шашып тастапты. (Үстел үстінде шашылып жатқан 1-ден 3-ке дейінгі сандарды көрсетеді). Сандар өз орындарын таба алмай, қатты мұңайып қалыпты. Біз оларға көмектесуіміз керек. Кім маған сандарды ретімен орналастыруға көмектеседі?



(Балалар қолдарын көтереді. Тәрбиеші бір баланы тақтаға шақырады).
Тәрбиеші: Кәне, (Баланың аты), мына шашылған сандардың ішінен ең бірінші қай сан тұруы керек екенін тауып, тақтаға ілші.

(Бала 1 санын тауып іледі). Дұрыс! Ал енді қалған сандарды өсу ретімен қатарлап қойып шығайық.

(Бала 1, 2, 3, сандарын ретімен қояды).
Тәрбиеші: Тамаша! Ал енді бәріміз бірге дауыстап санайықшы: 1, 2, 3! Өте жақсы. Біз алға қарай санауды білеміз, ал енді кері қарай санай аламыз ба? Кім сандарды кері ретпен орналастырады?

(Келесі бала шығып, сандарды 3, 2, 1 ретімен тізеді. Топпен бірге кері санайды).
Тәрбиеші: Жарайсыңдар, сандар өз орындарын тауып қуанып қалды. Бірақ, балалар, бұл аралда тағы бір құпия бар сияқты. Қараңдаршы, мына жерде бір қапшық тұр! (Әдемі безендірілген "Сиқырлы қапшықты" қолына алады). Бұл жай қапшық емес, ішінде бірдеңе бар сияқты. Кім келіп, ішіндегі затты қарамай алып шығады?
(Бір бала келіп, қапшыққа қолын салып, допты алып шығады).
Тәрбиеші: Бұл не?

Бала: Доп.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасың. Ал бұл доп біз білетін қандай геометриялық пішінге ұқсайды?



Бала: Дөңгелекке.

Тәрбиеші: Керемет! Ендеше оны мына тақтадағы дөңгелек ұяшыққа салайық.

(Келесі бала шығып, ойыншық текшені (кубик) алады).

Тәрбиеші: Ал мына текше ше? Оның бұрыштары бар екен. Қандай пішінге ұқсайды?

Бала: Төртбұрышқа.

(Оны төртбұрыш ұяшығына салады. Үшінші бала үйдің шатыры пішінді ойыншықты алып шығады).

Тәрбиеші: Ал мына шатырдың неше бұрышы бар? Санайықшы... Бір, екі, үш! Демек, бұл қандай пішін?

Балалар (бірге): Үшбұрыш!

(Оны үшбұрыш ұяшығына орналастырады).
Тәрбиеші: Балалар, сендер қандай тапқырсыңдар! Сандарды да ретімен қойдыңдар, заттардың қандай пішінге ұқсайтынын да дәл таптыңдар.

(Осы кезде интерактивті тақтадан сиқырлы сыңғырлаған дыбыс шығады. Экрандағы бос картаның бірінші орнында алтын жұлдыз жарқырап жанады).

Тәрбиеші (қуанып): Алақай! Қараңдаршы, балалар! Біз бірінші жұлдызымызды жеңіп алдық. Зият біздің тапсырманы дұрыс орындағанымызды көріп тұр. Келесі аялдамаға баруға дайынбыз ба?

2. «Коммуникация» дағдысы бойынша (2-ші жұлдыз: Тіл дамыту)

Тәрбиеші: Балалар, бірінші жұлдызды сәтті қоржынға салдық. Енді алдымызда «Сөйлейтін суреттер» аялдамасы тұр. Зият біздің қалай әдемі, анық сөйлейтінімізді тексергісі келеді екен. Экранға назар аударайықшы.



(Экранда көктем мезгілінің әдемі суреті пайда болады: еріген қар, бәйшешектер, ағаштағы бүршіктер).

Тәрбиеші: Балалар, мына суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?
Балалар: Көктем!



Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Ал көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? Кім маған толық сөйлеммен әдемі етіп айтып береді?
(Балалар қол көтереді. Тәрбиеші бір баланы тұрғызады).
Бала: Көктемде күн жылынады. Қар ериді. Жерге бәйшешек гүлдейді.
Тәрбиеші: Өте жақсы! (Экрандағы сурет ауысып, түлкінің суреті шығады). Ал мынау



қандай жануар? Ол қайда өмір сүреді?
Бала: Бұл – түлкі. Түлкі – жабайы жануар, ол орманда өмір сүреді.
Тәрбиеші: Керемет! Сендер суреттерді шынымен де сөйлете алады екенсіңдер. Енді мен сендермен бір қызық сөздік ойын ойнағым келіп тұр. Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер оны аяқтайсыңдар. Мұқият тыңдаңдар! Дайынсыңдар ма?
Балалар: Дайынбыз!
Тәрбиеші: Аспанда ұшады...
Балалар: Құс! (немесе Ұшақ!)
Тәрбиеші: Суда жүзеді...
Балалар: Балық!
Тәрбиеші: Орманда қорбаңдап жүреді...
Балалар: Аю!
Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Сөзді қандай тез тауып айтасыңдар!
(Экраннан сиқырлы дыбыс шығып, картадағы екінші алтын жұлдыз жарқырайды).
Тәрбиеші: Алақай! Қараңдаршы, екінші жұлдызымыз жанды! Біз Зияттың бұл сынағынан да сүрінбей өттік.
Сергіту сәті (Дене шынықтыру үзілісі)
Тәрбиеші: Балалар, біз біраз жол жүрдік, кішкене шаршаған болармыз? Қараңдаршы, алдымызда үлкен биік тау тұр екен. Ол таудан асып өту үшін бізге көп күш керек. Кәне, бәріміз орнымыздан тұрып, бойымызды жазып, күш жинап алайық!
(Көңілді, ырғақты музыка қосылады. Тәрбиеші балалармен бірге ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді).
Орнымыздан тұрайық, (балалар орындарынан тік тұрады)
Қолды белге қояйық. (екі қолын беліне таянады)
Бір отырып, бір тұрып, (жүрелеп отырады, қайта тұрады)

Бойымызды созайық! (қолдарын жоғары созып, аяқтың ұшымен тік тұрады)
Тәрбиеші: Енді терең демалайық. Мұрнымызбен ауа жұтып, аузымызбен үрлейміз. Ух! (Терең тыныс алып, дем шығарады). Жарайсыңдар! Таудан да асып түстік, күш жинадық. Енді орындарымызға жайғасайық.

3. «Физикалық» дағды бойынша (3-ші жұлдыз: Дұрыс тамақтану және гигиена)

Тәрбиеші: Балалар, Зияттың үшінші сынағы біздің денсаулығымызға арналған. Алдымызға қарайықшы, мұнда екі себет тұр. Бірінші себетте қандай тістің суреті бар?

Балалар: Күліп тұрған!

Тәрбиеші: Иә, бұл тіс аппақ, сап-сау әрі көңілді. Ал екінші себеттегі тіс ше?

Балалар: Жылап тұр... Ол қарайып кетіпті.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Бұл тіс қатты ауырып, мұңайып қалыпты. Себебі ол пайдалы емес, зиянды тағамдарды көп жеген. Қазір біз мына үстел үстінде шашылып жатқан карточкаларды екі себетке бөліп салуымыз керек. Пайдалы тағамдарды күліп тұрған тіске, ал зиянды тағамдарды жылап тұрған тіске апарамыз. Кім маған көмектеседі?

(Бір бала шығып, үстелден алманың суретін алады).

Тәрбиеші: Сен қандай сурет алдың? Оны қай себетке саласың?

Бала: Мен алма алдым. Оны күліп тұрған тіске саламын, өйткені ол пайдалы. Оның ішінде дәрумендер көп.

Тәрбиеші: Өте дұрыс! (Келесі бала шығып, кәмпиттің суретін алады).

Тәрбиеші: Ал бұл қандай тағам?

Бала: Бұл – кәмпит. Оны жылап тұрған тіске саламын. Кәмпитті көп жесе, тісіміз құрттап ауырады. Бұл – зиянды.

(Осылайша балалар кезекпен шығып, сәбіз бен сүтті күліп тұрған тіске, ал чипсы мен газдалған суды жылап тұрған тіске салып, себебін түсіндіреді).

Тәрбиеші: Тамаша, балалар! Сендер денсаулыққа не пайдалы, не зиян екенін өте жақсы біледі екенсіндер. Тістеріміз әрқашан сау болуы үшін біз тағы не істеуіміз керек?

Балалар: Тісті жуу керек! Тазалап журу керек!

(Интерактивті тақтадан қайтадан сиқырлы сыңғырлаған дыбыс естіледі. Картадағы үшінші алтын жұлдыз жарқырап жанады).

Тәрбиеші (шапалақтап): Қараңдаршы! Үшінші жұлдызымыз да жанды! Біз мақсатымызға жақындап қалдық, алға қарай жүрейік!

4. «Әлеуметтік» дағды бойынша (4-ші жұлдыз: Достық пен әдептілік)

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, бізде қанша жұлдыз болды? Санайықшы: бір, екі, үш! Біз өте жақсы келе жатырмыз. Енді төртінші жұлдызды алу үшін Зият біздің қаншалықты әдепті, қамқор және тату екенімізді білгісі келеді екен.

(Интерактивті тақтада бірінші сурет пайда болады: құмсалғышта екі бала бір ойыншыққа таласып, төбелесіп жатыр).

Тәрбиеші: Балалар, мына экрандағы суретке мұқият қарайықшы. Мына балалар не істеп жатыр?

Балалар: Олар төбелесіп жатыр. Ойыншыққа таласып жатыр.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Олар бір-бірімен ойыншық бөліскісі келмейді. Балалар, бұлай жасауға бола ма? Бұл дұрыс қылық па, әлде бұрыс па?

Балалар (бір ауыздан): Жоқ, болмайды! Бұл – бұрыс қылық, жаман әдет!

Тәрбиеші: Әрине, болмайды. Ойыншыққа таласпай, кезекпен ойнау керек. Ал енді екінші суретке назар аударайық.

(Экранда екінші сурет шығады: бір топ бала күлімдеп, үлкен конструктордан бірге үйшік құрастырып жатыр).

Тәрбиеші: Ал мына суреттегі балалар қандай? Олар не істеп жатыр?

Бала: Олар бірге ойнап жатыр. Үй құрастырып жатыр.

Тәрбиеші: Олар төбелесіп жатыр ма?

Балалар: Жоқ, олар тату, дос болып ойнап жатыр.

Тәрбиеші: Өте дұрыс! Бірге, тату-тәтті ойнаған қандай жақсы, иә? Біздің топтың балалары да осындай тату, бір-бірін ренжітпейді деп ойлаймын. Балалар, егер байқаусызда досымызды ренжітіп алсақ, біз қандай сиқырлы сөз айтуымыз керек?

Балалар: Кешіріңіз!

Тәрбиеші: Ал біреу бізге көмектессе немесе сыйлық берсе, қандай сөз айтамыз?

Балалар: Рақмет!

Тәрбиеші: Таңертең балабақшаға келгенде апайлармен қалай амандасамыз?

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Тәрбиеші: Керемет! Сендер нағыз әдепті, тәрбиелі бала екенсіңдер. Сиқырлы сөздерді де ұмытпай, үнемі қолданып жүретіндеріңе сенімдімін.

(Экраннан тағы да сиқырлы дыбыс шығып, картадағы төртінші алтын жұлдыз жарқырайды).

Тәрбиеші (қуанып): Алақай! Төртінші жұлдызымыз жанды! Бізге енді небәрі бір ғана жұлдыз қалды!

5. «Шығармашылық»дағдысы бойынша (5-ші жұлдыз: Ұжымдық жұмыс)

Тәрбиеші: Балалар, міне, Зияттың ең соңғы, бесінші сынағына да келіп жеттік. Бұл сынақта біз өзіміздің өнерімізді, шеберлігімізді көрсетуіміз керек.

(Тәрбиеші мольбертке алдын ала ілінген үлкен ватман қағазын ашады. Онда ғарыш зымыранының тек сұлбасы (эскизі) ғана салынған, іші бос).

Тәрбиеші: Қараңдаршы, бұл не?

Балалар: Зымыран! Ракета!

Тәрбиеші: Иә, бұл – біздің "Ғажайып білім әлеміне" ұшатын көлігіміз – Білім зымыраны. Бірақ, ол ұшуға дайын емес сияқты. Оның терезелері, қанаттары, оттары жоқ екен. Бұл зымыранды әдемілеп, ұшуға дайындау үшін біз бәріміз бірге жұмыс істеуіміз керек. Үстел үстінде зымыранның бөлшектері жатыр. Кәне, бәріміз жайлап келіп, өз бөлшегімізді алып, зымыранға желімдейік.

(Балалар үстел жанына келеді. Үстелде алдын ала қиылған түрлі-түсті бөлшектер (дөңгелек терезелер, қызыл оттар, көк қанаттар) және желім жатыр).

Тәрбиеші (балаларға көмектесіп жүріп): Айдос, сен зымыранның қанатын жапсыршы. Ал, Аружан, сен терезесін қай жерге орналастырасың? Өте жақсы. Зымыран ұшуы үшін оның отын төменгі жағына желімдеу керек, кім маған көмектеседі?

(Балалар ұйымшылдықпен жұмыс істеп, әрқайсысы өз бөлшегін ұқыпты түрде желімдеп шығады. Фонда ақырын, көңілді музыка ойнап тұрады).

Тәрбиеші: Балалар, қандай тамаша! Қараңдаршы, біздің зымыран қандай әдемі, түрлі-түсті болып шықты! Бұл сендердің бірге, тату-тәтті жұмыс істегендеріңнің арқасы. Енді біздің зымыранымыз Ғажайып білім әлеміне ұшуға толық дайын!

(Осы кезде экраннан қаттырақ сиқырлы дыбыс шығып, бесінші алтын жұлдыз жарқырап жанады).

Тәрбиеші (қол шапалақтап): Алақай, балалар! Біз Зияттың барлық тапсырмасын орындадық! 5 жұлдыздың бесеуін де жинадық! Енді не болар екен, бәріміз экранға назар аударайықшы!

(Осы жерден бастап Қорытынды бөлімге, яғни Зияттың қайтадан шығып, қақпаның ашылуына ұласады).

III. Қорытынды бөлім (ЖИ мадақтауы және Рефлексия)

Тәрбиеші: Қараңдаршы, балалар! Біз 5 жұлдыздың барлығын жинап біттік! Қазір бір ғажайып болатын сияқты...

(Интерактивті тақтада жиналған 5 жұлдыз ортаға бірігіп, қатты жарқырайды. Жарқыл басылғанда, тақтада үлкен ғарыштық қақпа ашылады. Ішінен таныс ЖИ кейіпкері – "Зият" қайтадан көрінеді, оның жүзінде үлкен қуаныш).

ЖИ "Зият" (экраннан):

Жарайсыңдар, балалар! Мен таңғалып отырмын! Мен сендердің саяхаттарыңды басынан аяғына дейін бақылап отырдым. Сендер 1-ден 3-ке дейін мүдірмей санап, пішіндерді дәл таптыңдар. Сөздерді де өте анық, әдемі айтады екенсіңдер. Денсаулыққа не пайдалы, не зиян екенін ажыратып, бір-бірлеріңе қамқор, тату дос екендеріңді көрсеттіңдер. Ал бірігіп жасаған зымырандарың қандай тамаша! Ол тіпті менің ғарыш кememнен де әдемі болып шықты!

Сендер "Ғажайып білім әлемінің" барлық құпиясын аштыңдар. Енді мен сендерді келесі оқу жылында ересектер тобына қуана-қуана өткіземін! Сендерге арнап өзімнің ерекше "Ең ақылды бала" алтын медальдарымды жібердім. Оны қазір тәрбиешілерің табыстайды. Үнемі осылай білімге құштар болып, биіктерге ұмтыла беріңдер! Келесі кездескенше, сау болыңдар!

(Зият күлімдеп, қол бұлғап экраннан жоғалады. Экранда түрлі-түсті мерекелік отшашу (салют) атылып, көңілді әуен ойнайды).

Тәрбиеші: Міне, балалар, Зияттың өзі біздің білімімізге риза болды! Ал енді орындарымызға жайғасып, бүгінгі саяхатымызды еске түсірейікші. Біз бүгін қандай әлемге саяхат жасадық?

Балалар: Ғажайып білім әлеміне!

Тәрбиеші: Ол әлемге кіру үшін біз кімнің тапсырмаларын орындадық?

Балалар: Зияттың!

Тәрбиеші: Өте дұрыс. Ал қақпаны ашу үшін неше жұлдыз жинадық? Кім санайды?

Балалар (бірге): Бір, екі, үш, төрт, бес! Бес жұлдыз!

Тәрбиеші: Біз қандай тапсырмалар орындадық, кімнің есінде қалды?

Бала: Сандарды ретімен қойдық.

Бала: Жылап тұрған тіске кәмпит бердік, күліп тұрған тіске алма бердік.

Бала: Бәріміз бірге үлкен зымыранды жапсырдық!

Тәрбиеші: Қай тапсырма сендерге қатты ұнады? Ал қайсысы сәл қиындау болды?

(Балалар өз ойларын, әсерлерін кезекпен бөліседі).

Тәрбиеші: Сендер бүгін шынымен де керемет жұмыс жасадыңдар. Мен сендермен мақтанамын! Сендер барлық қиындықты бірге жеңіп, нағыз үлкен әрі ақылды бала болғандарыңды дәлелдедіңдер. Енді Зият жіберген сыйлықты қабыл алыңдар!

(Тәрбиеші әдемі қорапты ашып, ішінен алтын медальдарды шығарады. Әр баланың атын атап, оларға ЖИ атынан «Ең ақылды бала» алтын медальдарын тағады. Балалар қуанып, бір-біріне медальдарын көрсетеді).

Тәрбиеші: Ал енді, балалар, біздің ашық сабағымыз аяқталды. Қонақтарымызға біздің білімімізді тамашалағаны үшін рақмет айтып, қоштасайық!

Балалар (қонақтарға қарап):

Келгендеріңізге рақмет!

Сау болыңыздар!

(Көңілді балалар әні ойнап тұрады, тәрбиеші балаларды мақтап, топпен бірге келесі іс-әрекетке көшеді)

Супиева Салима Адилбековна
Тәрбиеші, педагог
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



БАЛАЛАРДАҒЫ СӨЙЛЕУ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Баланың сөйлеу тілі – оның тұлғалық, танымдық және әлеуметтік дамуының маңызды көрсеткіші. Сөйлеу арқылы бала өз ойын жеткізіп, қоршаған ортамен еркін қарым-қатынас жасайды, жаңа білімді меңгереді және қоғамға бейімделеді. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңде сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөлу қажет. Балалардағы сөйлеу бұзылыстарының алдын алу – ата-ана, тәрбиеші, логопед және медицина мамандарының бірлескен жұмысына негізделетін маңызды міндет.

Сөйлеу бұзылыстарының пайда болуына көптеген факторлар әсер етеді. Олардың қатарына жүктілік пен босану кезіндегі қиындықтар, тұқым қуалаушылық, есту қабілетінің бұзылуы, жүйке жүйесінің даму ерекшеліктері және баламен қарым-қатынастың жеткіліксіздігі жатады. Сонымен қатар қазіргі таңда балалардың телефон мен теледидар алдында ұзақ уақыт өткізуі де сөйлеу тілінің дамуын баяулататын себептердің бірі болып отыр. Сондықтан баланың күнделікті өмірінде жанды қарым-қатынас пен белсенді ойын әрекетіне басымдық беру қажет.

Сөйлеу бұзылыстарының алдын алу ең алдымен отбасынан басталады. Ата-аналар баламен жиі сөйлесіп, кітап оқып, ертегі айтып, сұрақтарына жауап беріп, оның пікірін тыңдауға уақыт бөлгені дұрыс. Мұндай қарапайым әрекеттер баланың сөздік қорын байытып, сөйлем құрау қабілетін дамытады. Баланың дұрыс дыбыстауына назар аударып, оны асықтырмай, сабырмен тыңдау да маңызды.

Балабақшада тәрбиешінің рөлі ерекше. Ұйымдастырылған оқу қызметінде тіл дамытуға арналған ойындар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, саусақ жаттығулары, тақпақтар мен сахналық көріністерді пайдалану балалардың тілін жетілдіреді. Сонымен бірге әр баланың сөйлеу ерекшелігін бақылап, қажет болған жағдайда логопед маманмен бірлесіп жұмыс жүргізу тиімді нәтиже береді.

Қорыта айтқанда, балалардағы сөйлеу бұзылыстарының алдын алу – баланың болашақтағы оқу жетістігі мен қоғамға бейімделуінің кепілі. Ерте жастан дұрыс ұйымдастырылған тәрбие, мейірімді қарым-қатынас және жүйелі дамыту жұмыстары арқылы әр баланың анық, сауатты әрі еркін сөйлеуіне мүмкіндік жасауға болады. Баланың бүгінгі анық сөзі – оның ертеңгі жарқын болашағының берік негізі.

Жумадилова Шынар Нарыновна
Тәрбиеші, педагог
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



«ПІШІНДЕР ӘЛЕМІ»

(Ұйымдастылыған іс-әрекет)

Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндерді таныстырып, оларды күнделікті өмірмен байланыстыру арқылы баланың танымдық қабілеттерін дамыту.

Міндеті:

1. Геометриялық пішіндердің түрлерін балаларға көрсету.
2. Пішіндерді дұрыс тануға және ажыратуға үйрету.
3. Балалардың ұқыптылық, тәртіп сақтау, қол мен көздің үйлесімділігін дамыту.
4. Балаларға топтық жұмыс арқылы өзара әрекет етуді үйрету.

Қимылмен шаттық шеңбері

Балалар шеңбер жасап тұрады. Мұғалім немесе жетекші әр пішіннің атымен айтылғанда қимыл жасауын сұрайды. Мысалы:

- «Дөңгелек!» – балалар қолдарын дөңгелек тәрізді айналдырады.
- «Тікбұрыш!» – балалар қолдарын тік бұрыштап қояды.
- «Үшбұрыш!» – қолдарын үшбұрыштың пішініне келтіріп ұстайды.

Мотивациялық кезең (5-7 минут)

Балалармен жылы қарым-қатынас орнату үшін қызықты сұрақтар қою:

- «Балалар, бүгін біз қандай пішіндермен танысамыз?»
- «Қандай пішіндерді білеміз?»

Сабақтың тақырыбын таныстырып, балаларға пішіндер әлеміне саяхат жасайтынымызды айтамыз. Балаларды қызықтырып, пішіндер туралы әңгімелеп, олардың арасында геометриялық пішіндердің қандай ерекшеліктері бар екендігін сұрау.

Негізгі бөлім

1. **Ойын 1: «Киіз үйге пирамидалар құрастырады»**. Балаларға пирамидалардан киіз үйдің құрылысын құрастыру тапсырмасы беріледі. Олардың әрқайсысы пирамиданың бөлек бөліктерін құрап, дұрыс орналастыруы тиіс.
   - **Мақсаты:** Балалар пішіндер мен олардың қасиеттерін түсінуге, дұрыс орналастыруға үйренеді. Сонымен қатар топтық жұмыс арқылы бірлескен әрекет жасауға дағдыланады.
   - **Құралдар:** Пирамидалар мен басқа да геометриялық пішіндер.
2. **Ойын 2: «Дарожкаға пирамидаларды ретімен қойып шығады»**. Балаларға берілген тапсырма бойынша геометриялық пішіндерден «дорожка» жасап, әрбір пішінді ретімен қою керек.
   - **Мақсаты:** Пішіндердің тәртібін сақтау және дұрыс ретпен орналастыру дағдысын қалыптастыру.

- **Құралдар:** Пластик немесе картоннан жасалған пішіндер.

3. **Тапсырма 1: «Торсықтың ішіне геометриялық фигураларды ретімен қояды»** Торсыққа геометриялық пішіндерді дұрыс орналастыру.

- **Мақсаты:** Балалар пішіндердің аттарын дұрыс айта отырып, оларды дұрыс ретпен орналастыруды үйренеді.
- **Құралдар:** Торсық және геометриялық пішіндер.

4. **Тапсырма 2: «Мысықты тамақтандыр»**. Қызыл мысыққа қызыл асықты, сары мысыққа сары асықты беру арқылы балалардың түс және пішіндерді сәйкестендіру қабілеттерін дамыту.




- **Мақсаты:** Балалар пішіндер мен түстерді сәйкестендіре отырып, оларды ажырата білуге үйренеді.
- **Құралдар:** Қызыл және сары асықтар, мысық бейнелері.

Сергіту сәті: «Бас, аяқ, тізе»

1. Балалар шеңберде тұрады немесе орындарында отырады.
2. Мұғалім немесе жетекші келесі қимылдарды сипаттап тұрады:
- **Бас** – басымызды оңға және солға бұрамыз.
- **Аяқ** – бір аяқпен алға бір қадам жасаймыз, кейін екінші аяқпен.
- **Тізе** – тізелерімізді жоғары көтеріп, төмен түсіреміз.

Әр қимылды музыка немесе ырғақпен жасауға болады, бұл балаларды сергітіп, сабаққа қайта көңіл қоюға көмектеседі.

3. Жаттығу кезінде әр қимылмен бірге балаларға қимылды дұрыс жасауға кеңес беріңіз:
- **Бас** – басымызды босаңсытып, артқа немесе алға бұрамыз.
- **Аяқ** – қадам басқанда денемізді түзу ұстауымыз керек.
- **Тізе** – тіземізді көтергенде қолымызды төмен түсіріп, баланс ұстаймыз.

Пішіндер арқылы бағалау:

Сабақтың соңында әр балаға түрлі пішіндер (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) мен түстер беріледі. Балалар осы пішіндерді сабақтың қандай бөлігі ұнағанына байланысты таңдай алады.

Дөңгелек – сабақты жақсы түсіндім.Үшбұрыш – мені қызықтырды, бірақ бірнеше нәрсе түсініксіз болды.Төртбұрыш – сабақты түсінбедім немесе қызықсыз болды.

Қорытынды: Балалармен өткізілген сабақтың соңында геометриялық пішіндер туралы қорытынды жасалады. Оқылған ойындар мен тапсырмалардың баланың танымдық дамуына және ұсақ моториканы дамытуға қалай әсер еткенін талқылап, балаларға өз ойларын білдіруге мүмкіндік бері

Қолданылатын құралдар: Геометриялық пішіндер (трикутник, квадрат, шеңбер, тік төртбұрыш).Пластик асықтар, торсық. Мысық бейнелері, түстері сәйкес келетін пішіндер.Қарапайым ойыншықтар (пирамидалар, фигуралар).

Нәтиже:

- Балалар пішіндермен таныса отырып, оларды бір-бірінен ажырата білу дағдыларын меңгереді.
- Топтық жұмыс арқылы балалар өзара қарым-қатынас жасауға және бірлескен іс-әрекетке үйренеді.
- Ойын барысында балалардың көңіл-күйі көтеріліп, сергіту сәті арқылы белсенділіктері артады

Байсакалова Гаухар Кайратовна
Дефектолог, педагог
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қоғам өміріне толыққанды бейімдеу мен сапалы білім алуына жағдай жасау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы нәтижесінде мұндай балалардың білім беру ұйымдарында оқу мүмкіндігі кеңейіп келеді. Осыған байланысты дефектолог маманының кәсіби қызметі ерекше маңызға ие.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оның танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жұмыс. Мұндай қолдау баланың әлеуетін ашуға, қоғамға бейімделуіне және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдаудың мәні

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға дамуында әртүрлі қиындықтары бар балалар жатады. Олар оқу материалын меңгеруде, қарым-қатынас жасауда немесе әлеуметтік ортаға бейімделуде қосымша қолдауды қажет етеді. Сондықтан білім беру үдерісі олардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

Дефектологтың рөлі

Дефектолог баланың даму ерекшеліктерін анықтап, түзету-дамыту бағдарламасын әзірлейді. Оның негізгі міндеттері:

- баланың даму деңгейін диагностикалау;
- жеке түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- сөйлеу, ойлау, есте сақтау және зейінді дамыту;
- ата-аналар мен педагогтерге кеңес беру;
- баланың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді жолдары

Қолдау жұмыстарының нәтижелі болуы үшін:

- жеке білім беру бағытын құру;
- ойын технологияларын пайдалану;
- арт-терапия, ертегі терапиясы және логопедиялық жаттығуларды қолдану;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу;
- ата-анамен тұрақты ынтымақтастық орнату;
- психолог, логопед, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісімен бірлескен жұмысты ұйымдастыру маңызды.

Қолдау жұмысының нәтижесі

Тиімді ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық қолдау:

- баланың оқу жетістіктерін жақсартады;
- сөйлеу және танымдық қабілеттерін дамытады;
- өзіне деген сенімділігін арттырады;
- әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді;
- инклюзивті ортада табысты білім алуына жағдай жасайды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау – сапалы білім берудің негізгі шарттарының бірі. Бұл жұмыстың тиімділігі дефектологтың кәсіби құзыреттілігіне, білім беру ұйымындағы мамандардың өзара ынтымақтастығына және ата-ананың белсенді қатысуына байланысты. Кешенді әрі жүйелі ұйымдастырылған түзету-дамыту жұмыстары баланың тұлғалық дамуына, білім алуына және қоғамға толыққанды бейімделуіне мүмкіндік береді.

Ахметкалиева Назира Балагазиевна
Қазақ тілі маманы, педагог
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ТІЛ ДАМЫТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының ең маңызды кезеңдерінің бірі. Дәл осы уақытта баланың ойлау қабілеті, танымдық белсенділігі, сөйлеу мәдениеті және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады. Тіл – баланың дүниені танып-білуінің, ойын анық жеткізуінің және қоғаммен еркін араласуының негізгі құралы. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдардағы тіл дамыту жұмысы тәрбие мен оқытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың тілдік құзыреттілігін дамытуға ерекше назар аударылуда. Балалардың сөздік қорын байыту, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру және ойын жүйелі жеткізуге баулу – педагог жұмысының маңызды міндеттері. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында заманауи педагогикалық технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану үлкен нәтижеге жеткізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тіл дамыту жұмысының маңызы

Тіл дамыту жұмысы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы негізгі бағыттардың бірі. Себебі баланың сөйлеу тілі оның ойлау қабілетімен, есте сақтауымен, қабылдауымен және

әлеуметтік қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Баланың сөздік қоры неғұрлым мол болса, соғұрлым өз ойын еркін әрі анық жеткізе алады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тіл дамыту жұмысы күнделікті оқу қызметі барысында ғана емес, ойын кезінде, серуенде, еңбек әрекетінде және балалардың өзара қарым-қатынасында да үздіксіз жүргізіледі. Мұндай жүйелі жұмыс балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, тілдік дағдыларын қалыптастырады.

Тіл дамыту жұмысының ерекшеліктері

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту жұмысы олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылады. Бұл кезеңде балалар көргенін, естігенін тез қабылдайды, сондықтан оқу қызметі көрнекілікке, ойын технологиясына және тәжірибелік әрекетке негізделуі тиіс.

Педагог әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың жаңа сөздерді меңгеруіне, сөздерді дұрыс қолдануына, толық сөйлем құрап сөйлеуіне жағдай жасауы қажет. Сонымен қатар балалардың бір-бірімен еркін сөйлесуіне мүмкіндік беру де маңызды.

Тіл дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Балалардың тілін дамытуда төмендегі әдістер кеңінен қолданылады:

- дидактикалық ойындар;
- сюжеттік-рөлдік ойындар;
- сурет бойынша әңгіме құрастыру;
- ертегі оқу және мазмұнын айтқызу;
- мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштарды қолдану;
- саусақ ойындары;
- мнемокестелер арқылы әңгімелеу;
- сұрақ-жауап әдісі.

Бұл әдістер балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сөздік қорын байытып, байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіреді. Әсіресе ойын технологиясы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең тиімді оқыту тәсілдерінің бірі болып саналады.

Педагогтың рөлі

Қазақ тілі педагогі – баланың тілдік дамуын ұйымдастырушы негізгі тұлға. Ол анық, сауатты және әдеби тілде сөйлеп, балаларға дұрыс үлгі көрсетуі қажет. Сабақ барысында әр баланың белсенді қатысуына мүмкіндік жасап, олардың ойын тыңдап, дұрыс бағыт беріп отырғаны маңызды.

Педагог оқу қызметін қызықты өткізу үшін көрнекі құралдарды, интерактивті ойындарды, ертегі кейіпкерлерін және шығармашылық тапсырмаларды қолданады. Мұндай жұмыстар балалардың тілге деген қызығушылығын арттырады.

Ата-анамен бірлескен жұмыс

Баланың тілінің дамуына отбасының ықпалы ерекше. Сондықтан балабақша мен ата-ана арасында тұрақты байланыс болуы қажет. Үйде кітап оқу, ертегі айту, баламен жиі әңгімелесу, оның сұрақтарына жауап беру және түрлі сөздік ойындар ұйымдастыру арқылы ата-аналар баланың тілдік дамуына үлкен үлес қоса алады.

Педагог ата-аналарға кеңестер беріп, баланың тілін дамытуға арналған тапсырмалар ұсынып отырса, жүргізілген жұмыстың нәтижесі әлдеқайда тиімді болады.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдағы тіл дамыту жұмысы – баланың жан-жақты дамуының маңызды бөлігі. Тіл дамыту арқылы баланың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу қабілеті, ойлау мәдениеті және қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады. Заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану, педагог пен ата-ананың өзара ынтымақтастығы баланың тілдік құзыреттілігін дамытуға және мектепке сапалы дайындалуына мүмкіндік береді.

Жакупакынова Жанар Косдаулетовна
Меңгеруші, басшы-ұйымдастырушы
ЖШС Дәркенбайұлы Байжұма атындағы "Ерсұлтан" бөбек-жай балабақшасы
Алматы облысы, Райымбек ауданы



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – КЕЛЕШЕК ҚОҒАМ ТӘРБИЕСІ

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымы бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше. Даму барысы: зердесін дамыту; эмоциясы мен сезімдерін дамыту; күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту; өзіне-өзінің сенімділігін, өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту; танымдық үрдісін дамыту; өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту; өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту.

Баланың бүкіл өмір бойында оның даму үрдісі жүреді. Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. 6 жастағы балалар заттарды түсіне, түріне, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған

бай тәжірибесін үйренуге талаптанады. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады.

Қазіргі таңда жеке тұлға қоғам үшін белсенді түрде, яғни аз уақытты қамтып, жоғары сапалы дәрежеде дамуы қажет. Сол себепті, бұл педагогикалық жүйені - дамыта оқыту дейміз. Дамыта оқыту жеке тұлғаның дамуына бағыт-бағдар беріп, белсенділігін арттырады.

Физиологиялық дамуда бала бойының өсуі, бұлшық еттің дамуы, салмақтың қосылуы, яғни дені сау, шыныққан, т.б. қорытындылар айтуға болады.

Қазіргі кездегі дамыта оқыту жүйесі балаға өз бетінше ойлана білуге, сырт ортамен қарым-қатынас жасауына ықпал етеді. Қарым-қатынас жасау барысында: жоспарлауға, мақсат қоя білуге, қойылған мақсат - міндеттерді жүзеге асырып, қорытынды жасай білуге дағдыланды. Міне, осындай «жүйелер арқылы өзіндік даму» жүзеге асады. Соның негізінде өзіндік талдау, жинақтау, өзіндік бағыт беру, өзіндік тәрбие, білім алу жүйелері қалыптасады.

Болашақта жақсы адам көп болсын десеңіздер, ұлттық тәрбиемізді балабақшадан бастайық – демекпін.Бұл күндері мектепке дейінгі ұлттық тәрбие үздіксіз білім берудің негізі ретінде қоғамның назарын аударуда.

Халқымыз ұлт мәдениетін, өнерін бай салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына орай қайта жаңғыртып дәуірлетіп, болашақ ұрпақты елінің ұлтжанды саналы азаматы етіп тәрбиелеудің қуатты құралына айналдыру бүгінгі таңдағы өзекті міндеттің бірі.

Халықтың әдет-ғұрыптың ырым-жоралғылардың бала тәрбиесіне тигізетін әсері, білім танымдық мәні зор.

В.Г. Белинский салт – дәстүрдің өміршеңдігі жөнінде: «Әдет – ғұрып өмір бойы сыннан өтеді, өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Онсыз халық бет-әлпетсіз бейне, болмыссыз тас мүсін тәрізді» деп киелі пікір айтқан.

Халқымыз ұлын кекілінен, қызын тұлымынан сипап, қолынан жетелей жүріп тіршілікке, алуан-алуан кәсіпке баулыған. Ал әжелердің аузында «Бесік жыры», отбасы, ошақ қасында «Шілдехана»тойланып, «Тұсау кесер»,«Тоқым қағар» жасалып, жеткіншектерді «Жұмбақ» айта ойланып, «Тақпақ», «Жаңылтпаш», «Санамақ» айтқызуға өмірдің өзі куә. Жалпы дәстүр ретінде: жасы кішілер үлкендердің атын атамай ата, әже,көке, әке деп сыпайы қарым-қатынасжасауы, үлкендердің алдын кесіп өтпеуі, үлкеннің тілін кішінің алуы,кішіге қамқор, ақылшы болуын атар едік. «Ат қою» рәсімі «Бесікке салу» той мен қатар жүргізіледі. Бесікке салудың алдында бесікті аластау, шырақ алып аластайды, бұл бәле-жаладан аулақ болсын дегені. Бала жастығының астына айна, тарақ, пышақ қояды. Бұл бұйымдардың өзіндік мәні бар, бала өткір де, батыл, батыр болсын өзіне келген жамандық атаулыны қиып түссін дегенді білдіреді .

Бала аяғын әлтек-тәлтек, былдыр-былдыр сөйлегенінен бастап, оған лайықты тәрбиелі өлең, тақпақ үйретіп, өлеңмен жұбатып, көңілін басқа жаққа аударып, мұнда ұйықтату, тыныштандыру ғана емес, баланың көңілін көтеру, түйсік сезімін ояту, басты мақсат көңілдендіру. Бұл мақсат «Қуырмаш», «Ақ білек», «Саусақ санамақ», «Бес саусақ», т.б. тақпақтар, өлеңдер арқылы жүзеге асырылады.

Қазақ халқының осындай салт-дәстүрін оқыту әдісінде, кеңінен қолданып,оны математика, еңбек, айналамен таныстыру, имандылық сабақтарында т.б тәрбие жұмыстарында ойын элементтері арқылы балаға меңгертуге, біртіндеп естеріне сақтауға мүмкіндік жасауға болады. Айналамен таныстыру сабағында бесіктің құрылысын түсіндіріп, «Бесік жырын» айтқызып мән-мағынасын түсіндіріп, ырымдарды айтқызып, мысалы: бесікті сатпа, бесікті ашық қалдырма т.б мағынасын түсіндіріп қамту тәрбиешінің ұйымдастыру қабілетіне, шеберлігіне байланысты.

Қазақ сөз өнерін қатты құрметтеген халық. Мұны «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Сөз сүйектен өтеді» деген сөздердің өзінен-ақ байқауға болады. Балаға сыпайылық мәнде жұмсалатын «Сіз», «Рахмет», «Кешіріңіз», «Өтінемін» т.б сөздерді үйретіп, әдетіне айналдыру тәрбиешінің міндеті.

Халық педагогикасының мақсаты – болашақ ұрпақты адамгершілігі мол инабатты, мейірімді, ізгілік қасиеттерді бойына сіңірген, өз ұлтын, халқын сүйетін азамат етіп тәрбиелеу.

Бұл міндетті жүзеге асыру отбасы мен мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің, баланың өсіп - өнер, қаз тұрып, қанат қағар ұясы, алтын бесігі балабақша деп есептеймін.

Туйлебаева Айсулу Умановна
Әдіскер, педагог-сарапшы
ЖШС “Бақыт” бөбекжай балабақшасы
Алматы облысы, Райымбек ауданы



ТӘРБИЕШІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ТӘРБИЕЛЕУШІ

Тәрбиеші – қоғамдағы ең қадірлі де жауапты мамандықтардың бірі. Ол – баланың өмір жолындағы алғашқы ұстазы, қамқоршысы әрі бағыт берушісі. Балабақшаға алғаш келген бүлдіршіннің бойындағы қорқынышты сейілтіп, оған сенім мен мейірім сыйлайтын да – тәрбиеші. Сондықтан тәрбиеші ең алдымен бала жүрегіне жол таба білетін, жан дүниесі бай, сабырлы әрі ізгі жан болуы тиіс. Балабақша – баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы кезеңде тәрбиешінің атқаратын рөлі ерекше. Ол тек білім беріп қана қоймай, баланың қауіпсіздігіне жауап береді, оның қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Әрбір ойын, сабақ және тәрбиелік іс-шара арқылы балалардың ой-өрісі кеңейіп, өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Баланың тұлға ретінде қалыптасуының негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланады. Осы маңызды уақытта тәрбиеші әр баланың бойындағы қабілетті байқап, оны дамытуға күш салады. Ол балаларды білім алуға қызықтырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, достық пен татулықты бағалауға тәрбиелейді.

Тәрбиеші күн сайын ізденіп, өз білімін жетілдіріп отырады. Қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеріп, оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолданады. Әр ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, мереке немесе шығармашылық жұмыс – баланың жан-жақты дамуына бағытталған үлкен еңбектің нәтижесі.

Тәрбиешінің ең басты серіктесі – ата-ана. Баланың тәрбиесінде отбасы мен балабақша арасындағы тығыз байланыс ерекше маңызға ие. Өзара сенім мен ынтымақтастық болған жағдайда ғана бала тәрбиесінде жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондықтан тәрбиеші ата-анамен үнемі байланыста болып, олардың пікірін тыңдап, бірлескен жұмыстар ұйымдастырады.

Тәрбиеші – тек маман емес, ол – мейірімнің, жанашырлықтың және адамгершіліктің үлгісі. Оның әрбір жылы сөзі мен шынайы қамқорлығы бала жүрегінде мәңгі сақталады. Бүгінгі бүлдіршіннің ертең елін сүйетін, білімді, мәдениетті, отаншыл азамат болып қалыптасуына тәрбиешінің қосар үлесі зор.

«Бала – болашағымыз» десек, сол болашақтың берік іргетасын қалайтын жан – тәрбиеші. Сондықтан бұл мамандық әрдайым құрметке лайық. Тәрбиешінің адал еңбегі, кәсіби шеберлігі мен шексіз мейірімі – ел болашағына қосылған өлшеусіз үлес. Ұрпақ тәрбиесіне бар жүрегімен қызмет етіп жүрген барлық тәрбиешілерге алғыс пен құрмет әрқашан жоғары болуы тиіс.

Орманова Гаухар Халеловна
Меңгеруші, педагог-модератор
ЖШС Халел Орманов атындағы «Гаухар» бөбек-жәй балабақшасы
Алматы облысы, Райымбек ауданы



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІ ҚОЛ ЕҢБЕГІНЕ БАУЛУ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу материалдарын шығармашылық іс-әрекетте пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Қайта өңделетін материалдарды қолөнер жұмыстарында қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін, ұсақ моторикасын, танымдық белсенділігін және еңбек дағдыларын дамыту жолдары сипатталады. Сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты қорғауға жауапкершілікпен қарау, қалдықтарды сұрыптау және ресурстарды ұтымды пайдалану туралы алғашқы түсініктерді қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Балабақша мен отбасының бірлескен іс-әрекетінің экологиялық тәрбие берудегі рөлі көрсетіліп, қайта өңдеу материалдарын жүйелі қолданудың оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыратыны ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан негізделеді.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі білім беру, экологиялық тәрбие, экологиялық мәдениет, қайта өңдеу материалдары, тұрмыстық қалдықтар, шығармашылық жұмыс, қол еңбегі, ұсақ моторика, танымдық даму, шығармашылық қабілет, еңбек тәрбиесі, табиғатты қорғау, балабақша, ата-анамен ынтымақтастық.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселесі бүкіл әлемде өзекті болып отыр. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы артып келеді. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу материалдарын шығармашылық жұмыстарда пайдалану.

Мектепке дейінгі жастағы балалар қоршаған ортаны бақылауға, зерттеуге және жаңа нәрселерді жасауға ерекше қызығушылық танытады. Сондықтан қағаз, картон, пластик бөтелкелер, қақпақтар, мата қиындылары, жіптер, табиғи материалдар сияқты қайта өңдеуге болатын заттарды қолөнер жұмыстарына пайдалану олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қол еңбегі барысында балалар әртүрлі материалдардың қасиеттерімен танысады, оларды салыстырады, пішіндейді, қиып, желімдеп, құрастырады. Мұндай жұмыстар балалардың саусақ бұлшықеттерін дамытып, ұсақ моторикасын жетілдіреді. Ал ұсақ мотриканың дамуы сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің және зейіннің қалыптасуына оң әсер етеді.

Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы орындалатын жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, үнемшілдікке және еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Өз қолымен жасаған бұйымның нәтижесін көрген балада еңбекке деген қызығушылық артып, өзіне деген сенімділігі қалыптасады. Сонымен бірге табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау, қалдықтарды сұрыптау туралы алғашқы түсініктері дамиды.

Тәрбиеші бұл жұмысты балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыруы қажет. Қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, қарапайым және қауіпсіз материалдарды таңдап, әр жұмыстың тәрбиелік және дамытушылық мақсатын нақты белгілегені жөн. Сабақ барысында ойын технологияларын, көрме ұйымдастыруды, бірлескен шығармашылық жұмыстарды және ата-аналармен өткізілетін шеберлік сағаттарын тиімді қолдануға болады.

Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы экологиялық тәрбиенің нәтижелілігін арттырады. Ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылатын «Екінші өмір сыйлайық», «Қалдықсыз шығармашылық», «Ғажайып қолөнер» сияқты көрмелер мен байқаулар балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, отбасы мүшелерінің де экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта келгенде, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу материалдарын мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану балаларды қол еңбегіне баулудың, шығармашылық қабілеттерін дамытудың және экологиялық мәдениетін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Мұндай жұмыстар арқылы тәрбиеленушілер еңбекке құрметпен қарауды, табиғатты аялауды, заттарды ұқыпты пайдалануды және өз қолымен пайдалы бұйымдар жасауды үйренеді. Сондықтан қайта өңдеу материалдарын қолдануға негізделген шығармашылық жұмыстарды балабақша тәжірибесінде жүйелі түрде ұйымдастыру бүгінгі күннің маңызды педагогикалық міндеттерінің бірі болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы. – Астана, 2021.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі. Қазақстан Республикасының 2021–2025 жылдарға арналған экологиялық білім беру және ағарту жөніндегі іс-шаралары. – Астана, 2021.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы редакциясы. – Астана, 2022.

5. Смагулова А.К., Иманбаева С.Т. Мектепке дейінгі педагогика: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2021. – 256 б.

6. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: оқу құралы. – Алматы: Рауан, 2020. – 384 б.

7. Montessori M. The Montessori Method. – New York: Dover Publications, 2019. – 416 p.

8. UNESCO. Education for Sustainable Development: A Roadmap. – Paris: UNESCO Publishing, 2020.

9. UNICEF. Early Childhood Development and Education. – New York: UNICEF, 2021.

10. OECD. Education at a Glance 2023: OECD Indicators. – Paris: OECD Publishing, 2023.

Орманова Куралай Халеловна
Әдіскер, педагог-сарапшы
ЖШС Халел Орманов атындағы «Гаухар» бөбек-жәй балабақшасы
Алматы облысы, Райымбек ауданы



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ: БАЛАЛАРДА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

(Жоба жұмысы)

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық тәрбиенің мәні ашылады. Негізгі назар табиғатқа жанашырлық, күнделікті әдет, қауіпсіз мінез-құлық және ұжымдық жауапкершілікке аударылады. Әдіскер тұрғысынан жоспарлау, кіріктірілген әрекет, серуен кезіндегі бақылау, шағын тәжірибе және отбасы қатысуы жүйеленеді. Ұсыныстар баланың жас ерекшелігін сақтап, ойын арқылы іске асады. Нәтижесінде бала ресурсқа ұқыпты қарап, тірі ағзаға зиян келтірмеуді саналы түсінеді. Ұйымдық модель нақты көрсеткішпен бақылауға мүмкіндік береді.

Экологиялық тәрбие мектепке дейінгі кезеңде басталса, мінезге тез орнығады. Бала табиғатты көріп қана қоймай, оған жауапты әрекет жасайды. Балабақшадағы күн тәртібі әдет қалыптастыруға қолайлы орта береді. Әдіскер оқу-тәрбие үдерісін жоспарлап, мазмұнды әр салаға кіріктіреді. Тәрбиеші үлгі көрсетіп, баланың сұрағына сабырмен жауап береді. Мақсат – қамқорлық сезімін жүйелі тәрбиелеу және тұрақты дағдыға айналдыру. Бұл жұмыс мектепке дейінгі құндылықтарды нақты әрекетпен бекітеді. Табиғатқа жанашырлықтың психологиялық негізі Эмоциялық байланыс экологиялық ұстанымның бастауы Бала табиғатпен жақындасқанда, жанашырлық сезімі күшейеді. Серуенде тәрбиеші дыбысқа, иіске, түске назар аудартқызады. Бақылау сұрақпен басталып, нақты қорытындымен аяқталады. «Жапырақ неге сарғайды?» деген сұрақ ойлануға итермелейді. Бала жауапты бірге іздейді, қателессе қорықпайды. Әдіскер жыл мезгіліне сай тақырыптық жоспар ұсынады. Онда өсімдік, жануар, су, ауа туралы ұғымдар біртіндеп күрделенеді. Эмоцияны бекіту үшін ертегі, өлең, сурет қолданылады. Сондықтан гүл суару, жем шашу, ұя жасау тапсырмасы кезекпен беріледі. Осы әрекет баланың «мен пайдалы істедім» сенімін қалыптастырады. Топта «табиғат бұрышы» күтім талап етеді. Балалар күн сайын өзгерісті байқап, қысқа пікір айтады. Тәрбиеші жануарға жанасу ережесін түсіндіреді, қол жуады. Осындай тәртіп аяушылықты нығайтып, өзін ұстай білуге үйретеді. Экологиялық әдеттерді күнделікті өмірге енгізу Қамқорлық сезімі тұрақты әдетке айналмаса, тез ұмыт болады. Балабақшада тұрмыстық қадамдар үлкен нәтиже береді. Әдіскер топ бөлмесінде су үнемдеу, жарықты сөндіру, қоқысты бөлу ережесін көрнекілейді. Тәрбиеші әр ережені әрекетпен көрсетеді және қысқа сөзбен бекітеді. Балаларға бір міндет берілсе, жауапкершілік күшейеді.

Мысалы, «су күзетшісі» кранды тексереді, «тазалық досы» қағазды жинайды. Әр рөл аптасына ауысады, сонда әділдік сақталады. Күн соңында шағын әңгіме жүргізіледі, балалар не істегенін айтады. Әдет қалыптастыруға үш тәсіл тиімді, олар төменде берілген:

• Ресурсты үнемдеуді ойын белгісі арқылы күн сайын бекітеміз.
• Қайта қолданылатын затты танып, оны қалдықтан ажыратуды үйретеміз.
• Табиғи материалды жинағанда орын қалдыру ережесін әрдайым сақтаймыз.

Ереже жазалау үшін емес, ортақ қамқорлық үшін енгізіледі. Топта қалдықты бөлуге арналған үш жәшік жеткілікті. Балалар түсті белгімен шатаспай, тез бағдарланады. Апта соңында қоқыс көлемі салыстырылады, қорытынды айтылады. Бұл бақылау үнемдеу идеясын нақты және түсінікті етеді. Танымдық зерттеу және тәжірибе Зерттеу ойыны мен шағын тәжірибе арқылы түсіндіру Баланың сұрағы көп болған сайын, экологиялық ойлау жанданады. Осыны қолдау үшін қысқа тәжірибелер керек. Әдіскер қауіпсіз материал тізімін бекітіп, сабаққа дейін дайындайды. Мысалы, суға құм қосып сүзу арқылы тазарту ұғымы түсіндіріледі. Бала нәтиже көрсе, себеп-салдарды жеңіл ұғынады. Тәрбиеші әр тәжірибені үш қадаммен жүргізеді: болжам, әрекет, қорытынды. Тілдік жұмыс міндетті жүреді, бала жаңа сөзді сөйлемде қолданады. Тәжірибе ұзаққа созылмайды, шаршау пайда болмайды. Серуенде топырақ ылғалын салыстыру сияқты зерттеу өткізіледі. Балалар бақылауды суретпен немесе белгімен тіркейді. Бұл тәсіл деректі ойлау мен жауапкершілікті қатар өсіреді. Шағын жоба әдісі де нәтиже береді. Балалар «таза аула» тақырыбында плакат дайындай алады. Әр бала бір белгі салып, оны неге таңдағанын түсіндіреді. Осы жұмыс ортақ мақсатқа қызмет етеді және сөздік қорды ұлғайтады. Сабақта шағын «экобелгі» ойыны өткізіледі. Балалар таңбаны көріп, мағынасын қысқа айтады. Қай белгі қауіпсіздікке қатысты екенін бөліп көрсетеді. Кейін олар өз белгісін қағазға сызып, түсіндіреді. Бұл тапсырма ақпаратты тез тануға көмектеседі. Сонымен бірге жауапты таңдауды күшейтеді және ойды жинақтайды. Қоғамдық тәжірибе және ата-анамен серіктестік Ұжымдық іс-әрекет арқылы жауапкершілік қалыптастыру Экологиялық мәдениет ұжымда тез бекиді, өйткені бала бірін-бірі көреді. Балабақша ауласында шағын бақша бұрышы ұйымдастырылса, нәтиже айқын болады. Әдіскер экологиялық күнтізбе жасап, іс-шараны шамадан асырмайды. Тәрбиеші міндетті қауіпсіздік нұсқаулығын алдын ала түсіндіреді. Жұмыс соңында балалар нәтижені көріп, мақтаныш сезінеді. Топта ортақ ереже бекітіледі: тіріге зиян жоқ, қоқыс жерде жатпайды. Әр балаға қысқа міндет беріледі, ауыр жұмыс жүктелмейді. Іс-әрекеттен кейін талқылау жүргізіледі, «не өзгерді?» деген сұрақ қойылады. Осы талқылау бақылауды дамытады және жауапты шешімге үйретеді. Ұжымдық мәдениетке ойын формасы күш береді. Мысалы, «жасыл патруль» белгісімен балалар аулаға шолу жасайды. Тәрбиеші бір баланы емес, бүкіл топты мақтайды. Сондықтан қамқорлық ортақ міндет ретінде қабылданады. Отбасылық қолдау және бағалау мәдениеті Бала балабақшада үйренгенін үйде бекітсе, дағды тұрақтанады. Сондықтан әдіскер ата-анамен жұмыс жоспарын нақтылайды. Қысқа жадынама дайындалып, үйде орындалатын әрекет ұсынылады. Мысалы, дүкенге мата дорба алу, суды өлшеп пайдалану, қағазды бөлек жинау. Ата-анаға баланы кінәламау қағидасы түсіндіріледі. Үлкендер үлгі көрсетсе, бала қарсы келмейді. Бағалау барысында жарыс емес, ілгерілеу өлшенеді. Әдіскер бақылау парағын қолданады, онда үш белгі жеткілікті: «біледі», «орындайды», «түсіндіреді». Тәрбиеші баланың сөзін тыңдап, қысқа кері байланыс береді. Мерекеде экологиялық тақырыпты өнермен біріктіру пайдалы. Ән, көрініс, көрме арқылы бала мәнді ойды айтады. Осы серіктестік баланың қамқорлық сезімін әлеуметтік құндылыққа айналдырады. Жұмысты портфолиомен толықтыру тиімді болады. Баланың суреті, бақылау парағы және шағын әңгімесі жинақталады. Ата-ана баласының өзгерісін көріп, қолдауын күшейтеді. Әдіскер топ тәжірибесін жыл соңында талдап, келесі жоспарды дәлдейді. Үйде орындалатын тапсырма қысқа және түсінікті болуы керек. Мысалы, бала бір күнде қанша су ішкенін белгілейді. Келесі күні кранды артық ашпауға саналы тырысады. Қағазды бөлек қорапқа салып, себебін айтып береді. Отбасы бірге қорытынды жасап, бір мақсат қояды. Осындай микропаузалар дағдыны бекітіп, сенімді арттырады.

Қорытынды

Экологиялық тәрбие мектепке дейінгі ұйымдағы күнделікті өмірмен тікелей байланысады. Эмоциялық жақындасу табиғатқа жанашырлықтың негізін қалайды. Тұрмыстық әдеттер ресурсқа ұқыпты қарауды бекітеді. Шағын тәжірибе себепсалдарды түсіндіріп, зерттеушілік қызығуды арттырады. Ұжымдық іс-әрекет жауапкершілікті күшейтеді және ортақ ережені орнықтырады. Отбасымен бірлескен қолдау нәтижені ұзақ сақтайды. Әдіскер бақылауы тұрақты болса, тәрбие жұмысы нақты әрі өлшенеді. Осы бағыттар жүйелі орындалса, бала қоршаған ортаға қамқор болуды саналы таңдайды.

Маркабаева Молдир Сенбиевна
Логопед, педагог
"Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ЛОГОПЕДТІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуда логопедтің қолданатын тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады. Балалардың дыбысты дұрыс айтуын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін жетілдіру және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы логопедиялық жұмыстың маңыздылығы айқындалады. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары, ұсақ мотериканы дамыту, ойын технологиялары, фонематикалық естуді жетілдіру сияқты заманауи тәсілдердің түзету-дамыту жұмысының тиімділігін арттырудағы рөлі сипатталады. Сонымен қатар логопед пен ата-ананың өзара ынтымақтастығының баланың сөйлеу тілін қалыптастырудағы маңызы көрсетіліп, кешенді логопедиялық жұмыстың мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуына оң ықпал ететіні ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан негізделеді.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі білім беру, логопед, сөйлеу тілін дамыту, логопедиялық жұмыс, артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, ұсақ моторика, ойын технологиялары, фонематикалық есту, сөздік қор, коммуникативтік дағдылар, түзету-дамыту жұмысы, ата-анамен ынтымақтастық, мектепке даярлық.

Мектепке дейінгі кезең – баланың сөйлеу тілі қарқынды дамитын маңызды кезеңдердің бірі. Осы уақытта баланың дыбыстарды дұрыс айтуы, сөздік қорының молаюы, байланыстырып сөйлеуі және қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады. Кейбір балаларда дыбыс айту, сөзді дұрыс қолдану немесе сөйлем құрастыруда қиындықтар кездеседі. Мұндай

жағдайда логопедтің кәсіби көмегі баланың тіл кемшіліктерін дер кезінде түзетіп, оның мектепке дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Логопед жұмысының негізгі мақсаты – баланың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетіп қана қоймай, оның танымдық белсенділігін, өз ойын анық жеткізу дағдыларын дамыту.

Қазіргі логопедиялық тәжірибеде баланың жас ерекшелігіне сәйкес тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану жоғары нәтиже береді.

Ең алдымен артикуляциялық жаттығулардың маңызы зор. Бұл жаттығулар тіл, ерін және жақ бұлшықеттерін жетілдіріп, дыбыстарды дұрыс айтуға дайындайды. Сабақ барысында «Тостағанша», «Саңырауқұлақ», «Сағат», «Ат шабысы» сияқты жаттығуларды жүйелі орындау дыбыс қою жұмысын жеңілдетеді.

Тыныс алу жаттығулары да логопедиялық жұмыстың маңызды бөлігі болып табылады. Дұрыс тыныс алу сөйлеудің анық әрі ырғақты болуына ықпал етеді. Сабақтарда мақтаны үрлеу, сабын көпіршігін ұшыру, қағаз көбелектерді үрлеу сияқты ойын түріндегі тапсырмалар балалардың қызығушылығын арттырады.

Сөйлеу тілінің дамуында ұсақ моториканы жетілдіру ерекше орын алады. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, қол саусақтарының қимыл-қозғалысы мен сөйлеу орталығы өзара тығыз байланысты. Сондықтан саусақ жаттығулары, мозаика құрастыру, ермексазбен жұмыс, сурет салу және түрлі дидактикалық ойындарды қолдану тиімді нәтиже береді.


Ойын технологиялары мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Ойын барысында бала еркін сөйлейді, сөздік қорын толықтырады, сұрақтарға жауап беруге және өз ойын жеткізуге үйренеді. «Кім жылдам?», «Не өзгерді?», «Артық затты тап», «Сипаттап бер» сияқты ойындар сөйлеу белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Фонематикалық естуді дамыту жұмыстары дыбыстарды ажыратуға және дұрыс қабылдауға бағытталады. Бұл мақсатта дыбыстарды салыстыру, буындарды қайталау, сөздегі дыбыстың орнын анықтау сияқты тапсырмалар орындалады. Мұндай жұмыстар кейінгі оқу және жазу дағдыларының дұрыс қалыптасуына негіз болады.

Логопед жұмысының нәтижелі болуы үшін ата-анамен тығыз байланыс орнату маңызды. Сабақ барысында берілген жаттығуларды үй жағдайында қайталау, баламен күнделікті сөйлесу, ертегі оқу және сурет бойынша әңгіме құрату түзету жұмысының тиімділігін арттырады.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту – жүйелі әрі кешенді жұмысты қажет ететін үдеріс. Логопед заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, әр баланың жеке ерекшелігін ескерген жағдайда түзету жұмысының сапасы артады. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары, ойын технологиялары, саусақ моторикасын дамыту, фонематикалық естуді жетілдіру және ата-анамен бірлескен жұмыс баланың дұрыс сөйлеуінің қалыптасуына, мектепке жан-жақты дайындалуына және әлеуметтік ортаға бейімделуіне оң әсерін тигізеді.

Сулайманова Айгул Ниетбайқызы
Тәрбиеші, педагог
ЖШС Халел Орманов атындағы «Гаухар» бөбек-жәй балабақшасы
Алматы облысы, Райымбек ауданы



БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ

Мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлға болып қалыптасуының ең маңызды кезеңдерінің бірі. Осы уақытта баланың сөйлеу тілі қарқынды дамып, қоршаған ортаны тануы, ойын жеткізуі, қарым-қатынас жасауы қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі – балалардың сөйлеу тілін жан-жақты дамыту.

Сөйлеу тілі – баланың ойлау қабілетінің, танымдық белсенділігінің және әлеуметтік бейімделуінің негізі.

Тілі жақсы дамыған бала өз ойын анық жеткізіп, құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас жасай алады. Осы тұрғыдан алғанда, тәрбиеші әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың тілін дамытуға ерекше көңіл бөлуі қажет.

Балалардың сөздік қорын байыту күнделікті қарым-қатынас, дидактикалық ойындар, көркем әдебиет оқу, сурет бойынша әңгіме құрастыру, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды пайдалану арқылы жүзеге асады. Әсіресе, сюжеттік-рөлдік ойындар балалардың еркін сөйлеуіне, өз ойын жүйелі жеткізуіне және сөздерді дұрыс қолдануына ықпал етеді.

Көркем әдебиет шығармаларын оқу да сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Ертегілер, әңгімелер мен өлеңдер арқылы балалар жаңа сөздерді меңгеріп, сөздік қорын толықтырады, сөйлем құрастыруға үйренеді және шығармашылық қиялы дамиды. Шығарма мазмұнын әңгімелету, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау, сахналау жұмыстары баланың байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіреді.

Тәрбиеші балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр баламен жеке жұмыс жүргізуі маңызды. Кейбір балалардың дыбыстарды дұрыс айтпауына немесе ойын толық жеткізе алмауына дер кезінде назар аударып, арнайы жаттығулар ұйымдастыру қажет. Тіл дамыту жұмыстары жүйелі әрі қызықты болған жағдайда ғана нәтижелі болады.

Баланың тілін дамытуда отбасының да рөлі зор. Сондықтан тәрбиеші ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, үй жағдайында кітап оқу, баламен әңгімелесу, тіл дамыту ойындарын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беріп отырғаны тиімді. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы баланың сөйлеу дағдыларының қалыптасуына оң әсер етед

Қорыта айтқанда, баланың сөйлеу тілінің дамуы – оның жан-жақты қалыптасуының маңызды көрсеткіші. Бұл үдерісте тәрбиешінің кәсіби шеберлігі, шығармашылығы және балаларға деген қамқорлығы ерекше орын алады. Заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту және тіл мәдениетін қалыптастыру – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі. Тіл байлығы мол, ойын еркін жеткізе алатын ұрпақ тәрбиелеу – әрбір тәрбиешінің маңызды мақсаты.

Журналдың құрылтайшысы және иесі:
«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығы.

Учредитель и собственник журнала:
Научно-методический центр «KEMENGER», относящийся к индивидуальному предпринимателю «BAYANDY».

The founder and owner of the magazine
is the Scientific and Methodological Center "KEMENGER", which belongs to the individual entrepreneur "BAYANDY".

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің анықтығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.

Dear readers and authors!
The materials published in the journal do not reflect the editorial board's point of view. The authors are responsible for the accuracy of facts and information in publications, as well as for stylistic errors.
Reprinting of materials published in the journal is allowed only with the consent of the editorial board.

Мекенжайы:
100012, Қарағанды қ.,
Н. Назарбаев даңғ., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303

Наш адрес:
100012, г. Караганда,
пр. Н. Назарбаева, 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303

Address:
100012, Karaganda,
N. Nazarbayev Ave., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Instagram: kemengerustaz.kz
Website: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303

Басуға 04.08.2026 ж. қол қойылды.

Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 26. RISO басылым.
Таралымы - 50 дана.

«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығының полиграфиялық қызметтер бөлімінде басылып шығарылды.

Подписано в печать 04.08.2026 г.

Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 26. Печать RISO.
Тираж - 50 экз.

Отпечатано в полиграфическом отделе НМЦ «KEMENGER» ИП «BAYANDY».

The press was signed on 04.08.2026.

Format 60*90 1/8
USL.patch.L. - 26. Seal...
Circulation-50 mkbz.

Published in the Department of printing services of the scientific and methodological Center "KEMENGER" under the private enterprise "BAYANDY".

QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.
Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.
You can contact us directly by scanning the QR code.

JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY



Ахмет Байтұрсынов



Ыбырай Алтынсарин

Мұғалім – ұлттың болашағын қалыптастырушы ең басты тұлға.
Ол тек білім беріп қана қоймайды, жас ұрпақтың жүрегіне ізгілік егіп, ақылына жол көрсетеді. Шын ұстаз әр оқушының жан дүниесін тануға тырысады, сол арқылы оның бойындағы қабілетті оятады.

Ұлтты тәрбиелеу – ұстаздан басталады.
Білімді де, білікті, рухы мықты мұғалім ғана жарқын болашақтың іргесін қалайды.

"Мектептің жаны – мұғалім" десек, қоғамның жаны – ұстаздың жүрегінде!

Мұғалім – болашақты бүгін қалыптастыратын тұлға.
Оның әрбір сөзі бала санасында ұрпақтың іргетасына айналады.Ұстаз білім береді, жүрек тәрбиелейді, арманға жол ашады.
Болашақтың жарықтығы – бүгінгі ұстаздың алау жүрегінде!

QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.
Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.